



- ✓ *Көз жасы*
- ✓ *Өмірзая*
- ✓ *Ақпан қария*
- ✓ *Сұмырай*
- ✓ *Кепиет*
- ✓ *Шөлмек сынған күн*
- ✓ *Домбас*
- ✓ *Түс*
- ✓ *Жұртта қалған қазына*
- ✓ *Қасиет*
- ✓ *Қасқырлар*
- ✓ *Әл Мұқри, алты қыз
және Маша апай*
- ✓ *Тас мүсін*
- ✓ *Алмағайып*
- ✓ *Балайым*

Жанболат Башар

Келісет


Астана-2014

УДК 821.512.122-3
ББК 84 (5Қаз)7-44
Б 30

Жанболат Башар.
Б 30 Кеңіет: әңгімелер жинағы / Ж.Башар – Астана:
ПрофиМедиа, 2014. – 194 бет.

ISBN 978-601-7524-30-2

Жазушы Жанболат Башардың бұл кітабы адам, қоғам, өмір қатынастары туралы сыр шертеді. Жинаққа енген әңгімелері қызықты оқиғаларымен, шұрайлы тілімен оқырманды тәнті етеді. Мұндағы айтылар ойдың темірқазығы – ел мен жерге, туған тілге деген адалдық, адами асыл қасиеттерді бағалау, соның қасиеті мен киесін ұғыну.

Кітап қалың оқырманға арналған.

УДК 821.512.122-3
ББК 84 (5Қаз)7-44

ISBN 978-601-7524-30-2

© Башар Ж., 2014
© Профи Медиа, 2014

КӨЗ ЖАСЫ

Жайма шаяқ жаз айы. Шағын ауылдың ішін ерсілі-карсылы шаңдапты жүрттен қоратты көк машина әлібір көше қиылысына жете беріс кінт тоқтады. Ка-бинада отырған екі жігіт көшеінің арғы басында келе жатқан жас қыздан көз алмай қапап қатан. Қауылыта алғандары соған ұқсайды.

— Әне, әне! Қарапшы! Мен іздеген қыз, өзі келе жатыр! — деді жерден жеті қоян тапқандай ләңгіре сойлеткен қараторы кексе жігіт. қуанғаны сонша ролде отырған серітін нығынан бір нұқын жіберді.

— Қара, қара! — деді ол екпінін баса алмай, құстын қауырсынындай үнілідеп келе жатқан жас сұлуға жа-нары байланып.

— Жолымыз болды деген осы. Сауабаһ! — деді ол жүргізуші досына бұрыла сөйлеп. — Машинаға мінігізу маған серт, ауылға жеткізу сенің мойнында. Ал, да-нында! Аттын басып бұрып, қамшы басуға әзірлен!

Осыны айттып болғанша қыз да қол созып жерге жақылап қалған. Сол сәтте «іске сәт!» деп машина-дан жылап түскен әлі жігіт қызға қарсы жүрді.

— Лай, шіркін! Өз көзіме өзім сенбей тұрмын, Айтолқын, сенбісің? — деді. Мына лауысқа жалт қараған қыз ордандап алдынан шыққан тығыз денелі, ішіт-жет көз алап емес. Күн қатып, жел кемірген кескіні де соғудай қара скен.

— Бәрекеңді, танымадың ба? Мен Әлі ғой. Сәбітайбек, Айсұлу деген әпке-жездең есіңде ме? — деді. Сонда ғана қыздың оңи жылынып, қорқып қалғанын жасыра алмай:

– Аға, мен сізді мүлде танымай қалдым, кешіріңіз, – деп ақталғандай болды.

– Оқасы жоқ. Біз деген ауыл адамы, күнде көрмеген кісі тосаңсиды, – деп қыздың алды артын орап, күле сөйлеп:

– Мен үйлеріңді ұмытып қалыппын. Әйтеуір, бір келгенім есімде, осы маңда шығар деген жоба ғой. Коп болды. мұнда ат ізін салмағаныма, жұмыспен жүр едік. Құда мен құдағиға сәлемдесейін дегем. Құр амандық, басқа шаруа жоқ, – деп жан-жағына қарап, колын сермеп, даусы құбылып, желпіне, даурыға сөйледі.

– Онда үйге бара беріңіздер. Папам да, мамам да үйде. Мен дүкенге шыққан едім. Қазір келемін. Біздің үй анау сұр шатырлы, мына қатардағы үшінші үй, – деді даусы сыңғырлай сөйлеген қыз, әлгінде өзі келген жақтағы қатар түзеген үйлерді нұсқап. Жігіт те қыздың сөзін іле жөнеліп:

– Сені тоса тұрайық, Айтолқын. Бірге барамыз, асығыс емеспіз, – деді қыз алдында әрі ұстамды, әрі сыпайы көрініп.

– Онда өздеріңіз біліңіздер, – деп қыз енді бұрыла бергенде:

– Айтолқын, қайда кеттін, машинаға мінсейші. Шаңдатып жаяу жүресің бе?! – деді сөзі де, өзі де салмақты көрінген ол, «Машинамен тез барып келесің», – деп қамқорсып, қызды арбағандай болған. Оның үстіне, қалтасынан темекі алып шылымын тұтатып жатты. Қимылы мен сөзіне қарағанда озі машиннаға мінбейтін секілді, солай екен деп қалған Айтолқын сәл бөгеліп барып, «жарайды, болса-болсын, онда тез барып келейік» деп машина кабинасына отыра кетті. Осы сәтті тосып тұрған Әли де қызды өкшелей келіп кабинаға жармасты.

– Ой, Айтолқын, кездескенің қандай жақсы болды! – деп, өзімси сөйлеп, қызды жанамалай шайы көйлсктің

етегін баса қонжиган ол, көзі ұшкын атып, жүргізуші досына «бас қамшыны» дегендей белгі берді.

– Қалай, Айтолқын, оқуың бітті ме? – деп қыздың танырқауға да, күдіктенуге де шамасын келтірмей лепіріп келеді.

– Иә, аға, оқуым біткен. Қыркүйектен бастап жұмысқа кірісемін.

– Жұмыс деген жақсы ғой, тұрмысқа шығу ойыңда бар ма? – деді ол әлгіндегі сыпайы қалпын жиып қойып, қызға сүйкене, қулана қарады. Мына сөзді көңіліне кіді алған қыз сәл тосылып үнсіз қалған. Сонда да сыпайылық сақтап:

– Әли аға, әзірге ондай ойым жоқ, бірер жыл ата-анама көмектесем, қалаға көшіріп алсақ деймін.

– Тосып жүрген біреуің бар шығар, сендей сұлу құдаша бізге де керек, – деп әңгіменің тұздығын қоюлатқан Әли, көмейін тескен мерездік ойын өзіңше жұмбақтай жөнелді. Мына сөз қыздың көңіліне тікенше қадалды, содан да болар, ол төңірегіне жалтақтап:

– Ағайлар, сіздер қайда барасыздар? Дүкен ана жақта қалды ғой...

Бұл уақытта бос қорабы даңғырлаған көк машина ауылдың иір-пір жолын қуалап келіп қырға, ұзын күрежолға бет түзеген.

Әли болса қыздың сұрағына жауап беруден жалтарып, ананы-мынаны айтып сырғыта берді.

Жігіттердің оспадар қылығына ренжи бастаған қыз:

– Бұларыңыз не? Қайда барасыздар? – деді. Осы сөзді естуі мұң екен Әли қыздың үлбіреген жүзінен көз алмай, жанары жымындап, күн қаққан қараторы өңіне күлкі жүгіріп:

– Айтолқын, жаным, мен сені алып қашу үшін келгем, басқа мақсатым жоқ, – деді өзінің әпербақан шартпа-шұрт мінезіне басып. Жігіттің мына сөзіне

сенер-сенбесін білмеген Айтолқын айналаға абдырай көз тастап:

– Қайда? Неге?! Қойыңызшы, – деп Әлиге жауандай қараған. Ол болса:

– Жігіт қызды не үшін алып қашады? Жар ету үшін. Сен енді менің нақсүйерім, жарым, әйелім боласың, кішкентай басыңа осы жетті ме? – деп жанары жасаурай бастаған қыздың зәресін одан әрі ұшыруда.

Мына сөзді естіген Айтолқынның құлағы шыңылдап кетті. «Шынында да, бұл не пәле?!»

– Мүмкін емес, – деді ол. – Әпкесім мен жездесім тұрғанда сіз олай жасай алмайсыз!

– Бірақ мен алып қаштым емес пе?! Енді табалдырық аттауың ғана қалды.

– Сауғабай, – деді ол жүргізуші жігітке бұрылып. – Сен қарап отырмай өлең айт. Той жырын айт. Аңыратып айт. Әли сері айдай сұлуды Айтолқынды алып қашып келеді деп сар даланы әнге бөле!

Ойын-шыны аралас әмір бере сөйледі.

Айтолқын болса мұның біріне де сенсе алар емес. Сенбейін десе ауылдан ұзап кетті. Сол-ақ екен, ойына қай-қайдағы келсін. Жүрегі тулап, бойын үрей алды. Өмірде мұндай құбыжықтың құрсауында кеткен арулар аз ба?!

– Жок! Жок! – деді ол шыңғыра дауыстап. – Сіз не деген адамсыз? Токта! Түсір, түсір мені!

Бұлқына тулап, ролге жармасты. Мұнысы Әлиге тіпті ұнап кеткен секілді, ол қызды айқара құшақтап, аяқ-қолын тырп еткізбей қолтығына қысып алды. «Басына нокта тимеген асау құлындар секілді не деген тентексің?» – дейді жанұшыра бұлқынған қызды біржола бауырына тартып, емірсіне қысып.

– Не деген тентек едің? – деп өзінше айналып, мекірсеніп келеді. Қыздың жылағанын, тулағанын еститін де, елситін де емес, меңірсу адам секілді

оның құлағына, «енді осы құшағымыз өлмей ажырамасын» деп сыбырлай сөйлеп, торғайдай бүріскен қызға біржола мәтіби болып алғандай. Өмірі мұндай гәпті көрмеген Айтолқынның жүрегі жылап, жаны жеркеніп, мына албасты құшактан шыға алмай бұлқына-бұлқына күші де қалмағандай, денесі ұйып, сүлесок күйге түсті.

Бұл кезде елсіз оңірге шығып кеткен көк машина боз көденің бетін ақ бөрте шаңмен кестелеп, белгісіз бағытка заулап келе жатты. Ұшы қиыры жоқ иен даланың көк жиекпен шендесер тұсында сағым ойнаған биік тау сілемдері көзге еміс-еміс байқалғандай. Дала жолының қалтарыс-бұлтарысына мәттакым болып алған жүргізуші жігіт коделі алқапты көктей өтіп, тақтайдай жолға түсті. Көзі күлімдеп аузы әннен босамай келе жатқан салпы ауыз, шойын кара ала ботен көңілді еді. Бірі тұнжырап, бірі меңірейген қыз бен жігітте оның шаруасы жоқ секілді. Сөйтсе де сол екеуінің көңілін аулағаны ма, қайдам, той жырын аңыратып келеді.

«Той үстінде тәтті күндер, тәтті күндер,

Жас жұбайлар шат күлiндер, шат күлiндер...»

Қыздың қабағы ауыр, жанарынан аккан жас көзінің бояуын жуып, жүзін айғыздап тастаған. Бір түрлі еңсесі езіліп, тауы шағылғандай. Өкірендеген Әлидің сөз түсінер халі жоқ секілді. Өзінен мүшелі жас үлкен бұ дүлейге қалай кез болғанын біле алмай дал. Осы мезетте алдарынан жалғыз киіз үй көрінді. Иен далада отырған малшы ауыл болса керек. Көк машина әлгі үйдің қатарына жете бере жүрісін жайлатып барып тоқтады. Шәу етіп үрген малды ауылдың маң тобеттері, жолаушыларға арпылдан үріп көлік үйдің қасына жетіп тоқтағанда «Осы да болар» дегендей жайларына кетті.

Жолаушылар «бұл кімнің ауылы болды екен» деп жан-жақты барлап есік алдында тұрып қалды. Қыз

болса көліктен жылдам түсіп, киіз үйге жүгірген бойы сүңгіп кетті. «Мына ауылдың адамдары араша түсер, алып калар» деген үміт сәулесі бойын билегендей. Мұны көрген үй иесі егде жастағы ашаңдау әйел үркіп қашқан еліктің лағындай бейтаныс қызға әрі танырқап, әрі шошына қарады.

– Төрге шық, қызым, аманшылық па? Қайдан жүрсіңдер? – деп қыз балаға назар аударғанша:

– Тәте-тай! Тәте-тай, мені құтқара көріңіз! Мені зорлықпен алып қашып келеді. Тәте-тай, құтқарыңызшы!.. Осыны айтқан қыз киіз үйдің ішіне жалт-жұлт қарап алды да, іргедегі көрпе-жастық жиналған темір кереуеттің астына тырмыса кіріп кетті.

– Астапыралла! – деді мұны көрген әйел адам. Қыз болса «Тәте-тай, айта көрмеңіз!» деп зар қағуда. Сөйткенше екі жігіт үйге кірді.

Екеуі түк болмағандай әуелі аман-саулықты сұрасты, сонан соң:

– Апай бір суық су болса таңдай жібітсек, жолда келе жатыр едік, – деді. Сөздері де, жүздері де қыздың зәре-құтын алардай емес. Дастарқанға жайғасқан жолаушыларға сусын ұсынған үй иесі:

– Жолдарын болсын, қарактарым, қай жақтан келесіңдер?

– Қарасудан келеміз, апай. Ауылға, Калининге жол тартып барамыз.

– Е, мына өзіміздің Калининді айтасыңдар ма? Онда кім боласыңдыр? – деді әйел адам жігіттерге әлі де сенімсіз секемдене қарап.

– Мен Ерден деген кісінің баласымын. Естуіңіз бар ма? – деді Әли үйдің ішін тінте қарап алып.

– Бәрекелді, мына өзіміздің Калининдегі май сата-тын Ерден ағадай ма? – деп әйел адам ескі танысын кездестіргендей бұларға еңсеріле бұрылды.

– Дәл өзі, апай, өзіңіз кім болдыңыз?

Бұлардың сұрағына жауап беруге асықпаған үй иесі, сусын құйған тостағанды Әлиге ұсынып жатып:

– Е, өзімнің бауырым екенсің қой, қарағым. Ерден ағаның балаларып жасырақ кездерінде көргем. Сен қай баласы боласың?

– Мен сол кісінің кіші ұлы Әли боламын, өзіңіз де біліп отырсыз.

– Бәлі, білмегенде, ертерек жылдары сіздердің үйімен біздің әкелеріміз жақсы араласып тұрған, онда сендер жас едіңдер, – деді ол дастарқанға нан, май қойып жатып. «Тамақ алыңдар» деп әңгімесін әрі жалғады.

– Е, одан бері талай уақыт болды ғой, ана жылдары совхоздар құрылғанда Ерскен ағалар Калининге көшті. Біз осында қалып қойдық. Сен онда бесалтыларда шығарсың. Білем, білем. Мен Ақшаның қызымын, осындағы жалғыз үй керейдің келіні – Майса деген апайың боламын, айналайын, өзімнің бауырым екенсің. Сусын алыңдар, – деп жігіттердің босаған тостағандарына қымыз толтырды.

Сусындарын ішіп болған жолаушы жігіттер шығуға беттеді.

– Ал, жақсы, апай, сау тұрыңыз, – деген Әли шұғыл бұрылып:

– Әлгі қызымыз қайда кетті? Ат-түйедей қалап әкеле жатқан қалыңдығым ғой, тәтесі-ау. Сіздей туысканымның үйіне келетінімді білгенде, құдай акы, келінді осында-ақ түсіретін едім, – деп әйел адамға кеккілдеп күлсін қараған.

– Бауырым-ау, өз ықтиярымен келе жатқан бала ма? Денесі дірдек қағып, жүрегі ұшып кеткелі тұр. Зорлап әкеле жатсаң обалына қалма, қарағым. Кімнің баласы өзі?

– Апатай, бірінші рет тұрмысқа шыққан қыз осындай болмағанда қандай болады. Әрине, қорқып келеді. Асылы, сіз ол жағын білмей-ақ қойыңыз. Жолда аздап ренжісіп қалған едік, тулап жүргені сол. Сұлуым, мына үйде сен тығылатын жер де жоқ екен, өзін келе бер, тәтесі жүрініз, – деп үй иесін сыртқа ертіп шыққан ол серігіне «әйелді алдандыр» дегендей белгі берді, сөйтті де өзі дереу киіз үйге жүгіре басып қайта кірді.

Бұл уақытта көрпе-жастық жиналған темір кереуеттің астына тығылған қыз, қолға түскен киіктің лағындай дірдектеп, бір шөкім болып бүрісіп жатқан. Әли сөзге келместен қызды темір төсектің астынан сүйреп шығарды. Темір кереуеттің жақтауы қыздың денесін оңдырмай сүріп кеткеніне де қарар емес.

Қыз болса «апатай, көмектесіңізші, жалынамын» ден ышқына, шыңғыра айғайлады.

Қыздың жанұшырған даусын естіген әйел адам үйге қарай тұра ұмтылған еді, жүргізуші жігіт оның жолын кескестеп:

– Тәтесі-ау, қайтесіз, өздері шешсін, – деп бөгей берген. Сөйткенше болған жоқ, қарулы жігіт қызды дедек қақтырып әкеліп, машинаға бір-ақ сұңгітті.

Сәлден кейін-ақ қыз алып қашқандар жолды-жолсызбен ауылдарына маңдай беріп, жүйткіп жөнелді.

Бұл уақытта ауылдағылар да келін әкеле жатқан есер Әлиді «Әне келеді, міне келеді» деп сабыр-тақаттарын тауысып, мазан күйге түскен-ді. Отыздың алтауынан асса да бас құрамай, әулеттің кішісі болып тайраңдап жүрген есер жігіт келін түсіремін дегеніне әке шешесі сенер-сенбесін білмей «мынау не дейді?» дегендей бір-біріне қарасқан. Артынша тез сергіген кемпір-шал жүздеріне нұр ойнап, өздерінше арқа-жарқа қуанысып:

– Құтты болсын! – десті жарыса сөйлеп. Айтарын айтса да кемпір-шалдың көңілі күпті. Арты қалай болады дегендей бүгезектеп қалған.

– Бағың ашылсын, айналайын! Біз танымыз ба? Кімнің баласы, ата-енесі бар ма? – деді шешесі ұлының мына қадамын қуана қосағанымен, көңілі әлденеге алаңдап. Ерден қарияның да көкейіне оралған осы сауал еді, ол да баласының аузын бағып, бүкіл ксудесімен еңсеріле қарап қалған.

– Бөтен емес, өздерің білесіңдер, – деді Әли тура сөзге бармай қысқа қайырып. – «Қашан келіп түсіресің, қашан, қашан?» деп құлақтың етін жсуші едіңдер, енді оның «атасы кім, анасы кім?» деп қазбалайсыңдар. Әйтеуір бір шүйкебас әкелсек болмай ма?!

Әли осылай деп кемпір-шалды жасқап тастады.

Ердекең аузындағы насыбайын төгіп, баласы үйден шығып кеткен соң бәйбішесіне бұрылды:

– Ағасын шақыр, мынаумен сөйлессін, не ойлағаны бар? – деді қария, баяу сөйлесе де көңілі әлденеге алабұртып.

Ағасы Сәбітайбек сол күні іссапарда болып інісімен сөйлесудің орайы келмеді. Оның есесіне өзінен үлкен екі апасы бірдей келіп, тентек ұлды ортаға алып, ана-ны-мынаны сұрап, өздерінше сыр тартқансыды. Апаларына ол ойындағысын жасырмай айтты. Қаншасы рас, оны өзі біледі. Сөзіне қарағанда, қалада хабарласып жүрген қызы бар екен, онысы бпыл ғана оқу бітіріп келсе керек, уәде бойынша соны алып келмекші. Әке-шешесі бар. Әкесі зауытта еңбек етеді, шешесі мұғалім, қорықпандар деді ол апаларының көңілін орнықтырып. Мұны естіген апалары Әния мен Сәния:

– Әли, айналайын, рас айтасың ғой, рас па? Әйтеуір анау смес қой, – деп бауырларының бестіне бажайлай қараған.

– Жок дедік кой, қайдағыны айта бермеңдер. Одан да тойға дайындалыңдар, – деп шамдана сөйлеген Әли әңгімені созбай түрегеп кетті.

Апалары «әйтеуір анау емес» деп соған қуанды. Өткен жылы ғана осы кеңшарда тұратын балашағасы бар әлдебір жесір әйелмен әуейі болып, соған үйленемін деп бәрін әбігерге түсіріп, аяқтарынан тік тұрғызған. Әли үйленемін дегенде бұлардың қауіп қылғаны сол-ды. Одан аман екен, апалары соған қуанды. Әйтсе де «атымның сыры өзіме мәлім» демекші, бауырларының әлпілай сөзіне бірде сеніп, бірде сене алмай, солай болса солай шығар деп нақты пайымдауға тиянақ таппаған екі апасы бір-біріне қарасты. Тек тойға дайындалу керек деген сөз ғана құлақтарында тұрып қалғандай.

Сонымен не керек, келін түсірудің қарбалас дайындығы басталып кетті. Әли болса, совхоз басшысына кіріп үйленетінін айтып, қалыңдығын алып келу үшін қалаға баруға машина сұрады. Оған өзінің жынды досы – Сауғабайды беруді өтінді. Шаруашылық басшысы есер неменің сөзіне кәдімгідей иланып, бір күн әрі, бір күн бері қалаға барып келуге Әлидің сұрағанын берген болатын.

Кабинетінен шығып бара жатқанда директор Әлиді тоқтатып:

– Әй, Әли! Сен шын үйленесің ғой, ә, – деді.

Есік тұтқасына қолын соза беріп, жалт бұрылған Әли:

– Әбеке, бұрын мұндай шаруаға сізден көлік сұраған емеспін. – деді жанары ұшқындап, даусы да нық естілді. Мына сөзден соң бастықтың басқаша ойлауға шұбәсін қалмағандай:

– Жарар, жарар. – деп қолын көтерген директор «Жолың болсын!» айтып қала берді.

Көкжиекті қызылкүрең нұрға бояп, күн ару да ұясына қонған кез. Дәл осы уақытта қыз алып қашқан «сабаздар» сар даланы шаңға орап, кеңшардың ту сыртына келіп тоқтады. Биік дөңде тұрған бұларға томенде жатқан ауыл алақанға салғандай көрініп тұр.

– Пау, шіркін! Біз де жеттік! – деді Әли машинаның есігін айқар ашқан қалпы, сай табанында жатқан ауылға алқын-жұлқын көз тастап.

– Қарашы, анау біздің үй ғой. Маңында қараң-құраң адамдар жүр, көліктер тұр. Бізді тосып отыр екен, – деді. Жүргізуші жігіт те «боса болар» дегендей ол да мойнын созып, кешкі ауылдың бұлдырай көрінген сырт пошымына көз тастап, ауылын алғаш көргендей үңіле қалған.

– Айтолқын, – деді осы кезде Әли қыздың назарын өзіне аударуға тырысып. – Енді екеуміз келісіп алайық. Осыны айтқан ол қалтасынан темекі алып оттығын жакты. Жол бойғы көрген азаптан бір түрлі жүдеп отырған қыздың өңіне тесіле қарап, темекісін құныға сорған ол:

– Не, маған тұрмысқа шығатынына өкініп отырсың ба? Өкін, өкінбе, бұл деген тағдыр. Қыз кімге бұйырса, соған тиеді, – деді.

Айтолқын болса, оның сөзінің бірін естіп, бірін естір емес. Әпербақан жігіттің жол бойы көрсеткен құқайынан шынымен ығып, жуасып қалғандай. Көзі боталап ештеңе дей алмады. Институтты биыл ғана бітіріп қалаға жұмысқа тұрған соң, ауылда тұратын әке-шешесінің үйіне екі-үш күнге келген беті еді. Мынандай кепке ұшырармын деу ойына келсейші?! Өзге қалада бес жыл оқып, аман-сау елге оралғанда, туған ауылында осылайша от басармын деді ме?! Ойы сансакқа жүгіріп, байыз табар емес.

– Сұлуым, – деді Әли оның ойын бөліп. – Өзің сондай әдемісің, осынша жыл үйленбей сені тостым, сенесің бе соған? Маған сен ғана керек болдың, – дейді көзі жылтылдап, рабайсыздау күле сөйлеген ол.

– Ағай, біз туысқан емеспіз бе, мұныңыз қалай? – деді Айтолқын бойын билеген қорқынышты эсер тежеп.

– Мәссаған! Туысқаның не? Біз сүйек-жегжат адамдармыз. Құдамыз. Сенің апан менің туған жанғым. Енді ағайым екеуміз бажа боламыз, сендер абысын боласыңдар. Жаман ба? Жаксы ғой, – деп қарқылдап күлген ол әлгідегі адам қалпындағы сөзден ауытқып тағы да есе жөнелді.

– Әли аға, сізге қыз құрып қалды ма, аға-жанғаңның бетіне қалай қарайсың?! Не деген маскара адамсыз, – деді қыстыға, ышқына сөйлеген қыз.

– Әй, сен де айтады екенсің! Олардың өздері емес пе. екеумізді теліп жүрген. «Жаксы көретін қызыңды алып қашып әкел» деген де солар ғой.

– Сенбеймін өтірік. Олар олай демейді. Өтірік, отірік, тура мені алып кел демеген шығар, – деп қыз тағы да булығы жылады.

– Аға, – деді Айтолқын көзінің жасын екі алақанымен кезек сүртіп, – мені әпкем мен жездемнің үйіне апарып тасташы. Болған жағдай туралы ешкімге тіс жармаймын, жалынамын! – деп көзіне жас толған қыз Әлиге қиыла, жалына қарады.

– Жоқ, сұлуым, – деді ол қыз жалынған сайын кекірейе түсіп, – өз аяғыңмен барып біздің үйдің табалдырығын аттарсын, оған қонбедің жетектеп апарып аттатамын. Кері шығып кетсең өзің білесің. Ол – саған сын. Міне, аулдың іргесінде тұрмыз, – деді ол машина әйнегінен томенде жатқан шағын ауылды нұсқап. Ауылдағылар мені «келін әкелсіді» екі көздері төрт болып отыр. Осыны айтқан ол Сауғабайға қарап:

– Тарт ауылға, бер сиренанды. Менін қалыңдық әкеле жатқанымды бәрі көрсін! – деп жүргізуші досына бұйыра сөйлесді.

Сол-ақ екен, көк машина ауылға қарай алып ұша жөнелді. Ерден ақсақалдың үйіне жақын келгенде машина сигналды үсті-үстіне беріп, еңселі ақ үйдің есігіне тіреле тоқтады.

Біреулер: «Мыналары несі, елді баса ма, кішкене әрі таман токтаса қайтесі?!» деп жатты.

Оған құлақ асып жатқан бұлар жоқ, есік көзіне итіне келіп сылқ ете түсті. Аулаға көрші-қолаң жиналып, анталап қалған екен. Әли машинадан секіріп түскен бетте қыздың қарсылығына қарамастан, сүйреткен қалпы аяғын жерге тигізбей тік көтеріп, «бармаймын, босат мені» деген қыздың қарсылығын қаперге ілместен ағаш үйдің табалдырығынан аттан ауызғы бөлмеге кіріп келді.

Тура есік көзінде екі әйел «отқа май құйғызамыз» деп, абыр-сабыр ыдыстарын қолдарына алып қауқылдасып қалды. Әли қалыңдығын солардың алдына әкеліп топ еткізді.

Ештененің паркын әлі түсіне қоймаған егде жастағы кейуана:

– Құтты болсын, құтты болсын қадамы, қарғымның-ай! – деп дауысын әндете созған қалпы қыздың қолына май құйылған бақырды ұстата бергені сол еді, бойын намыс оты шарпыған Айтолқын қара бақырды қағып жіберді.

– Босатыңдар мені, бұ не зорлық?! – деп өздеріне дүрсе қоя берсін. Елді көріп арқаланып кетті ме, «жіберіндер мені» деп алқын-жұлқын болып шу көтерді. Мәселенің мәнісін жаңа түсінген әйелдер:

– Ойбу, құлыным-ай! Бәріміз де осындай жолдан өткенбіз, – деп қара бақырды қайта әкеп, келіннің басына орамал жауып, бірі оның қолымен отқа май

күйғызып, ырымын жасаған болды. Сойтіп «кетем де кетем» деп жұлкынған қыз табалдырық аттады. Тентек ұл «келін түсіремін» дегеннен бастап жүрегі өрекіпген Әлидің анасы мына кереметті көргенде оң-түстен айырылып, орнынан қозғала алмай қалған. Басқаны күтсе де, мұндайды күтнеп еді.

– Үйбай-ай, үйбай-ай! Мынау құдаша ғой! – деп бетін шымшыды. Жүгермек келгір-ай! Не істедің?! – деді ішінен. Ерні күбірлеп серейген қалпы тұрып қалды.

Дәл осы уақытта:

– Айтолқын! Сенбісің! – деген оқыс дауысқа жалт қараған қыз, анасы – Айсұлуды көріп ботадай боздап, түр әлпеті өзінен аумайтын аққұба келіншекті шұркырай құшақтады.

– Айналайын-ау, сен қайдан тап болдың? – деді ол сінлісін құшақтаған қалпы. Жиналғандардың көбі көрші-қолаң ауыл жастары мына жағдайды көріп бәрі де таңырқап қалған.

– Ей, мынау Сәбітайбектің әйелі Айсұлу ғой, – деді біреулер.

– Ана қыз кім болды сонда?

– Бәлі, есіңде ме, ана жылы ағасының үйіне келіп жүретін кішкентай қыз, мынау сол болды. Айсұлудың сінлісі.

– Е, түсінікті болды. жыңды Әлидің жасап жүрген концерті десеңші. Қой, кетейік, бүгін бұл үйде той бола қоймас, – деп шеткері тұрған төрт-бес жігіт кері сырылды. Бұл уақытта Айсұлу сінлісі Айтолқынды жетектеп оңаша болмеге бұрыла бергенде, Әли қалыңдығының қолын босатпай жеңгесіне:

– Айсұлу, саған біздің әулет жаман болған жоқ, бұл әулетке құтты келін болдың, Айтолқынға сенің жолыңды берсін, оның осы үйге келін болып түскені-түскен. Оны менен бөлсең сенімен жақсы болмаймыз,

– деп жеңгесіне түйіле, ызғар шаша карады. Айсұлу эпербакан қайнысының жағдайын білетін, содан да болар қазіргі сәтте оған сөз қайыруды жөн көрмеді. Әли де одан әріні тәптіштемей бұрылып кетті.

Мына сойқанның сөзінен соң Айсұлудың дегбірі кетіп, ызадан булығып жанын қоярға жер таппады. Бірге туған сіңлісі, бауыр еті, жүрегі езіліп козінің жасы мөлт-мөлт үзілген.

Айсұлу табиғатында сабырлы жан еді, қазіргі сәтте де басы артық сөзге бармағанмен жан дүниесі бұлқынып «енді қайтемін» деп тығырыққа тірелген. Ақыры ел аяғы басылған соң қызды жетектеп далаға алып шықты, бірақ өз үйіне апаруға жүрегі дауалар емес. Есер қайнысының сойқан мінезінен қаймықты, оның үстіне отағасы Сәбітайбек үйде жоқ еді. «Енді тұра беруге болмас» деп осында тұратын оздерімен аталас ағаларының үйіне алып кетті.

Бұл екі арада келін түсірді деген Ерден ақсақалдың үйіне елдің бірі келіп, бірі кетіп құтты болсын айтып жатты. Біреулер «түсірген келіндері кетіп қалыпты» десіп, алып-қашты сөз де толастамай сағат сайын өршіді.

Әли болса әке-шешесіне «кіргізген келінге не болмадыңдар, мені ұятқа қалдырдыңдар» деп бұрқ-сарқ тулап, шал-кемпірді кінәлап үйден безіп кетті. Бұл күні Айсұлу да үлкен үйге қарасын көрсетпеді.

Келесі күні Сәбітайбек те іс сапардан оралды. Ол бірден әкесі мен шешесі отырған үлкен үйге келді. Мына сойқанды сырттай естіп, жерге кірерге тесік таппаған ол, шал-кемпірдің қабағын бағып, дұрыс-бұрыс демей күрсінуге болды.

Ақымақ ұлдың ақымақ ісіне ашынып-ақ отыр. Бірақ жасы жер ортасынан ауған әке-шешеге не дейді?

Соны ойлап қандай қайла-қарекет жасаса болғандай деп санасы сарсаң. Ерден ақсақал жақсы-жаманды бір кісідей көрген салықалы адам еді, ақымақ ұлдың басты әрекетіне таусыла күйзелген ол: «Қай қазақ өстіп үйленуші еді, арғы-бергіде жоқ қалетті қайдан шығарды бұл? Біреудің алақанына салып отырған баласын жетім тоқты құсатып оңгеріп ала жөнелгені несі?! Мұндайды қайдан көрген, бұ найсап!» – деп таусыла сойледі. Бар айтқаны «өз қолыңды өзін кесесің бе» болды.

Осы кезде Әлидің Жекен мен Токтыбай деген жезделерін ертіп, әпкелері Әния мен Сәния да келді. Сәбітайбектің келгенін естіп бәрі үлкен шаңыраққа тоқайласып, есер бауырларының мәселесін шешуге жиналғандай.

– Сендердің не ойларың бар? – деді үйге кірген қарындастарына назар аударған Сәбітайбек.

– Білмейміз, Көке, сіз қалай айтасыз, солай болады да, – десті олар.

– Сендер оның кімді әкелетінін біліп пе едіңдер? – деді көзі қызара кілгірген Сәбітайбек қатар отырған екі қарындасына шола қарап.

– Жоқ, Көке, білсек сіздерге айтпаймыз ба, естіген емеспіз, – деп екеуі азар-безер болды.

– Тіпті ақылға қонбайды, не істеуге болады? – деді торыға сөйлеген Сәбітайбек.

– Балам, – деді осы сәтте Ерден ақсақал, қарлығыңқы даусын кенеп:

– Сендер бұған араласпандар, бұны Айсұлуға қалдырыңдар. Сол шешсін. Бауыр соныкі. Алып кетсе бетінен қақпандар, осы үйдің келіні деп жетектеп әкелсе қарсы алыңдар. Бұл үшін ол ұялмасын, біз ұялайық. Оның орнында сендер болсаңдар, сендер де солай етер едіңдер. Әркімге өзінің туғаны ыстық, шырақтарым, – деді. Көпті көрген адам ғой, бір

қарағанда әділ шешім. Бірақ онсыз да жаны күйзеліп, екі оттың ортасында қалған келіндерін тағы да тезге салып тұрғандай ма, әйтеуір қарияның шешімі «біз шаруамызды тындырдық, ендігі кезек сендердікі» деген секілді саптаяқтан қарауыл қарағандай еді.

Дегенмен мәселе осымен тәмам болғандай. Мұны естіген Айсұлу да солай деп ойлаған-ды. Атасының сөзіне иланды, бірақ зорлықпен келген сінлісін ауылына қайтарудың жолы қалай болмақ, мұның айыпшамы жоқ дегені ме?! Оны неге ойламады олар деп іштей налыған.

Әке шешімін Әлидің естіген-естімегені белгісіз еді, естісе де бетінен қайтар түрі жоқ-ты.

Айсұлу, шынында да, өзін екі оттың ортасында қалғандай сезінді. Қарасудағы ата-анасына телефон шалуға бірнеше рет окталды. Жүрегі дауалар емес, не айтады, қалай жеткізеді? Ақыры жасқана-жасқана телефон құлағын көтерді. Ар жақтан шешесінің «уһ»деп қиналған даусы естілді.

– Маматай, не, сырқаттанып қалдың ба? – деп жағдайды бірден сезсе де анасын шошытпайын деп әуелі хал-жайын сұрай бастаған. Қызының даусын естіген анасының «Айсұлу, сенбісің?» – дегенге ғана шамасы келді әрі қарай дауысы бұзылып, кемсендеп, сөзі естілмей кетті. Мына жақтан Айсұлу: «Алло, алло, мама, мама ...» деп телефон құлағына айғайлап жатыр. Осылайша, екі арадағы әңгіме әрі-сәрі боп, үзіліп кетіп, қайта жалғасты.

– Айсұлу, әлгі қыз жоқ, – деді шешесі телефон дауысы қайта естілген кезде.

– Маматай, сен уайымдама! Айтолқын осында кеше келген, – деді бұл. Соны естуі мұң екен анасы:

«Қарағым-ау, не деп тұрсың. Айтолқын сендердікіне барған ба, соны айтып тұрсың ба?» Қызының «иә» деуі мұң екен шешесінің даусы: «А, не дейді?! Үйбай, онда қайдан барған, аман ба?» – деп сұрақтың астына алсын.

– Маматай, бәрі дұрыс, уайымдама, бүгін қайтады, өзім апарып саламын.

– Ойбу, жарығым-ай, ойымызға қай-қайдағы келіп, есіміз танып қалды ғой.

– Көкем қалай?

– Оның несін сұрайсың, құр сүллесі қалды. Кімге не айтарыңды білмейсің, қарағым-ау! Телефон соқпай ма, айтпай кеткені қалай? Өзі қайда, шақыршы телефонға.

– Өзі қазір келеді, сонсоң хабарласады.

– Айсұлу, сен жасырмай айт, сірә тегін емес-ау, жүрегі түскір орнықпай тұр. Кіммен барған ол жаққа? – деді шешесі жүрегіне батқан жаман ойдан әлі арыла алмай, даусы қалтырап.

– Әлимен келген екен.

– Онысы кім, құдай-ау? – деп кейін сөйлеген шешесі «бұл не сұмдық, айтпай кеткені қалай, бізді тірідей өлтірсейін деді ме?» деп тоқтамай бір айтқанын қайталап кетті. Бір кезде әлдене ойына түсті ме: «Қарағым-ау, өл Әли дегенің кім?» – деді.

Мына жақтан Айсұлу құла баласы екенін түсіндіргенде: «Астапыралла!» – деп шок басқандай, шошына тіл қатты.

– Маматай, сендер енді уайымдамаңдар, көксеме де айт, көлік тауып өзім апарып саламын.

Әңгіме осымен тамам болды. Шешесі Айтолқынның, әйтеуір аман екенін естіп, соған тәубе дегені болмаса, өзі айтқандай жүрегі орнықпай, аңырып қалған.

Бұл уақытта қыздың қайда екенін біліп алған Әли де қарап жатпай, әрекет жасауға көшкен. Өзі әлденеге іштей қапалы. Қалыңдығының кетіп қалғанын бойына намыс қылып, ызадан жарылардай, өңі өрт сондіргендей түнеріп кеткен. Кешеден бері үйінің бетін де көрген жоқ. Қасында айтқанынан шықпайтын екі-үш досы салпандап жүр. Оларға да ашып айтқан ештеңесі жоқ, әйтеуір әлдебіреулерді сыртынан сықпырта сыбап: «Осы қызды алмасам жер басып жүрмеймін» деп әншейіндегі жынына жын қосып, ақиып алған. Ақымақтың басына шайтан ұялайды демекші, бір досының әйелін Айтолқын отырған үйге жіберді. Онысы сырт көзге мінезі ауыр байсалды, көрінетін Дәржан деген сыптығыр кара келіншек еді.

Қыздың немере жеңгесі Кәкенмен есік көзінде жолыққан Дәржан: «Кәкен тәте, қалыңыз қалай?» деп ештеңеден хабарсыз жан секілді амандық-саулық сұрап:

– Мені Айсұлу жіберді, – деді әлгіндегі Әлидің айтқанын қалт жібермей.

– Айтолқынды ертіп ешкімге көрінбей тез алып кел, – деді.

– Далада көлік тосып тұр. Осы қазір Қарасуға жүретін болса керек. Соңғы сөзді біреу естіп қоймасын дегендей, сыбырлап айтты.

Мына хабарды естіген Кәкен апай кәдімгідей қуанып:

– Е, Құдай-ай, Аллам-ай! Өзің жар бола гөр! – деп Айсұлудың хабарын Айтолқынға жеткізіп, көзіне жас алды. Сонсоң «тез барыңдар, тез, тез» деп біреу кеп қалатындай, қызды асықтыра түсті.

Айтолқын болса, кешеден бері бір қорқынышты түс көріп, содан шошып оянған жан секілді, тұла бойы

дел-сал, ұнжырғасы түсіп, Кәкен тәтесін құшақтап, өксігін баса алмай көзінің жасын сүртуде.

– Айналайын-ай! Қайтейін енді, өзінді қажай бермеші. Ағатайым мен тәтеме сәлем де, – деп бетінен сүйіп «жолын болсын» айтып, қызды шығарып салды.

Айтолқын отырған машина үйден ұзап барып тоқтады, шамасы бір көше айналып кеткендей болуы керек. Онда да бұлар отырған көлікке көлденеңнен жолыққан екі адам машинаны тоқтатты. Онсыз да көңілі алабұртып мазасыз күй кешкен Айтолқын әуелгіде бұған мән бермеді, «ауыл адамдары шығар» деген, атүсті ойда еді. Сол сәтте жеңіл көліктің артқы орындығында отырған Айтолқынның екі жағына екі жігіт конжия кетті. Шошына қараған қыз мына сұмдықты көргенде, өз көзіне өзі сене алмай, өңі қашып, дауысы шықпай қалған.

– Не, сұлуым, мені тоспадың ба? Бұл мен ғой, сенің Әлиің. Менен тіріде құтылу жоқ екеніне енді көзің жеткен шығар, – деді.

Шынында да, Айтолқын Әлиді танымай қалды. Кешегі қалпы қайта кісі екен. Мына бүгінгі сықпытын көргенде Айтолқынның жүрегі атылып алқымына тығылып, сілейіп қалған. Негі дірілдеген ол алдында отырған әйелге жапақтап, содан бір көмек күткендей, жан-дәрмек ышқына айғайлады: «Жіберіңдер, жіберіңдер!» – деп жан дауысы шыға бұлқынды. Бұл кезде үшінші жігіт көзі тасырайып отырған келіншекке. «Сен неге отырсың, көзің бошалаған сиырдың көзіндей болып, бар, үйге қайт!» – деді. Көзі апалақтаған әйел соны тосып отырғандай дереу көліктен ытқып шықты. Шамасы, оның өзі оқиғаның бұлай боларын күтпеген секілді. Әлидің алдауына түсіп қалған ол: «Бұларың қалай?» деуге жүрегі дауаламағандай безе жөнелді.

Осылайша, кешегі жағдай қайта басталды. Жыртқыштың тоқты-торымды нығына салып, отар-

дан алып қашатыны бар, бұл да соның кері еді. Айтолқын бұ жолы тулай алмады, қарсыласуға да дәрмсіз жетпеді. Көзін жұмып, көрдей қараңғылыққа шым батып кете барды. Мүбәда талайына бұйырған жазу осы болса қайтеді, көнбеске шара қане? Жүрегі шайлығып, өн бойын мұздай мұң басты. Жұмыр басты адам өмір мен өлімнің арасында не бір гәпті көреді екен. Соның ең сорақысы, адамның адамға жасаған зорлығы болар. Кеше ғана бақыт жұлдызын тосып жүрген періште қыз Айтолқын да зорлықтың құрбаны болып, есер Әлиге жар болып таңылды. Жалпақ жұрт көз жұмып тұрды...

Арада жылға жуық уақыт өтті. Көктем шыға бастаған кез. Тоқырауын өзенінің тоны жібіп кешелі бері қызыл су жүріп жатқан. Өзеннен ары-беріге өтіп, малға жем тасып жүрген механизатор Әли «Белорусь» тракторымен су керней бастаған арнадан отіп келе жатты. Қыстай өтіп жүрген жерден өтпей сәл қиыстау түсіп өте шықпақ еді, сол мезет өзеннің мұз табаны сөгіліп трактор донғалағы бір орнында ызғып, зыр айналды. Сөйтсе мұз ойылып кеткен екен. Мұз бетімен жайлап есіп жатқан қызыл судың екпіні сәт сайын күшейіп, молая түскен. Әли әрі ышқынып, бері ышқынып қызыл су кеулеген өзен табанынан шыға алмай, арттан келетін көмек күтіп тұрып қалды.

Ал, арнаны керген асау тасқын бірте-бірте кимеленіп, су көтеріле берді. Енді караса, манағыдай емес жөнкілген өзен сәт сайын күш алып, қауіп төндіре бастаған. Осы мезетте жағаға екінші «Белорусь» тракторы жетті.

Олар: «Әли трактордан түспе, түспе», – деп айғайлауда.

Бұл кезде тасыған су трактор капотының үстімен жүріп жатқан. Әли кабинада отыру мүмкін болмаған соң трактордың тобесіне шығып кетті. Айғай-шуды естіп, ауыл жақтан қараң-құраң ел де жиналып қалды. Біреулер арқан әкеліп, біреулер бөренесі жеткізіп, Әлиді қалай да құтқарудың қамына кіріскен. Тасыған судың түрі әлем-тапырақ, қорқынышты. «Жазы-қысы ерсілі-қарсылы өтіп жүрген өзіміздің Тоқырауын өзені ғой, одан қорқатын не бар?» дегендей мұның бәрі Әлидің қаперіне келер емес. «Осыдан қорқамын ба?» деді ол. Сонан соң, іштей әлде бір күтпеген әрекетке бел буған ол, басындағы сырты былғарымен тысталған құлақшынын баса киіп, тамақ бауын мықтап байлады. Кеудесіндегі кішірек күртесінің де түймелерін қайта түймелеген ол трактордың кабинасының үстіне тікесінен тік тұрды. Әскерден тағып келген доғабасында бес жұлдызы бар қайыс белдігі болушы еді, соны беліне мықтап тартып алған ол жағада ерсілі-қарсылы, абыр-сабыр болғандарға қолын бұлғады.

Жағадағылар бұның не істегелі тұрғанын түсіне алмай қарап қалған. Көптің ішінде Әлидің ағасы Сәбітайбек те, жездесі Жекен де бар еді.

Осы кезде ағасы Сәбітайбек:

– Әли! Әли! Орныңнан қозғалма! Қазір сені құтқарамыз, – деп өңешін жырта айғайлады. Сөгілген мұз кесектері араласқан тасқын су дүркіреп оның сөзін алақашып, жеткізер емес. Түйдек-түйдек дүркіреген айғыр жал асау толқындар нөпір күшпен трактордың доңғалағын ұрып, кейде сак-сак күліп, бірде лок-лок желіп, күш алып бара жатты. Тасқынның осы бір қатыгез қияпатына түйіле қараған Әли, кенет долы ағысқа қарсы бір-ақ сүңгіді. Тасқынды қажарып, қарсы жүзетін мұз жарғыш дерсің. Жағадағы ел бірден ішін тартып тына қалды. «Жолбарыс айға шауып мерт болыптының» кері.

– Алла! Алла! – деді біреулер.

– Аруақ жар болсын! – деп кимелеген ел Әлидің тілсуін тілеп улап-шулап, үрпиді де қалды. Тек, Тоқырауын ғана тарпан мінез танытып, дүбірлеп, дүркіреп кете барды.

Ағасы Сәбітайбек: «Әли, Әли» деп жан дауысы шыға айғайлады. Анталаған жұрт қолдарындағы арқандарып ұстап жағаға жүгірісті. Бір жерден төбесі көрінсе, арқан лақтырып тартып алмақ. Жан ұшырған ел өзенді жиектеп жөңкілді. Қай жерден төбесі қылт етерекен деген далбасамен өкпелері өшіп, сарқыраған өзеннің бойын сағалап, ерсілі-қарсылы көп жүрді. Жок. Әлидің жалпақ белдікті беліне байлап жатқаны ғана елдің көз алдында қалды.

Жарықтық өзі де лапылдап тұрушы еді. Асау өзеннің алапат тасқынын көзге ілместен жолбарысша оған бір-ақ ырғыды. Су деген дүлей тілсіз жау гой. Сорлы жігіт майып болып кетті. Асау өзеннің ырғын тасқыны да сабасына түсті. Көктем кетіп, жаздың да ыстығы қайтты. Суға кеткен Әлидің сүйегі табылмады. Судан шығарып алған кок трактор гаражда қаңтарылғалы қашан? Тек Әли ғана жок...

Әлидің өлімін естігенде Айтолқын сұп-сұр болып, көзінсен жас шықпай отырып қалды. Мұны көрген үлкендер «жыла, қарағым, жыла, жыламасаң өзіңе жаман болады, ауырып қаласың» деп басу айтып жатты. Сонда ғана ол өзінің бақытсыз ғұмырын ойлап, бейшара Әлиге әйел болғалы бірде-бір рет оған шын көңілін бере алмағанын есіне алып, сорлы жігітті аяғандай болды. Бәлкім, ол бұны шын жақсы көрген болар, бірақ Айтолқын оған сенген емес, сене де алмады. Сенгісі де жок. Бірақ имандай шыны өлім тілемеген-ді. «Сенің алдында менің кінәм жоқ» деп егіліп жылағаны сол-ды.

Суға кеткен адамның мәйітін әуелгіде ауыл болып іздеді. Баксы-балгерлердің де болжамы аз болмады. Бәрінің айтары «табылады, осы маңда» деген сөз. Содан Алматы жағында болу керек, бір көріп кел әулие бар екен, айтқаны айна-қатесіз келеді деген соң тамыз айының басында Сәбітайбек сонда аттанды.

Іздеп келген көріпкелі егде жастағы көзі бадырайған ақсұр казак әйелі екен. Сәбітайбекті амандасып болған соң, ауладағы кісі қабылдайтын бөлмесіне кіргізіп:

– Жайғаса бер, қарағым, қазір келемін. – деді. Айтқандай, сәлден соң бөлмеге өзі кірді. Бөлменің бір бұрышында үстіне тықыр кілем жапқан жатаған орындығы бар екен, соған жайғасқан ол:

– Тыңдап отырмын, – деп таспиығын тартып, көзін жұмған қалпы қимылсыз қалған. Сәбітайбек жағдайды баяндап, інісінің тіріде жоқ екенін, мәйітін таба алмай жүргенін айтты.

– Суреті бар ма? – деді көзін ашқан балгер әйел. Сәбітайбек ішкі қалтасынан бауырының суретін алып әйелдің алдына қойды.

Балгер әйел суретке алақанына қойып, бірқауым отырды. Сәлден соң:

– Суға сүңгіген бетте басын бір қатты нәрсеге соққан, бірақ сүйегі сау, ажал ғой қарағым. Осыны айтқан кейуана бірқауым үнсіз отырып: «Көз жасына тұншыққан десе болады, қиянаты да көп екен» деді. Мұнысын түсіне алмаған Сәбітайбек көз алдында суға кеткенін айта бастады:

– Алла разы болсын, – деді балгер оның сөзін бөліп, – жағада жүгірген адамдарды көріп тұрмын. Сіз айғайлап тұрсыз, Әли, дедіңіз ғой. Әли баланың аты ма?

– Иә, туған інім, аты Әли болатын.

– Мәйітін табасың, сол жерден жүз қадам төмен түссеңіз он екі күннен соң бауырыңыздың көйлегінің

етегі құм астынан көрініп жатады, – деп суретті кері қайтарып берді.

– Апай, әлгі бір сөзіңізді түсінбедім, «көз жасына» дегеніңіз не жағдай?

– Оны түсінуіңе менің көмегім керек емес. Жолыңыз болсын, – деп көріпкел әйел әңгімесі әрі қарай созбады.

Дүниеде бір тылсым күштің бары рас-ау. Әлгі әйелдің айтқаны айна-катесіз келді. Сәбітайбек көріпкел әйелге барып келгеннен соң інісі суга кеткен жерден төмен қарай жүз-жүз елу қадамға дейінгі аралықты күнде шарлады. Қуыс-қуыс, қалтарыстың бірін де қалдырмады. Бірақ көзге ілігер еш белгі жоқ. Бұл кезде өзен табаны тартылған. Таскынның астында қалған ағаштардың ырсиған тамырлары сонадайдан көзге ұрады. Су жайылған жағадан өзен табанына дейінгі апайтөс құмдауыт өзек еш белгісіз бедірсейді.

Айтқанындай, тура он екінші тәулікте қасына екі-үш адам ертіп күндегі ізімен тағы да өтіп келе жатып, қиыршық құмның астынан әлдебір шүберектің шеті болар-болмас қылтып, бұлт-бұлт еткенін байқап қалды. Сол күні күн желтең еді. Құм астынан үлпідеп көрінген күдікті затқа бұлар үрпиіп, үрейлене қарасты.

– Аруақ өзің жар бола гөр! – деді Сәбітайбек даусы жарықшақтана шығып. Бұл, шынында да, Әли марқұмның белгісі еді...

Балкаш бағытына қатынайтын шағын автобус тас жолмен заулап келеді. Әли қайтқаннан кейін бір жылдан соң ата-енесінің ұлықсатын алған Айтолқын да осы көліктің ішінде кетіп бара жатты. Өңі сынық, көңілі пәс. Дала келбеті де бұлыңғыр еді.

Тек Тоқырауын өзені ғана бірде ілгері озса, енді бірде қапталдаса жарысып кәрі көлге ол да асығулы секілді.

Айтолқын болса тас жолға телміре қарап ұйқылы -ояу ой құшағына батқан. Жас ғұмырының опынған күндерін артқа тастап келе ме, әлде беймәлім өмір айдынының тағы бір тұнғығына шым батып кете ме, ол жағы Айтолқынға белгісіз.

Аттанар алдында ол Әлидің бейітінің басына барып: «Маған жасаған азарыңды кештім, жаның жай болсын», – деп іштей күбірлеп тізесін бүкті. Жылаған жоқ, тек онымен өткен күндердегі, жанкешті тірлігі ойына оралған сайын өзін аяды. Сол-ақ екен, жаны күйзеліп, жүйке жүйесі босап сала берген, парлап аққан көз жасын да елер емес. Мұны көрген былайғы жұрт: «Ей сорлы қайтсін, жастай жесір қалу оңай ма?!» – деп өздерінше тон пішсе, енді біреулері: «Етегіңнен тартқан бала жоқ, бағы жансын, байғұстың!» – деп тілеулес болуда.

...Жүйткіген жүрдек көлік шулы да нулы Балқаш қаласына қарай заулап келеді. Сәт сайын шаһарға жақындай түсуде. Арқаның сауырында жатқан айлапат қала, әсем Балқаш, талайдың тағдыры тоғысқан, бақ пен қыдырдың бесігі болған қасиетті қала. «Маған да мейірінді тоқші!» деген сөз Айтолқынның да көкірегін тербеп, көзінен мөлт-мөлт жас болып үзілуде.

2013 жыл



ӨМІРЗАЯ

– Беу, Сержан-ай! Қай жерде, қандай күйде жүрсің?! Жарығым-ай! Бір жылт еткен хабарына зар қып қойдың ғой?! – деп күңірене сөйлеген Күмісжан әже іші-бауырын кернеген уайым-қайғыдан үйге сыймай «аһ» ұруда. Бәрі күні кешегідей көз алдында.

Немересінің кәсіптік училищені бітіріп зауытқа жұмысқа тұрғаны сол-ды, ұшты-күйлі жоғалып кетті. Сенбі күні, түскі тамақтан соң әлдебір достары келіп есік қақты. Шешесі – Арай жұмыста, немеренің кішісі – Қайыржан мектепте болатын.

– Әже, мен қазір есік алдына шығып келемін, – деді Сержан. Ұшып-қонған бала емес, мінезі біртоға еді. «Бара ғой, қарағым», – деді әжесі.

Аяғында жұқа сандал, бұтында көнетоз трико, кеудесінде ақ жейде. Бар киімі осы. Сол калпында далаға шықты. Әжесі келген кім екенін сұрағанда, Жұматай деген бірге жүрген досы бар еді, соның атын айтты. Күмісжанның бар естігені осы. Содан басқа дерек жоқ.

Бұл өмірде мал-мүлкін қолды қылғанды, қазынасын жоғалтқанды көріп еді, «зінгіттей адам жоғалды» дегенді осы жасында есіген де, көрген де емес.

Ең сорақысы, мұның баласын ешкім көрмеген, білмеген. Екі жыл ішінде Күмісжанның бармаған жері, баспаған тауы қалмады. Полицияға да, прокурорға да, әкім-қараға да, ықпалы бар деп депутатқа да айтып бақты. Жоғары жаққа да хат жазды. Қайыр жоқ.

Мына заманда не деуге болады? Адам азды ма, заман тозды ма, кәрі әже оны түсіне алар емес. Кімге мұның

айтар, зарын кімге шағар?.. Бар бітіргені, өткеннен де, кеткеннен де жалықпай немересінің суретін көрсетіп «көрмедің бе, білмедің бе?» деп сұрай беру...

Содан бері кәрі әженің де, баланың шешесі Арайдың да көрген күндері күн емес. Есік тықырласа басын көтеріп тың тыңдайды. Осы қазір Сержаны үйге кіріп келетін секілді. Кей күндері түн баласында кірпігі айқаспай шығады. Күмісжанның өзі де қатып-семіп әбден жүдеп бітті. Көртайған шешесінің мына халін көрген қызының да қабырғасы қайысып, екі мұңдық көз жастарын қолдетіп бір-бірін жұбатады.

Осылайша әрі-сәрі болып жүргенде, қайсыбір жана-шырлар «көріпкелдерге барып жолығыңыз» деп ақыл қосты. Артығы жоқ. Оған да барды.

– Балаңыз тірі, біреулер күштеп ұстап отыр, ауыр жұмысқа салған екен. Ұзамай бір хабары болады, – деді біреуі. Мұны естіген Күмісжанның да, Арайдың да құлазыған көңілі сергіп сала берген. Әжесі болса немересі осы қазір келіп қалатындай, әлгі көріпкелдің сөздерін жиі қайталан, талайға дейін елеңдеп жүрді. Әйтеуір «тірі» дегенге қуанып, немересі аман жүрсе бір келер деген үмітке бой алдырды.

Енді бірде ел мақтаған көріпкелдің тағы біріне барды. Жоғалған немересін тура үйге жетектеп әкелетіндей-ақ, соған алып ұшып жеткен:

«Қолдің бергі қабағында «Алтын құм» деген жер бар, жансыздап барып көріңіздер, балаңыз сол жерде. Бірақ шығармайды, күндіз-түні қамауда» деді.

– Ой, мың болғыр-ай! Аузыңа – май, астыңа – тай, – деп Күмісжан оған да қуанды. Не керек, аяқ жетер жердегі құмалақшы, бақсы-балгерлерді түгел аралап бәрінің жорамалын тыңдаған Күмісжан әже немересінің тірі жүргеніне анық сенді. «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді» деген, кеудесінде жаны болса, ажалдан аман болса бір келер» деген үмітпен өмір сүрді.

Бірде «Бармысың, бауырымға» барып немересінің суретін көрсетіп, теледидар алдында «мені көріп отырсаң бір хабарынды бер», деп көз жасын көлдетіп қайтты. Сонда көрді, адам жоғалтқан дегенді. Бірі бауырын, бірі баласын, енді бірі қызын жоғалтып, өзі секілді шарқ ұрып шырылдаған жан... «Бұл бір айтып келмейтін нәубеттің шеті болар ма?» деп қорықты кейуана.

Айтқандай, сол «Бармысың, бауырымнан» қайтып келе жатқан жолда сапарлас болған Тұрымтай деген әйел:

«Мен осы баланы көрген секілдімін. Ой, жаратқан-ай, десеші! Тура осы балаға ұқсайды», – деді, Сержанның суретін көрген бетте.

– Егер балаңыздың артық суреті болса маған біреуін беріп кетсеңіз.

– Қалтамдағы осы біреуі ғана, ала ғой, қарағым, – деп, сыртында «Сержан Төрежанұлы Жарқынов. Маусым» деген жазуы бар суретті Тұрымтайға ұстата берді.

– Мен бұл баланы осы жаз шыққалы екі-үш рет көрдім. Біздің ауданның орталығына зәуеде бір келіп тұрады, қасында таспадай тартылған екі жігіт бар, дүкеннен жүк тиіп жатады. Көрдім. Осы бала, – деді ол қолындағы суретті саусағымен нұсқап, – әлгі адамдармен бірге жүрді. Біздің аудан орталығынан жиырма шақырымдай қашықтықта Тасбөгет деген жерде бір дөкейдің шаруашылығы бар. Балаңыз тура сонда болуы мүмкін. Бірақ оның маңы күзет, аса ешкім жақындай қоймайды. Жәйдан-жай сұрастырып бару қауіпті. Кім біледі, сезіктенсе таптырмай жіберуі ықтимал, – деп, жан-жағына қараған ол:

– Ықпалы бар, есімді адамдарыңыз болса астыртын біліп бер десе, қайтер еді? – деп тосыннан ой тастады. Мына сөзді естіген Күмісжан қуанып та,

үрейленіп те қалды. Естігенін жан баласына айтуға қорықты.

Баяғыда елде жүргенде марқұм күйеуінің немере ағайыны болушы еді, көп жылдар милицияда қызмет істеді. Күйеуі қайтыс болғаннан соң олармен де хабарласпай кеткен. Оның үстіне соңғы жылдары мына баланың із-түзсіз кетуі өзіне де оңай тиген жоқ. Не істеп, не қойып жүргені белгісіз, ертелі-кеш ойлайтын сол немересі.

Әжелеп үйге кіріп келе жатқандай болады да тұрады. Түнде түсінен, күндіз есінен кетпей санасын сарсаңға салған.

Күмісжан көп ойланды, қызына естіген жағдайын баяндап:

– Әкеңнің Байрахым деген немере інісі бар еді ғой. Соған барын мән-жайды айтсам, жанашыр адам ғой, ескі таныстары бар шығар, біреуден біреуге тапсырып, бір хабарын біліп берсе, – деп ой топшылаған. Қызының да шақшадай басы шарадай, ержеткен ұлдан тірідей айырылған адамда не ес болушы еді?.. Жібi түзу ақыл қоса алмады.

Арада жылжып айлар өтті. Күмісжан сүлдесін сүйретіп Қарағанды қаласында тұратын Байрахымға барып жолықты. Туысқаны сырқат екен, бірақ жаны қалмай:

– Жеңешем келді! – деп қуана қарсы алды. Баяғыда Өрікбай ағасының бар кезіндегі қызық күндерді еске алып, бір жасап қалды.

– Иә, – деді ол сөз арасында, – немереңнің жағдайын естіп жатырмын. Органдағылар іздеп таппаса қиын екен.

Күмісжан да осы бір сәтті күтіп отырғандай келген шаруасын да, күдігін де сыздыктатып жеткізді.

Мына әңгімені естіген Байрахым ойға батты. «Мұндай да болжамдар көп айтылады. Оның үстіне

казір байыған адамдар біреуді жалдап, зорлап жұмыс істетіп жатыр деген секілді қауесет осындайда қоздап кетеді. Шындығында олай бола бермейді», деп ойлаған ол.

— Әлгі айтқан жердің атын жазып алайын сонан соң сенімді таныстарға айтып тексертіп көрейін. Бұл бүгін-ертең бола қалмайды. Күтуге тура келеді, — деді.

Күмісжан қайнысының үйіне бір қонып, ауылына қайтып кетті. Арада көп уақыт өтті, Байрахымнан да хабар бола қоймады. Сойтіп жүргенде тағы бір тосын хабар жетті. Бұл хабарға Күмісжан не қуанарын, не қуанбасын білмеді. Жүрегі лүпілдеп, атұрынып кетті.

Әлгі атағынан ат үркетін кереметтің фазендасында мұның немересі жүр екен. Оны «Бармысың, баурымнан» келе жатып жолыққан Тұрымтай деген әйел бар еді ғой, сол көрген. Көріп қана қоймай: «Қарағым, сен Күмісжан апаның немересі Сержансың ба?» деп қасындағылардың көзін ала бере: «Мынау сенің суретің емес пе?» деп түнеукүнгі суретті жанындағыларға байқатпай ұстатып жіберген.

Бала жақ ашпаған, тек «басып изеді» дейді.

Осыдан соң Тұрымтай дереу Күмісжан апаға телефон соғады. Күмісжанның зәресін алған осы хабар еді. Кім біледі, қасындағылар бірдеңеден күдіктеніп немересін жазым етсе қайтеді? Бойын қорқыныш билеген кейуана өзін қоярға жер тапса қане?! Әрі ойлап, бері ойлап ақыры Байрахыммен хабарласты. Естіген жаңалығын айтты. Қаупін де жасырған жоқ. Күмісжанның әңгімесін тындап болған қайнысы:

— Мен сенімді адамдарға тапсырдым. Бала ол жерде бар болса, олар оны аман алып шығуға тиіс. Хабарын күтіп отырмын. Органдағылар қалай тексеруді өздері біледі. Оған абыржымаңыз, — деп жеңгесін тыныштандырған болды.

Арада тағы біршама уақыт өтті. Бір күні әлгі аудандағы Тұрымтай түн ішінде телефон соқты:

– Күні бойы телефон соғып ала алмадым, үйде болмадыңыздар. Бүгін өткендегі адамдар келді, бірақ олардың қасында сіздің немереңіз болған жоқ. «Өткенде менен сезіктеніп қалды ма» деп зәрем жоқ, әйтеуір, олардың қасында бүгін басқа адам жүрді. Мына хабарды естіген Күмісжан есенгіреп қалды. Уайымы қалындап, шарасыздықтан жаны ауырды. Осы кезде тағы да телефон безектеді.

Бұл Байрахым болатын. Күмісжан қайнысының сөзін де бірісіден тыңдады. «Мүмкін құтқарып алған шығар» деген көмескі ой сәулесі бергендей болды.

– Күйлі-қуаттысыз ба, жеңеше? Үй-іштеріңіз аман-сау ма?

– Рахмет, айналайын, өздерің ел-жұртың аман ма? Өзіңнен бір жақсы хабар бола ма деп елеңдеп отырмыз. Сержанымның үйден кеткеніне екі жылдың жүзі болды. Е, қарағым, өлмеген соң бәрін шыдап отырмыз, оны қойшы, өзін бірдеңе біле алдың ба? – деді де бірі таусылған кейуана, телефон құлағына жабыса түсті.

Байрахым да осы сұрақты тосқандай:

– Жеңеше, өте сенімді адамдар астыртын біліп берді. Олардың айтқандарына қарағанда ол жерде біздің балаға ұқсайтын ешкім жоқ. Тіпті онымен құралыптас адам да кездеспеген. Соған қарағанда жәй сөз болса керек. Алло, жеңеше...

– Иә, қарағым тындап тұрмын, – деді Күмісжан әже, ауыр күрсініп. Өлігіндегі лүпілдеген жүрегі, атұрынған көңілі су сепкендей басылып, тағы да тұңғиық қайғының тереңіне бата жөнелген.

– Бүгін әлгі баланы көрдім деген әйел осы өзіңнің алдыңда ғана хабарласты. Оның айтысына қарағанда, өткенде көрген адамдар бүгін тағы да орталыққа келген екен, бірақ бұл жолы олардың қасынан бала көрінбепті.

Мына сөзді естіген Байрахым үнсіз қалды. Ойы сан-саққа жүгіріп, қалай да бір шикілік бар-ау деген күдікке сене алмай тұрып қалды.

Арада ширек ғасырға жуық жылдар өтті. Бұл шақта Сержаннан бір хабар ала алмай өмірі өксіген Күмісжан әже де дүниеден озған. Ағасы жоғалып кеткенде 8-9 жаста қалған Сержанның інісі Қайыржанның өзі үйлі-жанды зіңгіттей азамат. Күйеуден жас қалып ескі баланың қабағына карап, осыларды жеткіземін деп ғұмыр кешкен аналары Арай да баяғы өз шешесі Күмісжан секілді ілмиген кемпір. Өмір өз ағысымен ағып жатты. Осыдан бірнеше ондаған жыл бұрын айдың күннің аманында жоғалып кеткен Сержан да көзден таса, көңілден оқшау қалып, ескі қайғының орны көмескілене бастаған кез.

Тамыз айының іші. Сержан тура осы айда жоғалғанды. Онда олардың үйі екінші ықшам ауданда, ұмытпасак 17 үй болатын. Бесінші қабатта, балконы аула жаққа қарайтын.

Таңертеңгілік пойыздан түскен бейтаныс жолаушы 17 үйдің алдындағы сәкіге келіп жайғасты. Үстіне констоз жейде, шұқа шалбар, басына күнқағары майысқан қалпақ, аяғына қоңырқай красовка киген, қалтасынан темекі алып тұтатып, онысын тез-тез сорып мазасызданып отырды. Көз қиығын жоғарғы қабатқа тастап қояды. Сәлден соң темекісін сөндірген ол орнынан тұра беріп қайта отырды. Осы кезде биік үйдің есігі ашылып іштен қараторы қазақ келіншегі шықты. Жолаушы оған жалт бұрылған бетте:

– Сіз осында тұрасыз ба? – деді аман-саулықты ұмытып.

– Иә. Сізге кім керек еді?

– Ана бесінші қабатта тұратын Күмісжан әже мен Арай деген кісілер үйінде ме, соны білмедіңіз бе?

– Арай апаны айтасыз ба? Олар мұнда тұрмайды.

Жолаушы сәл аңырып қалды. Олар қайда кетті екен? Жолаушының сол жақ алқымы тартқылап, тынысы тарылғандай болған. Соны сезген ол теріс айнала берді.

– Аға, егер сіз Арай апаны іздесеңіз, мен адресін білемін. Ол кісілердің үйін біз алған едік, – деді әлгі бейтаныс келіншек. Сонда ғана жолаушының көңілі орнығып:

– Қай жақта екенін айтып жіберсеңіз... Жо... жолаушы едім, – деді тұтыға сөйлеп.

– Олар қаланың «Шығыс» ықшам ауданында тұрады, – деді сыңғырлай сөйлеген әйел жолаушы іздеген үйдің нөміріне дейін сакылдатып берді. Әйелдің айтқан цифрларын ішінен ұмытып қалмайын деп әлденеше қайталаған жолаушы аяғын сылти басып кетіп бара жатты. Оның соңынан карап қалған әлгі әйел:

– Ағай! – деп дауыстады. Жолаушы артына бұрылғанда:

– Осы көшеден 12 автобусқа мініп, соңғы аялдамадан түссеңіз дәл барасыз.

Жолаушы қайта сұраған жоқ, басын изеп, бір аяғын сылти басып жүре берді.

...Қаланың «Шығыс» ықшам ауданы. Осы бір еңселі үй Күмісжан әженің соңғы тұрағы болды. Актық сапарға да ол осы үйден аттанды. Немересін сабылып іздеп, қал-қуаты кеміп, дүние жалғаннан озды.

Әлгі жолаушы сол үйдің ауласына келіп тоқтады. Есік алдында ағаш сәкі бар екен, жолаушы соған тізе бүкті. Тағы да шылым ішті. Сөңсөң баспалдақпен көтеріліп үлкен қоныр есіктің түймесін басты.

– Төрлетіңіз, аға. Біреуді іздедіңіз бе? – деді есік ашқан аққұба келіншек.

– Бұл Күмісжан апаның үйі ме? Мына сөзге бөгеліп қалған жас келіншек бейтаныс адамның жүзіне тандана қарағандай болды да:

– Иә, Қайыржан да, апам да үйде. Апа, сізге, – деді әлгі келіншек ішкі бөлмеге мойнын соза дауыстап.

– Төрлетіңіз, аға. Апам қазір шығады, – деп өзі ас үйге беттеді.

Апасы бөлмесінен шыға қоймады. Оның орнына ішкі бөлмеден толық денелі ақсары жігіт шығып сәлем берді.

– Қайыржан! – деді жолаушы, жүрегі дүрсілдей соғып. Қарсы алдында тұрған жігіттің қолын алар-алмастан босағадағы киім ілгіштің ернеуіне сылқ етіп отыра кетті. Кенет алқымы қысылып тынысы тарыла бастаған ол: «Шіркін-ай, ең құрмаса қазір емес, қазір емес...» деп ішінен бір сөзді қайталап көзін жұмып, көкірегін кере дем алуға тырысқан.

Осы кезде бөлмеден шыққан қартаң әйел, кіреберістегі күңгірт көлеңкеден бейтаныс адамның сұлбасын еркін көре алмай:

– Қайыржан, қонақты төрге шығарсашы. Босағада неге отыр? Төрге шық, қарағым, – деді.

Қайыржан қонақты қолтығынан демеп төргі бөлмеге өтті.

– Қалай жағдайыңыз, жүрегіңіз ауыратын ба еді? – деп, үлкен диванға жайғасқан жолаушыға су алдырып ішкізді. Сәл-пәл өзіне-өзі келгендей болған. Осы кезде Арай апа қонақ отырған бөлмеге кірді. Кірді де сілейіп тұрып қалды. Қонақ кісі кеседегі суды ұрттап, басын енді көтергенде шешесінің үрейлі жанарын көріп, орнынан ұмтылып барып:

– Апа! – деп жерге сылқ құлады.

– Сержан, Сержан! Тірімісің, сенбісің, қарағым-ау?! – деп шешесінің көзінен жас парлап құлап түскен баласының басын құшып аңырап жылады.

Үйдің іші азан-қазан болып кетті. Болмеден шығып кеткен Қайыржан шешесінің даусын естіп қайта кіргенде, келген жолаушының ағасы Сержан екенін білген ол да есінен тана жаздап, өкіріп жылады. Бұлар көз жастарына ие бола алмай дауыс салып жатқанда жолаушы есін жинай алмай сұлық қалған. Сәлден кейін барын ол есін жиды. Анасының қолынан сүйді.

– Апа, мені таныдың ба? Таныдың ғой, таныдың. Мен, Сержан ғой. Әжем ше, әжем қайда?

– Құлыным-ау! Әжем сексеннен асып, сенің «әже» деген даусыңды аңсап өмірден өзған! – деп шешесі тағы да еңіреп көз жасына ие болар емес.

Сержан тағы да есеңгіреп кеткендей болды. көзінен домалап түскен жас самайына қарай сорғалай жөнелген.

– Қайыржан! – деді ол ағасының тізесін құшақтап, көзі боталап отырған бауырының қолын ерніне басып.

– Сендерді сағындым! Енді арманым жоқ, – деп көзін мөлдірете ашып, қайтадан сұлық қалды.

«Туған үйімнің босағасына жетіп өлсем арманым жоқ» деуші еді, бейшараның сол тілегі қабыл болғандай. Сержан өз үйінде, туған шешесінің алақанында жатып көз жұмды. Көкірегін кернеген ауыр мұң жұмбақ қалпында өзімен бірге кетті.

Марқұмды шешіндіргенде қалтасынан баяғы әжесі өткен-кеткенге көрсетіп жүрген өзінің суреті шықты. Сыртында: «Сержан Торежанұлы Жарқынов. Маусым» деген жазу бар. Мұны көргендер көп уақытқа дейін таң қалды. «Балаға бұл сурет қайдан барған?» деген сұрақ та жауапсыз қала берді. Өмірзая деген осы шығар деп менің де кеудемді өксік биледі.

АҚПАН ҚАРИЯ

Кешесі ғасырға жуық ғұмыр кешкен Ақпан қария дүниеден озды. Сексенді қармап, сексен беске қараған шағында, таң намазының алдында жарықтықтың жаны көкке ұшты.

Тарпаң дүниенің жақсы-жаманын көрген жан еді. Құбылып соққан заманның құйыны мен дауылын бастан өткерген қайран жүрек қиналып тоқтады. Өлерінде демі бірде үзіліп, бірде қайта оралып, ауыр тыныстап, мына жарық күнді қия алмай қиналған сыңайлы.

Ол бағзы заманда Көктемнің жағасында Ақжайдақ деген жерде дүние есігін ашты. Бұл өлкенің адамдары ежелден қарабайыр өмір сүріп, қоныртөбел ғұмыр кешетін. Жер бедері де соны меңзейтіндей, жұпыны, жұтаң құмдауыт болатын.

Ақпан ол кезде жас еді. Бала кезіндегі жағдайлар бұлдыр-бұлдыр есінде.

Ес білгенге дейін әкесі бар-тын, кейін оның қайда кеткенін ол білмеді. Әйтсеуір «Бодаубай ағасы ексеуі теңізге кетіп содан оралмады» деген сөз санасында жатталып қалған. Анасы марқұм да ұзақ жасамады. Бір мүшелге толмай әке-шешеден жетім қалған Ақпан байдың малын бағып, отын жағып, жалшылықта жүріп, кеңес үкіметін қарсы алды. Жалшылықтан да сол құтқарды. Содан да болар, оның әкесі де, шешесі де сол – кеңес үкіметі-тін. Соққаны соның сойылы, сойлегені соның сөзі. Сойтсе де ит өмір қатер мен қауіпке толы еді. Тонналап кен қазды. Таңды-таңға ұрған аласапыран жұмысқа тұла бойымен кетті.

Бірақ еркімен еткен еңбектің бейнетін белден кешсе де қорлық санамады. Қоздаған жұмысқа құлшына кірісіп «анадан қалмаймын, мынадан озамын» деген құштарлық бойын билейтін. Сондай кездерде мұның бойына қайрат, жігеріне қайрақ болған бір жан бар еді. Ол өмірлік қосағы – Ұмсынай.

Ұмсын екеуі ұзақ жылдар тату-тәтті тіршілік кешті. Тек кемпірінің қартайған шақта мұны жалғыз тастап кеткені болмаса... Ондай кезде кемпірі: «Жок! Сен жалғыз емессің, сенің соңыңнан тоғыз перзент ергіздім» деп бейқұт күндегідей пейілдене сөйлеп, көңілін көпсіткендей болады. Онысы рас та.

Кейде ол: «Өмірдің қиыр-шырына куәлік ет» деп тәңірі маған әдейі ұзақ жас берген шығар», – деп ойға қалатын. Олай болса көргені мен білгенін кімге айтар? «Адамның басы – Алланың добы» деген. Аштықтың алапат нәубетін көрді. Қуғын-сүргінді бастан кешірді. Қан-жоса қарақшы ғасырдың қасіретін шекті.

Жарық жалғанның барлық зұлымдығын көріп және оны кімдер жасайтынын біліп, оған қарсылық стер шаманың жоқтығына күйіне күйзелер еді. Адам есті мақұлық. Есті мақұлықтың ессіз әрекетін естілікке қалай теңерсің?..

...Ақпан қария есін бір жинағанда теңіздің үстінде ұшып жүр екен. Су беті мұздай қорқынышты, қарауыта түнеріп, жұтып қоярдай жыбыр-жыбыр етіп тына қалған. Баяғы көлге кетіп оралмай қалған Бодаубай ағасы үрейлі теңіздің төсінде әлі жүр. Мұны танымайтын секілді, бұл болса оның төбесінен ұшып өтіп барады. Жо-жок... таныды, шақырып тұр. Бірақ Мұның іздегені ол емес, иә, нә, ол емес...

«Уһ!» деді ол. Ерні кеберсіп, оты азайған жанарын төңірегіне аударуға тырысып. Қыздары ерніне су тигізгенде ғана әлі жарық жалғанның дәмін татып жатқанын сезді. Ендігі өліп кетсе керек еді, бірақ әлі

өлмеген екен. Адам, шынында да, өлерінде өлім мен өмірдің арасында кірі-шығып жүретін болар. Бұл да солай, рухы ұшып теңіздің бетін сағалап жүр. Өлі қимай жүргені беті бедірейген опасыз жалған. Баяғыда соғыста қоршауда қалып, жау қолына түсті. Жаудың алғашқы алапат скпіні әлгі түсінен де қорқынышты болатын. Сонда дәл қасынан жарылған снарядтан ауыр жаракат алды. Есін жиғанда тұтқынға түскенін білді. Онда ол өмірге құштар еді-ау, арпалысып тірі калуға жанталасты. Өліп тірілді. Сол жолы да дәл осылай тірі екені, өлі екені белгісіз, көк теңіздің үстінсі ерсілі-қарсылы ұшып жүрді. Онда да дәл қазіргідей Бодаубай ағасы үрейлі теңіздің төсінде отырған-тын. Бұған өкпелі сскілді, карамаған.

Ақпан сол бір қанды-қасаптан да тірі қалды. Есесіне жарық дүниенің тозағын кеңірдектеп кешті. Сағат сайын, сәт сайын ажалмен арпалысты. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген тәмсіл тура осыған айтылған. 45-ші жылы немістің ажал апанынан бұлар азат етілді. Баяғы жалшылықтан азат еткен өз елі, советтер тұтқыннан да азат етіп, екінші тозаққа салды. «Немістің тозағын көрдің ғой, енді біздің тозақты қор» деген сскілді. Кінәсі – тірі қалғаны, неге өлмеген? Демек – сатқын.

Бұдан жаудың тозағы жақсы еді. Жаудан қайыр күтпейсің, маңдайға жазғанды қоресің. Өлсең өкінбей тістеніп, кектеніп өлесің. Ал, мынау қолыңа қару алып қорғаған өз Отаның, ордалы елің, одан қорғас қорлық олімнен де қиын еді. Қан-жоса ғұмыры осылай жалғасты. Ақпан одан да аман қалды. Көрес жарығы бар екен. Екі тозақтан да тірі қалып елге оралды. Соғыстан кейін де оңай болған жоқ, бірақ бәріне тәубе етті. Ұмсын екеуі алты ұл, үш қыз өсірді. Бәрі де ақарлы-шақарлы ел болды.

Оқыды, тоқыды, үлкен-үлкен қызметке ілікті. Тәуелсіз елінің тірегі атанды. Осыған карағанда қарияның арманы жоқ, кенейі түгел секілді. Шыны солай.

Енді жарық жалғанмен қоштасса болатындай... Көкірегін кере демалған ол төңірегіне жиналған бір қауым ұрпағына оты азая бастаған кәрі жанарын бұрғысы келді. Бірдеңе айтсам деп емеурін танытқаны болмаса, басқаға қуаты жетпеді. Тіршілігінде айтам дегенін айтқан да шығар. Дәл қазір өлім мен өмірдің табалдырығында жатып, қайсысына не дегендей. Дегенмен айтқысы келген бір ауыз сөз еді.

Өлер алдында не айтайын дегені белгісіз, әйтеуір. «А...а, а...к...» деп әлденені сыбырлап барып қайтадан сұлық қалды. Қарияның қырылдап, сырылдап айтқан сөзін ешкім түсіне алмаған.

Тағы да шырқыраған жаны көкке көтеріліп бара жатқандай. Іздегені Бодаубай ағасы емес, басқа біреу ме. қалай?.. Соның атын есіне келтірсе, қане. Жаңа ғана айтып жатыр еді, енді сансыраған санадан ұшып ғайып болған. Рухы әлгі есіне түспей тұрған есімді қуып сабылып жүргендей. Оның іздеп жүргені көп жыл бұрын дүниеден озған кемпірі еді. Мына дүниеде мұны түсінген де, аялаған да, жетім жанын жебеген де, жалғыз сол-тын. Ұмсын жарықтық, дүниеден озарында балаларына «әкелеріңді күтіндер» деген жалғыз ауыз тілсз айтып еді. Балаларына қалдырған аманаты сол дерсің. Кемпірі қайтқанда Ақпан ақсақал ұлап-шулап жылаған балаларына басу айтқаны болмаса көзіне жас алған жоқ. Бірақ жүрегі жылап, көкірегі согіліп тұрды. Сол күннен бастап ол өзінің жалғыздығын сезді. Кемпірінің қыркын, жылын өткерді. Басына ескерткіш тұрғызып, кесенс салды. Өзіне де содан орын сайлады. «Мына жалғанда мәңгілік кім бар дейсің, сенің жаныңнан топырақ бұйырса» деп тілсз қылды.

Абыр-сабыр басылған кезде балаларының кішісі Санжар әкесін қолына алмақ болды: «Үйіңізді сатпай-ақ қойыңыз, анда-санда келіп тұрарсыз, біздің қолымызға жүріңіз», – деген болатын. Қария баласының нистін құптағанымен әзірге қал-қуатының барын айтып, біраз жыл байкастауға тоқталған. Өзінс салса балаларының қолына барғысы да бар. Бірақ бұ шіркіндердің бәрі де туған жерге тұрақтамай бірі Алматы, бірі Астана, бірі Торғай асып қырым-сырымды кезіп кетті ғой. Қыздары да солай. «Қартайғанда қаусаған сүйегімді сүйреп, қай қиырға барамын» дейді де. Сөйтіп балаларының сұқайсының да қолына бармады. «Бармаймын» демейді, «барам» дейді, онысы қашан екенін өзі де білмейтін.

Уақыт өте келе қария дүниенің қиыны жалғыздық екенін білді. «Жалғыздық бір Аллаға жарасқан» деген бекер емес екен. Жалғыздық меңдеген адамды жын нектеп, ойын шайтан орнектейтін секілді. Кемпірінің жылы өткеннен кейін-ақ ол жалғыздық деген тажалдың құрығына түсті. Сол кезде оның жанына араша болған да (өзі солай ойлайды) ұзақ жылдар отасқан кемпірі болатын. Әуелгіде ол екі бөлмелі үйден кемпірінің жүрген жүрісін, сөйлеген сөзін естігенде тұла бойы мұздап, болменің ортасында қалшынып тұрып қалған. Бірақ, келе-келе оған мүлде бауыр басып, сөйлесетін болды. Құдды кемпірі өлмеген секілді. Онсыз да кемпірі бар кездегі тұтынған дүние-мүлік со қалпы, орны-орнында самсап тұратын. Соның бәрі Ақпан ақсақалға ертелі-кеш бәйбішесін есіне салып, тіпті шақырып тұрғандай.

Ертеңгілік кемпірі екеуі баяғыдағыдай бірге шай ішіп отыратып болды. Күндегі әдетімен ас үйге кіріп шай демдеп, дастарқан жасап, үстелдің шетіне екі кесе, екі қалайы қасық қойып, кемпірін шайға шақыруды дағдыға айналдырған. Бүгін де солай,

үстел басына жайғасып отырған соң шығарып шай құйып бір шыны шай іпті. Соңғы кезде асқазаны мазалап жүргенін, бүтін жайлы ұйықтағанын айтып отырды. «Бәлі, мен саған шай құймаған екем ғой, кара басып. Не ақыл бар дейсің бізде?» – дейді. Сөйтіп қарсы орындықтың тұсына қойған шыны аяққа шай құйып «Ұмсынай!» деп кемпірінің атын атап «ыстық, ыстық шай ал» делі.

Содан соң кемпірінің конетоз шәлісін беліне қайта орап жатып: «Сенің мына бір орамалың ракат болды. осыны орағаннан бері белімнің сыздағаны қойды», – деп беліне қаусырған түбіт шәлінің созылып, жырымдалып кеткен ұштарын ілгектеп байлап орнына қайта жайғасты. Ақпан қария дәл осылай жүре берер ме еді, кім білсін, кенеттен мына бір оқиғаның киіп кеткені.

Бір күні әлдебір замандасы қайтыс болып, Ақпан ақсақал әлгінің қонағасына барды. Көңіл айта келгендер көп екен. Қариялар әдеттегідей бір өңкей үлкен ақ дастарқан басында жайғасқан. Солардың арасында, шамасы сырттан келген болу керек, маңдайы жарқырап бір келбетті адам отырды. Бейтаныс адам дастарқан басында суырылып сөйлемесе де, жиналғандардың көбінің назары әлгі кісіге ауған. Ақпанға солай көрінді. Сөйтсе ол Ақәулие деген кісі екен. Бұрын-соңды естімеген адамы. Ас ішіліп, бата жасалып, құран оқылған соң ел тарай бастаған. Осы кезде әлгі Ақәулие Ақпан қарияға бұрылып:

«Ақсақал, сіз кідіре тұрсаңыз бөлар еді. Сізге айтар бір өтінішім бар. Мені мазалап, сізге жеткіз деген аманат бар», – деді орнынан еңсеріле көтерілген әлгі адам.

Мұны естіген Ақпан қарияның көрі жанары жапты ете қалғандай болды. Кімнің нені «жеткіз» деп тұрғанын түсіне алмай, бейтаныс адамның жүзіне таңырқай қараған ол не шаруа екенін сұраған. Сондағы Ақәулиенің бұған айтқаны күтпеген тосын

жайт болды. Осы уақытқа дейін ол шымыр да ширак еді. Жасының ұлғайғаны болмаса ешкімге салмағын салған жан емес-ті. Ақәулиең әлгі сөзінен соң ол мұрттай ұшты.

Өңі қуарып, қол-аяғы қалтыраған қария, шілгірдің ыстығында безгек шалғандай дірдек қағып, үйіне әзер жетті. Үйге келген соң да жанын қоярға жер таппаса, қане, байыз табар емес. Бір отырды, бір тұрды. Күндегідей кемпірімен де сөйлесе алмады. О, шіркін де үйден безіп кеткен секілді, дыбыс жоқ. Төңірек құлаққа ұрған танадай. Қарияның жанына батқаны да сол.

Бір мезет бейдауа халден қажып, көзін жұмып, жастыққа жантаюы мұң еді, әлгі Ақәулие: «Ақсақал, мұныңыз қалай, алда қашан дүниеден озған адамның аруағын күңіретіп, мазалағаныңыз не? Тіршілігінде сізге қылаудай қиянат келтірмей, жанын шүберекке түйіп, амандығыңызды тілеп, өмірден озған зайыбыңыздың аруағына мұныңыз ауыр ғой. Құдайдан неге қорықпайсыз?»

Әлгіде ғана Ақәулие айтқан мына сөздер құлағын қарып түскендей, тағы да саңкылдап естілді. Онымен қоймай: «Сізге ермек жоқ па?», дегендей болды, «Алтындай-алтындай немере-шөберелеріңіз бар екен, барыңыз соларға» деп сөгіп тұрғандай.

Қария сол түні жылады. Сол түні дыбысын шығармай иығы селкілдеп ұзақ өксіді. Жүрегі езіліп, көкірегі күйіп, «мені неге қалдырдың, өзіңмен бірге әкет» деп талықсып барып көз ілді.

Сол бір маусымның мазасыз түнінде аспанның жүзі де бұлыңғыр еді. Кәрі Балқаштың ызылдап соққан тентек желі де түннің бір уағына дейін сабасына түспей есік терезені соққылап, елегізген жанды мазалаумен болды.

Ақпан ақсақал ертеңгілік орнынан тұра алмады, келесі күні де, одан кейінде төсекте сұлық жатты.

Денесі дел-сал. Көңілін кордей қараңғылық басқан. Санасын торлаған өткен күннің ауыр оқиғалары сеңдей соғылысып, жанын азапқа салуда. Осыдан біраз бұрын ертеден таныс бір кейуана кездесіп қалды. Қария есік алдында күнестеп отырған. «Ақпан ата, сізбісіз, танымай қалдым» деген дауысқа бұрылса жүзі таныс орыс кемпірі бұған мейірлене қарап тұр екен. «Сіз мені танымадыңыз ба? Менің балам сіздің Санжармен бірге оқыған» – дейді әлгі кейуана, сойтіп мұның хал-жағдайын сұрап жатыр.

«Балаларың кеп тұра ма, қарайласа ма?» – деп тәтпіштесін. Өзі бір жерде түнгі күзетте жұмыс істейді екен. Соны естіген Ақпан қария: «Ей, бейшара-ау, қалай күзетесің, қорықпайсың ба?» – деді. Мұның сөзіне таңданғандай рай танытқан әлгі кейуана: «Жоқ, жалғыз емеспін, құдаймен біргемін. Құдай бар ғой», – деді. «Е, түріне қарамай түнде біреумен кездеседі-ау, шамасы» деп ойлап қалған қария, комейіне келген әлгі сөзді айтпағанына қуанды. Дегенмен кемпірдің сөзіне сенсе алмады: «Алжиын деген-ау шамасы, құдайды қасына көмекші қылып алғанына қарағанда» деп ойлаған. Мұны айтып та салатын еді, сөйлесуге зауқы болмады. Енді ойласа ол кемпірдің ақыл-есі сау, алжиын деген өзі болды. Ақәулие солай деді емес пе?!

Ақпан қария осылайша неше күннен бері бас көтермеді. Безілдеген телефонға да барғысы жоқ. Күн құрғатпай телефон соғып отырған балалары «әкеміз сырқаттанып қалды ма?» деп алып ұшып жеткен беті сол еді.

Бір мезет демі үзіліп кеткендей болған қария қайтадан ауыр-ауыр тыныстан көзін ашты. Ерні жыбырлап әлдеқашан дүниеден озған кемпірі Ұмсынай кейуананың есімін аузына алды. Соны ойына түсіре алмай, жарық дүниеден кете алмай киналып жатқан секілді. Оты сөңс бастаған кәрі жанарын жағалай

жаудырап отырған балаларына бұрған болды. Содан соң кеудесінің сырылын басып, «Ақәулие деген адамды... шақырып құран оқытыңдар», дегенді үзіп-жарып жеткізген болды. Бұл оның актық сөзі еді. Тіршілігінде кәлимаға тілі келмесе де өлерінде құран деген қасиетті сөзді аузына алған, Ақпан қария фәниден бақиға озды.

Кәрі ұясын тастап шыққан оның рухы бір сәт еңселі үйдің қасбетін сағалап, күңірсеніп жылаған ұрпақтарына қаран тұрды. Тіршілігінде ешкімнің жылағанын қош көрмеуші еді. Енді жүйке жұлынның бәрін тастап шыққан асқақ рухы ғана тамам жұртпен бақұлдасып, Көктеңіздің жағасындағы кәрі қорғанға қарай ұшып шыға берді. Онда балаларының анасы, аз жары Үмсынай бар. Тіршілікте ұмытпаған аяулы жанның есімін өлгенде қалай ұмытсын, ұмытпайды да. Тек жаратқан қолдаса деңіз.



СҰМЫРАЙ

Алматы әуежайы. Ығы-жығы халық. Жаңа ғана Мәскеуден ұшып келген әуе көлігінен түскендер арасында Сымайыл оқымысты да бар еді. Ол Алматыдағы оқуын тауысқан соң көп жыл Мәскеуде тұрды, сонда оқыды, тоқыды. Білім-білігін молайтып елге оралған беті. Неге екенін қайдам, оқымыстыны ешкім қарсы ала қоймады. Тіпті оның келетінін туғандары да білмейтін секілді. Жасы қырыққа жақындаса да салт басты, сабау қамшылы жүрген Сымайыл қазір де жалғыз. Бір өзі сопиып әуежайдың кең залын кесіп өтіп, қала жақ бетке шыққанда «Такси, такси керек пе?» деген бейтаныс дауысқа жалт бұрылды. Бұрыла сала, тура соны тосып тұрғандай, әлгінің соңынан ере жөнелді. Көлікке мініп, баратын жеріне тезірек жетіп қалмақ.

Жүрдек көлік жүйткі жөнелгенде, жүргізуші:

— Иә, жолыңыз болсын, қайдан келесіз? — деді қазақша тіл қатып. Сымайыл болса оған бағжиып бір қарады да, қазақша түсінбейтінін білдірді. Иығын қикаң еткізген таксист: «Е, анау болдың ғой» дегендей үнсіз қалды.

...«Туған жердің топырағы да, тау-тасы да ыстық» деуші еді, оқымысты Сымайылдың соны қаншалықты сезінгенін кім білсін, әйтеуір келгеннен бері көңілі алабұртып, Алматыны жатырқап жүрді. Тіпті осында оралғанына қуанғаны да, опынғаны да белгісіз, көңілі күпті. Уақыт озған сайын жан дүниесін жайлаған осы бір жұмбақ жайдан ол арыла алмады. Туған қаласы да оған еміреніп тұрмағандай. Бұрынғы «Алма-Ата» жоқ, енді — Алматы. Қайда барсаң — жайма базар және

базардың бәрі – кілең қазақтар. Бұлардың қайдан ағылып келіп жатқанына аң-таң. Сондай күндердің бірінде орталықта жүріп жатқан әлдебір мәшһүр акынның кешіне тап болғаны. Соны көргенде-ақ жүрегіндегі түйткілдің беті ашылып, жанын мазалаған тосын жайттың сырын анық аңғарды.

Акынның кеші шаһардағы хан сарайындай ғимаратта өтті. Зал толы адам. Олардың қазақша көсіле сөйлесінін көрген Сымайыл жанпәрс састы, жүрегі алқынып, жерге енердей ұялды. Баяғы арт-та қалған жабайы қазақ тілінде бұлардың не деп жатқаны беймәлім. Бір кереметі, әлгі акын жыр оқыған сайын тыңдарманның көздері жаркылдап, ұшқын атып, ешкімді елер емес. «Не деген надан, әлі түк өзгермепті-ау?!» – деді Сымайыл қамығып. «Өркениетті елдерге бұл тіл мүлде керек емес. Не техникаға, не медицинаға жарамайтын, мал соңында жүрген қойшы-қоланның тілін әлі ұялмай дәріптеп жүргендері қалай?!» – деп кірерге тесік таппай, есікті іздеп, залдан безе қашты.

Содан үйге келе сала қаламға жармасты, түніменен ақ қағазды армансыз адақтады. Қамал бұзардай қакыратып жазды. Алма-Атадан айырылып қалған зарын, кеудесін кернеген ызасын қапалана токті. Қыза-қыза: «Сендердің тілдерің ешуақытта да мемлекеттік тіл болмайды. Өздерің сияқты өркениет шанына көмілгендердің отбасынан арыға аспайды», – деп кесіп-пішіп, келемеж етті. Сөзінің соңында: «Мәмбеттер, – деді ол, – сендерді 32-37 жылдары аз өлтірген, «вас мало мочили», «әлі рулық деңгейден аспаған...» деп сілтеді дерсің Сымайыл. Сондағы қырына алғаны, сөгіп жатқаны – өзінің туған халқы. Оның тілін де жерден алып, жерге салды. Ертеңгісін тұра сала ресми тілде шығатын үлкен газеттің біріне әлгі жазғанын жанығып жеткізді.

базардың бәрі – кілең қазақтар. Бұлардың қайдан ағылып келіп жатқанына аң-таң. Сондай күндердің бірінде орталықта жүріп жатқан әлдебір мәшһүр акынның кешіне тап болғаны. Соны көргенде-ақ жүрегіндегі түйткілдің беті ашылып, жанын мазалаған тосын жайттың сырын анық аңғарды.

Акынның кеші шаһардағы хан сарайындай ғимаратта өтті. Зал толы адам. Олардың қазақша көсілс сөйлесінін көрген Сымайыл жанпәрс састы, жүрегі алқынып, жерге енердей ұялды. Баяғы арт-та қалған жабайы қазақ тілінде бұлардың не деп жатқаны беймәлім. Бір кереметі, әлгі акын жыр оқыған сайын тыңдарманның көздері жаркылдап, ұшқын атып, ешкімді елер емес. «Не деген надан, әлі түк өзгермеспті-ау?!» – деді Сымайыл қамығып. «Өркениетті елдерге бұл тіл мүлде керек емес. Не техникаға, не медицинаға жарамайтын, мал соңында жүрген қойшы-қолаңның тілін әлі ұялмай дәріптеп жүргендері қалай?!» – деп кірерге тесік таппай, есікті іздеп, залдан безе қашты.

Содан үйге келе сала қаламға жармасты, түніменен ақ қағазды армансыз адақтады. Қамал бұзардай қақыратып жазды. Алма-Атадан айырылып қалған зарын, кеудесін кернесген ызасын қапалана төкті. Қыза-қыза: «Сендердің тілдерің ешуақытта да мемлекеттік тіл болмайды. Өздерің сияқты өркениет шаңына көмілгендердің отбасынан арыға аспайды», – деп кесіп-пішіп, келемеж етті. Сөзінің соңында: «Мәмбеттер, – деді ол, – сендерді 32-37 жылдары аз өлтірген, «вас мало мочили», «әлі рулық деңгейден аспаған...» деп сілтеді дерсің Сымайыл. Сондағы қырына алғаны, сөгіп жатқаны – өзінің туған халқы. Оның тілін де жерден алып, жерге салды. Ертеңгісін тұра сала ресми тілде шығатын үлкен газеттің біріне әлгі жазғанын жанығып жеткізді.

Онда отырған басылым басшысы Сымайылдың мақаласын оқығанда «жерден жеті қоян тапқандай» қуанып, мұның әлгі сүрепетсіз сөздерін қырнап-сырлап газеттің жарты бетіне жариялап, алаканын ысқылап, «үрит соқ» десті.

Сол күні Алматының күні бұлттанып, сіркіреп жауған жаңбырдың соңы ақ жауынға ұласты. Сымайылдың анасы Нұрбике әдеттегідей үйде жалғыз еді. Ашық терезеден тысқа көз тастап, сіркіреген жаңбырдың дыбысына құлақ тосқандай ой үстінде отырған.

Соңғы уақыттарда кейуананың денсаулығы сыр беріп, жүріп-тұрудың өзі мұңға айналған. Тұрмыстағы қыздары маңында, сол ғана көңілге тірек. Жалғыз ұлы Мәскеуден оралғалы анасына әлі келмегенді. Нұрбикенің де есіл-дерті сол: «Сымайылжан бүгін келіп қалар, ертең келіп қалар», – деп, көңілі алабұртып, алаң-салаң. Осы кезде телефон безілдеді:

– Сымайыл шығар телефондап жатқан... Келейін деген ғой... Қарағым-ай... – деп тырп-тырп басып, тұтқаға құлағын тосқан. Сойтсе, әлдебір бейтаныс әйел: «Бүгінгі газетте сіздің оқымысты ұлыңыздың өз ұлтына топырақ шашқан мақаласы жүр. Газетті поштаңызға салып қойдым! Алып оқыңыз! Балам «дардай» оқымысты деуші едіңіз... Тұлыпқа мөңіреген сорлы! Көр сенді! Ол – нағыз сұмырай!» – деді бейтаныс әйел шаптығып. Мұны естіген қарт ананың денесі түршігіп, қолы-басы дірілдеп кетті. Әуелгіде ол не істерін білмей дағдарды. Сонсоң аяғындағы тәпішкесін ауыстырмастан, жауынды күнді елемей далаға асықты. «Газетті поштаңызға салып қойдым» деген сөз ғана оны сыртқа ала жөнелген. Үйге қайта кірген кейуана баласының мақаласын оқып, көп уақытқа дейін: «Бұл қалай болды? Менің балам бұлай демесе керек еді...» – деп, өз көзіне өзі сенер-сенбесін

білмей екіұшты ойға батты. Ақыры баласына телефон шалды, мән-жайды өз аузынан естімек.

Сұмырай анасының даусын естіген бетте:

– Ой, Мамаша, жағдайың қалай? Барып шығуға қол тимей жатыр. Мен Алма-Атаға біржола оралдым! Асықпай келемін. Бір төтен жұмыс киіп кетті, – деп шұбырта бергенде, анасы оның сөзін бөліп:

– Сымайыл, балам, есенсің бе, карағым? Сен келеді деп екі көзім төрт болып, жолыңды тосып отырғанда мына сұмдығың... – деп кемсендеп, даусы жарықшактанып кеткен.

– Не боп қалды, Мамаша, айтсаңшы?

– Мына газеттен бір мақала оқып отырмын... Астында сенің аты-жөнің жазылған. Шынықты айтшы, бұны сен жазбаған шығарсың? Сен емессің ғой, солай ма?.. Уһ!..

– Ой, Мамаша, ана мәмбеттер туралы мақаланы айтасың ба? Әринс, мсінікі. Маған достарым «мықты жазылған» деп мақтап жатыр. Сізге ұнады ма?

Мына сөзді естіген Нұрбикенің аузына сөз түспей тұтығып, бөгсіліп қалды.

– Алло, алло, мама... Уайымдама, ертең келемін.

– Балам, мені тыңда. Әлгіде бір әйел сенің мақалаң туралы телефоннан маған былай деді. Естіп тұрсың ба?

– Иә, иә, естіп тұрмын, айта бер. Не дейді ол?

– Тыңда, – деді кейуана даусы қатайып. – «Сенің ұлың – сұмырай!» – деді. Сені айтып тұр ол, «Сұмырай» деп. «Өз ұлтына топырақ шашып, қаралап жатыр. Ұл таптым деп жүрсің ғой, ондай ұлдың ба-рынан жоғы», – деді. Мұны естігенше, өлгенім артық еді. Сені оқыған, тоқыған, ел-жұртына тұлға болады деп жүрсем осындай қасиетсіз іске барғаның ба? Атаң Естемес халқының айтулы азаматы еді. 37-нің құрбаны болып, түрменің азабын көріп, ғұмырын

өксікпен өткізген, «ұлым» деп у жұтқан жан еді. Немересінің мына сорақысын көрсе не дер еді ол?! Қарағым-ау, атаңның аруағын сыйласаң етті...

Анасының үні қарлығын, уһілеп, әрі қарай сөйлей алмай қалған.

Сол күні ұлт жанашыры деген азаматтардың көбі дүрлігіп, «іштен шыққан жау жаман деген, мынау нағыз сұмырай екен» десті. Зиялы азаматтар жиналып: «Бұл жігітті шақырып сөйлесейік, түсіндірейік. Жаман атаның баласы емес, атакты Естемес Елеуовтің ұрпағы, жастықпен қателескен шығар, адасқан болар, ақылға келтірейік» дескен. Ол екі арада намысқой жастар жиналып, «ұлтты қорлап, ел арасына іріткі салды» деп, мақала авторын сотқа берді.

Бірақ Сұмырайдың олармен ісі болған жоқ, ол енді қазақ тілін іске алғысыз етудің қарекетіне кіріскен.

– Таптым! – деді, тағы да бір сойқанның құлағын қылтнтқан Сұмырай, – Бұлардың ешуақытта жазуы болмаған, әлі күнге кирилдің қарпіне мінгесіп жүр емес пе?! Айтпақшы, жакында Мәскеуде тұратын әлдебір сықақшы былай депті: «Қазақстанға барғанда орысша жазылған жарнамаларға көзім түсті, қызықты қара: әлгіні жатып оқимын, тұрып оқимын, түсінбеймін, өзіміздің кирилдің қарпімен жазылған. Сөйтсем қазақша сөздер екен, мұны еш уақытта білген емеспін», – деп кереметке кенелгендей елді күлкіге жығады. Істің байыбына барып жатқан кім бар, көпшілікке әйтеуір, күлкі керек. Ал Сұмырайдың түйсігі бойынша мұның бәрі таптырмас дерек, маңызды дәйек секілді.

Осындайларды ойдан-қырдан құраған ол «қарсыластарын» тағы да қырына алды.

Сөйткенше болған жоқ, соттан шақырту қағазы келді. Ал «Сұмырайға сот жоқ» дерсің, шақырту қағазын умаждап коқысқа лақтырған ол: «Сотқа

бергенді мен сендерге көрсетейін, кіл надан!» – деп жазып жатқан мақаласын асығыс аяқтап, әлгі беделді басылымның басшысымен тілдесті. Өзіне жасап жатқан қысымға төзе алмайтынын желеу етіп, сала құлаш мақаласын ертесіне редакцияға жеткізді. Газет редакторы мұның жазғанын бас алмай оқыды. Сонсоң бұған таңырқай қарап біраз отырды. «Нағыз Сұмырай» деді ішінен. «Мұндай Сұмырайды пайдалануымыз керек. Өзі келіп отыр ғой...»

Содан кейін темекісін тұтатып, ойлы жүзін бұған тағы да бұрды. Мұның көлдей бетінен, таңқиған танауынан бірденіс іздегендей сүзілді.

– Үлкен ортадан келгеніңіз көрініп тұр, – деді, мұның біраз жыл Мәскеуде оқығанын тұспалдап, астына көпшік қоя, қулана сөйлеген ол. – Рухы биік адамдар ғана тобырлық санаға сыя бермейтін осындай өрісі кең ойларды, өткір пікірлерді қазып айтады. Мақалаңыз маған бек қатты ұнады.

Сұмырайды тағы біраз мактады. Сөйлеген сайын темекісінің күлін күлсалғышқа шертіп түсіріп:

– Бүгінгі қазақ жазушыларынан кімдерді оқисыз? – деп тағы бір сұркия сұрақтың құлағын кылтитты. Сұмырай да сөзден сүрінбеді, әлем мойындаған Мұхтар Әуезовті аузына алды, артынша «тағы қайсысы бар еді?» деп тосылды.

Іле орыс тілінде жазатын аты белгілі қазақ ақын-жазушылардың бір-скеуінің атын атады.

– Маған осылар ұнайды, бұрынғы классиктер кетіп, олардың «ізін басады» дегендердің қарасына көңіл орта, қалам ұстағандардың көбініңкі халтура, – деді. Екеуі ұзақ сөйлесті. Газет басшысы елдің жүйкесіне ши жүгіртетін осындай мақалалардың болғанын мақұл көретінін білдірді. Оның иісін Сұмырай да сезді. Екеуі бірін-бірі ұғып, қол алысып тарасты.

Апта айналып келгенде Сұмырайдың мақаласы жарық көріп, ел іші тағы да толқып, гулеп кетті. Оның бұл жолғы әуені: «Қазақ тілінің келешегі жоқ, мешел, ал оқырман болса уақыт тамырын дөп баса-тын жазарманға мұқтаж» дегенді әр қырынан өзінше саралаған.

Баласының мына маскарасын естіген Нұрбике бұл жолы есенгіреп қалды. Туған ұлы. Тоғыз ай көтеріп, жарық дүниеге әкелген тұла бойы тұңғышы. Ауыр ойдан сансыраған шешесі: «Бұл шоқынын кетті ме? Әлде біреулер зорлап осылай айтқызып жатыр ма?» – деп баласының буынсыз жерге пышақ ұрған әрекетін түсініп болар емес. «Айыбы туған тілін білмей өсті демесен, әкс-шешесі, зәу-заты қазақ бола тұра... Апырай, ә?!» – деді ол. Кенеттен әлдебір құрбысынын: «Тұқым тұяғының қазақ болғаны түк емес, егер адам ана тілінен мақұрым өссе, оны мәңгірт дей бер» деген сөзі ойына оралып, санасын солқ еткізгендей осып өткені. Сол-ақ екен, көңілі іркіттей іріді. «Атасы Алашым деп «аһ» ұрған адам еді, енді не болды?!» – деп кемпір байғұс карадай қиналды. Естіген елден ұялды.

Келесі күні Нұрбике баласына тағы да телефон соқты. Бұл жолы анасының даусы өткендегідей емес, қарлығып, баяу естілді.

– Қарағым-ай! – деді ол. – Жазатын тақырып, айта-тын сөз таусылды ма, саған? Қазақта нең бар? Қазақты сен жаратқан жоқсың, халықтан үлкен емессің. Қарайған елді ғайбаттағаның қалай, шырағым-ау?!

– Ой, Мама, сен тағы бастадың ба?! Қойсаңшы енді! Бұл менің өз пікірім, ода ешкімнің шаруасы жоқ.

– Қарағым, балам, сен өзің сөз ұғудан қалған екенсің. Мен саған соңғы рет айтайын.

– Ал, тыңдадық, не айтасың?

– Сен не істесең де өз еркің, өз билігің өзінде: орыс боласың ба, шұршіт боласың ба, шокынасың ба, еркін білсін, қарағым. Тек қазақты «бәлен-түген» дегенінді доғар! Ұлтқа да, оның ұлдарына да тиіспеші! Мүбәда ақ сүтімді кешпеймін! Осыны ұқшы! – деді.

– Ол жалғыз сенің ұлтың емес, менің де ұлтым.

– Жоқ! Сенде ұлт жоқ секілді. Сені мына ел «Сұмырай» деп атап кетті. Соны білесің бе? Соны есту маған қаншалықты ауыр екенін ұғасың ба? Қарағым-ау! Мен сенің туған анаңмын ғой, сөз ұқпағанын қалай?!

Ана мен баланың әңгімесі осылай аяқталды. Сұмырай болса қартайған шешесінің сөзін алжыдыға балады. «Бәрібір түсінбейді», – деді.

Жасы ұлғайған анасының денсаулығы да болмай кұр сүлдесі жүр еді, баласымен болған әңгімеден соң мүлде жатып қалды. Кәрі жанары суланып, кеудесіне өксік тығылды. Есіне дүниеден ерте озған күйсуі оралды: «Баланы дұрыс тәрбиелемедің» деп мұны жазғыратын секілді. «Мен неден жаза бастым, бұл неге бұлай болды?» деген жауапсыз сұрақтар жан-жағынан қамалап, жанын азапқа салуда.

Өз ұлтына топырақ шашқан баласының кісәпір ісін кешке алмаған Нұрбике ұзамай дүние салды. Қыздары дереу ағаларына хабарлап, тез жетуін сұрады.

Түн жарымда суыт хабарды естіген Сұмырай анасының үйіне шұғыл келді. Пәниден бақиға озған марқұм сұп-сұр болып өзінің күндегі жұмсақ төсегінде шалқасынан жатыр екен. Бетін көлегейлеп қойыпты. Тек астыңғы иегі салбырап, марқұмның аузы аңқайып, ашылып қалған. Бұндайды бұрын-соңды көрмеген Сұмырайдың өлікке қарауға жүрегі дауаламай анасының бетін тез жауып, теріс айналды.

Екі-үш баланың шешесі атанған қыздары да, өлікті жөнелтудің мән-жайынан бейхабар екен. Екі қыздың бар сенгендері ағалары. Бір басына білім-білігі жететін үлкен азамат. Сол не айтса соны істеуге пейіл. Ағалары болса бұларға басу айтып: «Түн ішінде не істейміз, үйлеріңе барып демалыңдар, ертең де күн бар ғой», – дейді. «Бір есептен оныкі де дұрыс. Қалалы жерде, жеті түнде кімді мазалаймыз?» – деп қыздар да әрі-сәрі.

Анасының үйі қаланың орта тұсындағы биік үйдің екінші қабатында, бір бөлмелі пәтер. Үйгеуі қуықтай бөлменің қай жеріне сыйғандай.

– Үйде балалар жалғыз еді, күйеуім түнгі жұмыста, әлі естіген жоқ, – дейді үлкен қыз ағасына мән-жайды баяндап. Екінші қарындасының да жолдасы қалада жоқ, жұмыс бабымен жол жүріп кеткен болды.

Мұны естіген Сұмырай:

– Оларға таңертең хабар беріңдер, жеті түнде мазаламайық. Ал, қазір үйлеріңе қайтыңдар, мен де үйіме барайын, мұнда босқа отырмайық, – деді.

– Сымайыл, олай етпеңіз. Сіз осында болыңыз, анамыздың мәйітін несіз қалдырғанымыз болмас, – деді үлкен қарындасы шыдамсыздана сөйлеп.

– Неге? – деді Сұмырай. – Неменеге отырамыз, ертең де күн бар ғой. Таңертең келсек болмай ма? – деп сырғактатып еді, оған қарындастары көнбеді. Аналарын мына қалпында қалдырып кеткенді ыңғайсыз көрген олар Сымайылды екі жақтап әзер иді. Сұмырай келісуін келіскенімен мәйіттің қасында отыруға жүрегі дауаламай әлденеден тіксінуде. Онысын сездіргісі жоқ.

Қыздар қайтқан соң ол да үйде көп отырмай далаға шығып кетті. Күндізгі қапырық ыстықтың қызуы қайтып, түнгі қоңыр саумал күні бойы ыстық шарпыған бетон қабырғаларды салқындатып

тұрғандай. Сұмырай саумал түннің жібек самалын бетке алып түнгі қаланы шарлап, бірсыпыра жүрді. Кері қайтып келе жатып, анасының кенеттен қайтқанын ойлады. «Ертең келісіп қойған жұмыстары бар еді, соған бөгет болғанын карашы», – дейді іштей қынжылып.

Осы оймен ол анасының үйіне қайта кірді. Келсе безілдеген телефон, қолды аяққа тұрар емес. Сөйтсе үлкен қарындасы мұны «қайда жүрсің?» деп іздеп жатыр.

– Босқа отырмай кімдерге айтамыз, соның тізімін жасай бер, ертенгілік телефонға отырып хабарлаймыз, – деп бұған тапсырма беруде.

...Түн. Сұмырайдың талайға дейін кірпігі айкаспады. Анасы шынымен дүниеден озды ма?! Анадан бері анасына келмегені, кәрі шешесінің жағдайын сұрамағаны ойына орала берген. Бүйтіп тез өледі деп кім ойлаған. Ылғи телефонмен сөйлескені болмаса шешесін соңғы рет қашан көргені де есіне түспеді. Ауық-ауық анасы жатқан ағаш төсекке қарап қояды. Бөлменің жарығы шақырайып тұрғаннан соң шамды өшіріп тастады. Өшіруін өшіргенмен елегізіп, ұзақ жатты. Әйтеуір бір заматта көзі ілініп кеткен екен. Әлденеден сескеліп, денесі түршігіп ояңғаны. Үйдің іші терезеден түскен айдын, әлде сырттағы электр шамының жарығынан ба алакөлеңке тартып тұрды. Сұмырайдың бойып қорқыныш билеп, денесі мұздап кетті. Анасы жатқан терезе тұсындағы ағаш төсекке көз қнығын салды. Неге қарады, өзі де білмейді. Әуелгіде үйдің іші бұлдырағандай сштсңсі байқай алмай жатқан. Кенет өлді деген анасы екі қолын жоғары көтеріп, алаканын ашып, саусақтарын созып жатқанын байқады. Тура солай! Көзінің қнығын аудармай кадала қараған Сұмырайдың зәресі зәр түбіне кетті. Жатқан орнына біреу шегелеп тастағандай, денесі сіресіп, мой-

ны қарысын қалған. Өлген адам шешесі емес, бұл секілді. Үрейлі Сұмырай дерсу көзін тас қып жұма қойды. Сойтсе «кәтерден» құтылатындай. Сол мезет үйдің ішін көрдей тыныштық кеуледі. Артынша... иә, иә..., шешесі жатқан ағаш төсек сықырлап, анасы түрегеліп бұған қарай жүріп келе жатқандай. Аяқ басқаны, еденнің сықыры, бәрі-бәрі ап-анық естіліп, шешесінің лебі бірте-бірте жақындай берді.

Сұмырай жатқан орнына тас болып қатып қалған. Бойын үрей билеген ол бар пәрменімен айғай салды, бірақ даусы жоқ, тамағы қылқынып, үні шығар емес. Сонсоң жандәрмен қашпак болып тұра ұмтылғаны сол еді, диваннан жерге «гүрс» ете құлағаны. Сол бетте жанталаса атып тұрам дегенде, әлдебір әлеустті қол жерден котеріп алып, еденге қайта ұрғанда, көзінің алды жарқ ете қалды. Одан әрі Сұмырайдың есі ауып бара жатты.

Түнек түн сақ-сақ күліп, бірте-бірте алыстай берген. Көкжиекті таң кірпігі түртіп ашып, ару қала тағы бір мазасыз күнді қарсы алып жатты.

Аналарының үйіне күн шықпай келген қарындастары мен күйеу балалары Сұмырайды еденде есі ауып жатқан жерінен әсер тұрғызды. Мына сұмдықты көріп, шешелерінен өлідей, ағаларынан тірідей айырылған екі қыздың есі шығып кетті. Енді қайтсін, Сұмырай болса да алдарында жүрген ағалары ғой. «Мәйітпен бірге түнемеуі керек еді, шошынған ғой, сірә» деді былайғы жұрт. Сол күннен бастап Сұмырай кәдімгідей жынданып кетті. Көзі атыздай болып, әрі өткен, бері өткендердің бәрінс аузын ашып, тілін көрсете берді...

2014 жыл, шілде.

КЕПИЕТ

Терезелері тұмшаланған кара «Джин» көлігі Арқарлы асуынан асқан соң жер танабын қуырып, қатты жүрді. Жол жиегін қуалай өскен сидам ағаштар жалт етіп, қол бұлғағандай дөңгелеп артта қалып барады. Кей тұста текше-текше егін алқаптары көзге шалынады. Алыста мұнартқан тау жоталары бұлармен қапталдаса жарысып қалар емес. Үлкен машинаның артқы орындығына жайғасқан Мергенбай терезе әйнегінен төңірекке сүзіле көз тастап, осынау әсем көрініске телміре қарауда.

Қатты жүрген көлік бір мезет жүрісін бәсеңдетіп, тас жолдан түсіп оң қапталдағы биік тау қолатына қарай маңдай берген. Таптауыр дала жолымен сүт пісірімнен артық жүріп келіп, манадан көз тартқан жоталы биіктің етегіне жетіп тоқтады.

— Міне, осы жер, — деді Мергенбай жерге түскен бетте жігіттерге бұрылып. — Бұдан әрі тауға жаяу шығамыз. Біраз жер жүрсек, алдымыздан Найзатастың қасиетті бұлағы көрінеді. Ол бір керемет жер. Қазір көрсесіңдер. Осыны айтқан ол:

— Дасан, менің кешегі атсоғарым қайда? Ол бізге керек, — деді. Сонсоң биік таудың жоталарына қызыға көз тастап: — Көрдіндер ме, Жетісудың кереметін?! — деп сүйсіне тіл қатты.

Осы кезде сондарына ілескен екінші көліктегі жігіттер де жетіп тоқтаған. Мергенбай Дасан әкеп берген бұзаутіс, жуан атсоғарды қолына алып жатып:

— Осы арада бөлінеміз. Біз төртеуіміз тауға шығып, жер жағдайын көріп келейік, қалғандарың осында

калыңдар, – деді. Сонсоң қасына Дасан мен өзінің қарулы оққағары, көпшілік жуан жұдырық атап кеткен Оқанды, ел жақтан ала келген сәулетші жігітті ертін тауға беттеді. Ұзақ жүрістен құрысқан денелерін жазған аптал азаматтар тау басына лезде көтерілді. Қатты жүргеннен болар, жотаға шыққанда Мергенбай мырза сәл алқынып қалды. Сосын бүлдіргесін қолына ілген атсоғарын бүктеп ұстап, балағына жабысқан шөп-шаламды қағып жатып:

– Енді біраз жүрсек, Найзатасқа ілігеміз.

Сол тыныстап алған жолаушылар сентелсіз басып қайтадан алға көтерілгенде, қарсы алдынан шағын ауыл шықты. Бір жерде палатка, бір жерде киіз үй тігілген кішігірім ауыл секілді. Үлкенді-кішілі бала-шаға, ақ жаулықты аналар мен қартаң адамдар. Бәрі әлденеге үймелесіп, өзді-өзі әбігер. Сол сәтте Мергенбаймен қатарласа келе жатқан Дасан:

– Аға! Аға! Анапы қараңыз! – деді шөшына тіл қатып.

Қалт тұра қалған Мергенбай, өзіне таяқтастам жерде бұған айбат шегіп, шаншыла ысылдап тұрған қарашұбар жыланды байқады. «Көпірдің түрі не деген суық?!» – деді іштей тіксініп, бойын тез жинаған ол. Іле-шала шалт қимылдап, қолындағы жуан атсоғарын жыланға қарай ысырта сермеп қалды. Кісінің қаһарынан ықты ма, жылан да көзден ғайып болды.

– Қайда кетті? – деді ол, – қамшы тиген жоқ, тисе басын бөліп түсетін еді. Тигізейін деген мен де жоқ, әншейін жасқадым. Енді жоламайды, – деді ол.

Бұлар келгенде мұндағы адамдар бұлақтан су алып, бірі жуынып, бірі ішіп, енді біреулері үстеріне бұлақтың табанындағы ақ балшықты тізелеріне, денелеріне жағып емделу үстінде екен.

Мергенбай демалушылармен жылы амандасып, кейбіреулерін сөзге тартып, жағдайларын сұрап, ілтипат жасады.

Тау басындағы жазыққа өздерімен бірге ала келген ақ кенепті жайғызып, соның үстіне жайғасқан ол жігіттеріне қасиетті бұлақтан үлкен ыдыспен су алдырды.

– Көпшілік осы араның суының гажайып емдік қасиеті бар деп жыр кылып айтады. Жалғыз су емес, әлгі бұлақ табанындағы ақ балшық та дертке дауа деседі. Арқапың апайтөсіне үйірлеп жылқы өсірдім. Теңіздің теріскіі мен түскіін жайладым. Енді жер жәннаты Жетісудың осы бір қасиетті жерін меншікке алып, ел демалатын кереметтей шипажай ашуды ойлап келдім, – деді Мерген мырза төңірегіне барлай қарап.

– Бұл жер менің назарыма ертеден іліккен, – деді ол жайылған ақ кенептің үстіне малдасын құрып жайғасқан қалпы. – Көкейде жүрген, ойдағы жоспар еді. Бүгін сәті түсіп осында кеп отырмын. Сіздер алаңсыз демала беріңіздер. Ұзамай үлкен құрылыс жұмысын бастаймын. Әуелі қай жерден не салатынымызды ойластырып алған соң іске кірісеміз. Сондықтан, жер жағдайымен таныскалы келген бетім. Әркім әрқалай айта береді ғой. Бұл жердің қожасы әлгі жыландар деген секілді. Жылан жерге қожалық етпей-ақ, өзінің амандығын ойлап алсын. Бұл жердің ендігі қожасы мен боламын. Есімім – Мергенбай, – деді ол жағалай жиналып қалған адамдарға шола көз тастап. Көпшілікте үн жоқ. Бәрі Мергенбай мырзаға үрке қарап тұрған секілді ме, қалай?.. Оны елеп жатқан Мекен жоқ, бұлақтан әкелген дәу ожау толы суды қолына алып:

– Мөп-мөлдірін қарашы, таудың суы ғой жарықтық! Қасиеті де сол шығар, – деп ожаудағы суға тамсана қарады. Осыны айтқан ол ыдыстағы суға әуелі ернін тигізіп, ауыз толтыра ұрттады. Сол мезет, адам сенгісіз оқиға болды. Ұрттап қалған жылы қоңыр су, су емес,

әлде бір гәп аузына жабысып тілін суыра жонелді. Мергенбай не болғанын білмей қалды. Су толы ожау қолынан ұшып кетті. Оның орнында ирелендеген бәле бет-аузына жабысып, мойнына оралып қалған. Мына сұмдықты көрген адамдар үрейлері ұшып, отырған орындарынан сонадайға ыршыды.

Мергенбай болса «а-а-а-а-а...» деп қарлыққан, қыстыққан үнмен тұншыға дауыстап, екі қолы ербеңдеді де қалды. Бәрі қас пен көздің арасында болды.

Келесі сәтте айғайлаған адамның зор денесі сылқ етіп, шалқалай берді. Соны тосқандай қара шұбар жылан да мырзаны жайына қалдырып жөніне кетті. Жиналғандар не болып, не қойғанын түсінбей үрей үстінде. Сонда ғана мырзаның сонына ерген серіктері, естерін жинап:

– Ойпырмай! Меке, Меке! – деп қожаларының қасына құрақ ұшып жеткен. Көзі апалақтаған Мергенбай жігіттеріне қолымен: «әкетіңдер» деп ымдаған болды. Екі қолтығынан демей көтерген көмекшілері мырзаны ала жонелді. Таудың балағында қалған көлікке дейін бірқауым жер.

– Тез, дәрігерге жеткізу керек.

– Алла ұшығынан сақтасын, – деп қожаларын қолтықтаған екі жігіт жүгіре басып таудан түсіп келеді. Сәулетші жігітте де ес қалмаған. Мекеңнің түсіп қалған атсоғарын алып, сондарынан еңкендеп, жүгіре басуда.

Мергенбайда үн жоқ. Жылан тура тілінен шаққан. Пәленің тісі тиген жер бірден суынып, тілі аузына сыймай бара жағты. Таудың орта тұсына келгенде Мергенбайдың бүкіл алқымы мен тамағы жансызданып, көзі бұлдырап, аяғын басудан қалды. Жандары түршігіп, жанталасқан серіктері де қайратты жігіттер еді, қожаларының зор денесін екеулеп көтеріп көлікке

алып келді. Бұл кезде мырзаның денесі суып бара жатты.

Жігіттер қалай да мырзаны аман алып қалу үшін денесіне у тарап кетпей тездетіп дәрігерге жеткізуге асығып, дала жолымен құйындай заулап, күре жолды өкпе тұстан қиып алуға асықты.

Бұл уақытта Найзатастағы емделушілер қас пен көздің арасында болған әлгі жағдайға сене алмай үрейленіп қалған-ды. Кейбіреулері тіпті көріп те үлгермеген екен, «не болды, не болды?» деп бір бірінен сұрап жатты. Сонда демалушылардың арасында жүрген ақ жаулықты ана:

– Ей, қарақтарым-ай! – деді кинала қынжылып. – Бұл жердің суының өзі дертке дауа, бір лайланбайды, қашан көрсең сол мөп-мөлдір қалпынан жазбайды ғой. «Бұлақ – басынан тұнады» деген, қайнардан бұрқылдап шығып жатқан судың өзі тұмадай. Қасиеті бар. Жұрт бекер айта ма?! – деді.

Содан соң әжімді жүзі сәл күлімдеп:

– Танертең мына Назым, немерем ғой, жарығым, ұйықтап жатқан. Мен таң намазынан соң таспих тартып отырдым. Шатырдың іші ағараңдан қалғанда байқадым, немеремнің ар жағында баламның бойымен бірдей боп, ирелендеген қарашұбар ұзыннан-ұзақ созылып жатыр екен. Зәре-құтым қалмады. Ішімнен білген дұғамды оқып қозғалмай отыра бердім. Бір Аллаға сыйынып, жаратқанға жалбарындым. Бір кезде әлгі ирелендеп шатырдың іргесінен сыртқа шығып кетті.

Жаратқан-ай, десейші!.. Көзің жамандық көрмесін, қарақтарым. Танертең тұрсам, баламның бетіндегі жарадан із қалмаған. Бүгін жұма ғой. Біз дүйсенбіде келген едік. Бұл жердің емі шипа болды. Екі жылдан бері немеремді апармаған дәрігеріміз қалмаған, бетіне түскен жара жазылмай уайымдап едік. Алла

сәтін салып оңалды, – деді. Осыны айтқан Зағипа апа ойланып отырып қалды. Отырғандардың бәрі де үнсіз.

– Егер анау жерден осында келе жатқанда алдыңнан ирелеңдеп шыға келсе, кірмей-ақ, кері қайтқаның абзал. Ол сенің ниетінді біліп тұр. Өзіңе жамандық тілеп қайтесің, ал әлгі жігіттер аман болсын. Бұл бір қасиетті жер ғой, соның кепіетіне ұшырамаса жарар еді, – деп сөзін аяқтады Зағипа апай.

Отырғандар да апайдың не туралы айтып отырғанын іштей ұғып, үнсіз қалған.

Бұл кезде Мерген мырзаны қалайда аман алып қалуға жанталасқан жігіттер «дәрігерге, дәрігерге жеткізейік» деп құстай ұшып келе жатты. Мырзаны артқы орындыққа жайғастырған Дасанда ес жоқ:

– Меке, Меке! – деп наукастың маңдайын суық сумен сүртіп, жанұшырып келеді. Жүйткіген көлік күрежолды қиып алған кезде мырзаның да ұлы кеудесінен шыбын жан шіркін шырылдап ұшып бара жатты. «Ажал айтып келмейді» деген сол.

Не керек, атқан октай тура келген ажал, найзадай қадалған қарашұбар жыланнан келді.

Неге ол жердің аты Найзатас екен? Жылан мен найзаның арасында қандай байланыс бар? Ешкімнің оны ойларға шамасы жоқ-ты. Және енді оны ойлағаннан не пайда?!

Осы кезде артқы орындықта отырған Дасан:

– Жігіттер, тоқтаңдар. Мергенбай ағадан айырылдық, – деді. Жұлдыздай ағып келе жатқан көлік қара жолдан ауытқып кете жаздап барып, әзер тоқтады.

Іле-шала арттағы көлік те өкшелей жетті. Жерге түскен жолаушылардың бәрі де үнсіз. Жол жиегінде состиып-состиып тұрып қалған. Құдды абаданын алдырған ұялы қасқыр секілді. Әрі қарай не істеу керек екенін білмей дал.

– Суды сен әкелдің ғой, Оқан. Жылан оның қай жерінен шықты? – деді осы үнсіздікті бұзған Дасан қожасының неден өлгеніне, қалай өлгеніне әлі де сене алмай.

– Жоқ, оның ішінде жылан жоқ-ты. Суды әкеле жатып менің өзім бір ұрттап іштім, – дейді ол.

– Онда қайдан келді ол?

Бәрі де үнсіз, нықтарын көтереді.

Сарыарканың сауырын жайлап үйірлеп мыңды айдаған бай, түкірігі теңізге де, жерге түспей тұрған Мерген мырзаның ажалы қайдағы бір жәндіктен келеді деп кім ойлаған?! Кім біледі, жердің кепісті ұрды ма, киеге жолықты ма, әйтеуір бұл бір жұмбақ өлім болды.



ШӨЛМЕК СЫНҒАН КҮН

Тосын хабар Бұрхан ақсақалды қатты күйзелтті. Әуелгіде ол бұл хабарға сенбеді. Сенейін десе, жүйке-жүйесін шабақтап жанын жегідей жеген өкініш маза берсеші! Ақыры құдай атып, жазықты болған екі тентек інісіне кісі жіберді. «Уақыт тауып маған келіп кетсін», – деді.

Содан бері ойы сан-саққа жүгіріп, азаматтардың неден жаза басқанын пайымдай алмай, мазан күй кешуде. Не де болса, болған жайды солардың өздерінен естуге пейіл еді.

Шескарамен шектес жатқан Ақыртау ауданы сжелден жақсы атымен жалпақ елге танылған. Баяғыда біреу біледі, біреу білмейді, Бұрханның өзі ат жалында жүрген кезде бұл аудан қандай еді?! Мақтанғаны емес, миллионер болмады демесең, соған жеделғабыл еді-ау! Ақсақалдың ойы алыста қалған өткен күндерді шарлайды. Таулы аймақтың елді мекендері де бір-бірінен шалғай орналасқан. Жол қатынасы да қия-қияны басып өтіп, бір қиырдап бір қиырға тартатын. Соған қарамастан, малшы-бақташыны аралап, егін басын шарлап, талай елдің сый-құрметіне тәнті болды. Сөйтсе де, қылаудай қия басқан жері жоқ еді-ау! Ол кездің заңы мен тәртібі қазіргіден осал деп кім айтты?!

Еліміз тәуелсіздік алғанда жүрегі жарыла қуанған жанның бірі, осы Бұрхан еді. «Мына жазғандарға не жорық?» дейді ол. «Қара бастарын алып жүре алмағандары қалай?» деп қарадай күйінеді.

Тәуелсіздік алған жиырма жыл ішінде ауданда алты-жеті әкім ауысты. Сөйтсе де, ауданның өрісі малға, қамбасы дөңге толмай-ақ келеді. Неге? Сырттан келгендерді сыртқа тептік. Өзіміздікі өрге сүйер деп едік, оның «озғаны» мынау болды.

– Әй, әттеген-ай! – деді ол зығырданы қайнап, іштей ызалы күйде.

Мына Ықтың шалдың баласы – Ораз осы ауданға әкім болып келгенде қуанғандардың бірі өзі еді. Онда да туысканым бастық болды деп қуанған жоқ. Осы өлкенің тумасы болғанға. «Болмаса, одан бірдеңе дәметер деймісің, құдай сақтасын» деп шошынғандай жан-жағына қарады ол.

Ораздың әкесі Ықтың ақсақалды көзіміз көрді. Дәмдес те болдық. Ол деген қысқа ісі жоқ, момын шаруа адамы болатын. Сол өзіміздің Ықанның баласы ауданға бастық бөліп келген күннің ертеңінде болу керек, әлгі Ақтанның Сақыш деген баласы бар еді ғой, ол да осында бір беделді мекемені басқарады. «Аға, ініңіз сізге сәлем бергелі келді» деп жаңа бастықты осы үйге сол бастап келген.

Сол жолы Бұрхан ақсақал екі інісін екі жағына отырғызып, екеуіне дастарқан жайғызып, дәм татқызды. Құрмет көрсетті. Қария көп сөйлемесе де, өзгені өзіне үйіріп алатын қасиетіне бағып, жас мырзаларға аз сөзбен, көп жайтты аңғартты. Бауырларының адалдыққа қорған болуларын қалады.

– Ел сендерге қарайды, – деді. Ел шындықты, әділдікті жақсы көреді және көріп, біліп отырады. Біріңді-бірің қолдап, адалдыққа жақ болыңдар, – деген. Басшылыққа келген інісіне берген батасының тұздығы сол еді.

Ақсақал ағаның мұнысы жай сөз емес-ті. Ұзақ жылдар түрлі салада үлкен қызметтер атқарғанын айтпағанда, соңғы ширек ғасыр бойы осы Ақыртау ау-

данын басқарған Бұрхан қарияның өмір соқпағынан да, қызмет жолынан да қылаудай кінәрат таппайсың. Бүгін де ел-жұрты оған қоғадай жарылып құрмет көрсетсе, мұның адалдығы мен әділдігін сыйлағаны.

Сол сапар жас мырзалар үлкен ағаның үйінен бұларды бұрқырап, арқаланып шықты. Ел ішіндегі шашылған шаруаны жөндеп, тентекті тезге салуға асыққан жаңа бастық жұмысқа екпіндете кірісті. Аудан активімен болған алғашқы кезесуінде-ақ, ол өзінің аса сауатты екенін, мемлекеттік тілді де бір кісідей білетінін, тіпті экономика мен заңға да жүйріктігін, екі жоғарғы оқуды тауысқанын айтып, жиналғандарды бір ықтырып алып, мәжілісін бастады.

Әкімдіктің үлкен залы. Қабырғаларда ұранға айналған сөздер. Ауданның үлкенді-кішілі атқамінерлері жиналған алқалы жиын отіп жатыр. Сағатқа жуық біріншінің өзі көсіліп сөйледі; Алысты жақын студің, жақынды тату студің жолын нұсқады; Жұртқа жұмыла жүк көтеріп, ел үшін тер төгуді міндеттеді.

Өзін саясаттың да сардары деп танытқан ол, әуелі аппараттағыларды иірді. «Жазған хаттамаларың сауатсыз, тапсырмалар бақылаудан тыс қалады, жартыкеш жұмыс жасайсыңдар» деп дүние пәлені қазып, әкімшілікке қалай болса, солай киініп келгенді, боксесін билетіп, жалаңаш-жалпы жүргендерді түйреді. «Мынау нағыз қызылкөз болды» десті үлкенді-кішілі шенділер. Содан бастап тентек бастықтың тегеуріні күннен-күнге екпін алып, бетіне ешкім жел болып келе алмады.

«Енді бастық сондай болмаса болмайды ғой» дейтіндер де табылып жатты. Онысына қарай ауданның шаруасы шалқып, жұмысы ілгері басып

жатса арман не?! Әйтеуір, тапсырмадан тапсырма, жиналыстан жиналыс. Соған қарағанда өңір өрлеп-ақ кеткен секілді. Жаңа басшының ең бір сүйікті ісі – мәліметтер теру, оны түзеу, қайсыбір мекемелердің өткізген есебін қайта-қайта жасатып қажетті сапын алғанша тоят таппай, елді де, өзін де жансебіл іске жегіп қояды.

«Кім біледі, басшының бір білгені бар шығар» деп басқалар да оның айтқанын қалт жібермесе де. Дегенмен, ауданның жұмысы ілгерілей бастағаны тоқсандық жұмыстың қорытынды мәліметтерінен мәлім болып қалды. Сапырылысқан сандар солай дейді. Ал, мәліметтегі мәтін мен елдің мәні қабыспаса, ол басқа мәселе секілді.

«Даудың басы Дайрабайдың көк сныры» демекші, сол жылы салынып жатқан төрт пәтерлі тұрғын үй құрылысының басына келген аудан басшысы аяқталып қалған құрылыс жұмысын көріп, көңілі толмай, қабағын шытып:

– Неге бұл төрт пәтерлі? Неге алты пәтерлі емес? – деп тосыннан кінәрат іздеген кінәмшіл сауал тастады.

– Облыста бекіген әуелгі жобада солай. Тиісті құжаттарда төрт пәтерлі үй. Бөлінген қаражат та соған сәйкес, – деп жағдайды түсіндіріп, сенімді сөз бастай берген құрылыс – сәулет бөлімінің бастығы Әлім Әлгерей мырзаны аудан басшысы сөйлетпей тастады.

– Мұны алты пәтерлі етіп салдыруға ақылдарың жетпеді ме? – деді реніш білдірді.

Келесі күні түс ауа үлкен бастық Әлімді қабылдауына жедел шақыртты:

– Әлім, осы сен не істеп жүрсің? – деді табалдырықтан енді аттаған бөлім бастығына бірден шүйліккен әкім. Бастықтың сұсынан сасып қалған ол:

– Жұмыспен жүрмін, Ораз Ықтыңұлы, – деп копактап, сенімсіздеу жауап берген болды.

– Меніңше, сен түк істеп жүрген жоқсың. Барып тұрған «бездельниксің»!

Мына сөзге аз-кем тосылын қалған бөлім бастығы, есін тез жинап:

– Кімді айтып отырсыз? «Бездельник» емеспіз, – деді. Айтарын айтқанымен, әлденеден жалтақтап, сөзінің арты солғындау шыққан. Соны сезген үлкен бастық одан әрі өзеуреп, бишара сәулетшіні түтіп жіберердей тұлан тұтты:

– Шамдануын! Сен – «бездельниксің»! – деді мұны өңменіне түртердей сұқ саусағын шошайтып. Шегір көзі шамадан тыс үлкейіп, өңі түтігіп, жемтігін талап тастағысы келген Қаптағайдың кара бүркіті секілді, түнере шүйлікті.

– Ол аз десең, сен өз жұмысыңа лайық емессің! Қызмет міндетінді атқара алмайсың, еснi жұмыстан шығару керек!

Жеті-сегіз жылдан бері ескерту – сөгіссіз еңбек етіп келе жатқан сәулетші Әлім мына сөзді естігенде, құлағы қалқайып мелшиіп қалды. Бастық адам бұдан әрі қарсы жауаптың болмасын сезген соң, әлгі әуеснiн үдете келіп:

– Идиот! – деп таңдайы тақ ете қалды. Осы сөзді айту үшін шақырған секілді.

– Бар, кет, көзім көрінбе! – деді өңі түтігіп, өзеуреген қалпы. Мойнына су кеткен «идиот» – Әлім сәулетші бастықтың қабылдауынан сүйретіліп эзер шықты. Бәрінсн де бастықтың қорлағаны жанына батып, өзінің жігерсіздігіне налыды. Жауап бере алмағанына күйзелді.

Шындығында, Әлім анау айтқандай «идиот» емес-ті. Ол мінезі жібектей биязы жігіт. Соған карағанда намыссыз деу қиын. Намысқой азамат деуге және болмас. Ез бен ынжықтың туысы болғанына өзі де ызалы. Бәлкім, ақымақпен жағаласа кетуге өзінің ішкі түйсігі жібермеді ме?..

Сол күннен бастап жаңа бастық Әлім сәулетшінің соңына от алып түсті. Аптасына бір рет оны шақырып алады, сонсоң көр-жердің құрылысын, көшесінің киілісін сөз етіп, ақыры бір пәледен бір шатақты шығарып:

– Сен не бітірдің, қайда қарап жүрсің? – деп жүндей түтеді. Қыза-қыза «идиот, безделник, бездарный», лексиконындағы басқа да сөздерді желдей естіріп, ақыр соңында «Неге келдің, кім шақырды сені?» деп кабинетінен қуып шығатын болды.

Бастықтың мынандай «лаңкес» мінезіне тозе алмаған Әлім жұмыстан кетіп тынды. Оның орнына келетін адамы да дайын тұр екен, лып етіп суып үлгермеген бөлім бастығының орнына жаңа шенеунік жалпия кетті. Бір ғажабы, ол құрылыс сәулет саласының маманы емес. Әлде, экономист, бәлкім, қаржыгер болса керек. Көзін ашып-жұмып әкім қол қой деген құжаттарға қол қойып, біраз уақыт жылы жерде отырды. Тіпті сондай бөлімнің барын да ел-жұрт ұмытып кеткендей тыныштық орнады.

Сәулет бөлімінің басшысын кестірісімен жаңа бастықтың кезекті қармағына іліккен адам, ұйымдастыру бөліміндегі Надежда Нәсіпханқызы болды. Өткен жылы ғана оның күйсуі бұзақылардың қолынан қаза тапты. Екі баласымен жесір қалған әйелдің жағдайы қандай дейсің? Надяның аты орысша болғанымен, әке-шешесі қазақтар еді. Айыбы, қазақ тілін еркін меңгермеген. Жаңа бастық Әлім сәулетшіні жұмыстан қуғаннан кейін қырбайына алғаны осы кісі.

Бірақ Надяның намысы бар екен, алғашқы шайқасынан соң-ақ мұнда қалуға болмасын сезген ол:

– Кімнің қызметіне лайық екенін сіз анықтамайсыз, оны уақыт көрсетеді. Сізбен керкілдесуге менің шамам жоқ, онсыз да тағдырдың ауыр соққысын көріп

отырмын, – деп жандарал бастықпен жағаласпаса да тіке тіл қатты.

– Өтінішімді беріп жұмыстан қазір-ақ кетемін, – деді.

Осыны айтқан ол кілт бұрылып шығып кетті. Содан қайырылған жоқ. Бастықтың тентек мінезі осылай жалғаса берер ме еді, егер күтпеген жерден мына бір оқыс оқиға болмағанда:

Аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы әлгі Сақы Ақтанұлы бар еді ғой, сол бір күні аудан басшысымен бірге шаруа қожаларын аралауға шықты. Өздерінше жеке шаруаның жағдайын білмек, несие әпермек, қысқасы, жарылқамақ. «Ауылды көтеру деген осыдан басталады» деп іске кіріскен беттері.

Сөйтіп, Іргетауды айналып, Қаптағай шоқысының бауырында отырған Мырзағұлдың үйіне бұлар түс ауа келді. Фермер жігіттің жаны қалмады. Шакырып келтіре алмайтын мырзаларға арнап бір маркасын алып ұрып, сый-құрметін төгіп бакты. Семіз бағланның басын мүжіген екі бастық әуелгіде тентек суды тартына ішіп, сөзді көбіне бірінші бастық сөйлеп, екіншісі тыңдаушы болып отырды. Үй иесі ішімдікке жоқ екен, «осы жарықтыққа үйір болмадым» деп ара-тұра кеңкілдеп күліп алады да, мырзалардың босаған ылысын заһар суға толтырып, астың дәмдісін ауыздарына тосумен болды. Отырыс ұзаққа кетті. Күн ұясына қонып, төңірек қараңғылық құшағына енген кез. Бұл уақытта үйдің іші ала көлеңке тартып, өлімсіреген жетілік майшамның жарығы дастарқан басын әзер жарықтандырып тұрған.

Сөз арасында Сақы:

– Мырзексе, сіздің әлгі жарық беретін движогіңіз бар еді ғой, оны неге жакпадыңыз?

– Ой, Сәке, моторы түскірдің бұзылғанына жарты жыл болды. Жөңдетіп едік, ештеңе шықпады. Өзі де ескі нәрсе екен. Оқасы жоқ, жағдай оңалса жанасын алармыз, – деп босаған шөлмектерді үстелдің астына жытырып, «жұлдызды жөйттің» жаңасын ашып жатты.

Осы сөзді жандандырған аудан басшысы:

– Негізі бұл мәселе менің ойымда бар, – деді әдетінше, сөзіне салмақ сала сөйлеп. – Аудандағы барлық шаруа қожаларына жел энергиясын өндіретін – жел стансасын орнаттырып беру керек. Біріншіден, ол өзін-өзі ақтайды. Екіншіден, бізде жел тегін. Жел стансасының қалағы болымсыз желдің өзіне ақырындап айналып тұрады. Соның өзі жарық беруге жарап жатыр. Оған зырылдауықша зырылдап тұру қажет емес, – деп шаруа адамын тіпті шаттандырып жіберді. Сөйтті де, дүмі қалың, бүйірі тоқ жуан рюмканы үш саусағымен нығырлай ұстады. Мына сөзді іле жөнелген Сақы Ақтанұлы:

– Тамаша идея! – деді. Тамаша, просто гениально! Сол үшін, Мырзекке, тост көтереміз, – деп ісініп, кызара бөрткен жүзін фермер жігітке бұрылды.

Бұдан әрі әңгіме ауаны ауданнан асып, аймаққа, одан слге, тіпті ғаламдық жағдайды барлап жүрс берді. Үй ішіндегі алакөлеңкеліктің өзі мырзаларды бүкпесіз әңгімеге бастай жөнелгендей.

Мырзағұл әуелгіде екі бастықтың әңгімесін түсініп, ілесіп отырған-ды, келе-келе олардың көшіне ілесе алмай қалды. Қайдан ілессін?! Өзі ес білгелі арқандаулы ат ескілді осы Әтібай басынан алысқа ұзамапты. Бар көргені – Қаптағайдың тауы мен аудан орталығы. Е, айтпақшы ана бір жылы Сарыдөңге мал айдасқаны бар. Одан басқа не көрді?! Оқыған-тоқығаны да шамалы. Ал мына кісілердің білмейтіндері жоқ! Оқымысты адамдар ғой. Сөздерін тыңдаудың өзі бір ғанибет.

Тіршілік болса мен де балаларымды оқытамын. Несі бар, қазір бәрін ақпа билейді деп аудан басшысының ауылына келуін жақсылыққа жорып, марқайып, масайрап отырды.

Ет желінді, сорпа ішілді. Мырзағұлдың әйелі де бір аңкылдаған қонақжай адам екен, дастарқанды тез жаңартып, жаңа пісірген ыстық балқаймақты үстелге әкеп қойып жатты. Бұл шақта қонақтар да балқаймақтай балқып, зәһар судың күші бойды алған кез. Үлкен бастық көсіле сөйлеп, кіші бастық тек тыңдауды біліп, «сіз» деп ыздиып, мақұл деп бас изеп отырған. Бір кезде, тіпті тосыннан, Сақының даусы санқ ете қалды. Ол құдды жүрісінен жаңылған үркек ат секілді, сөзге қонақ бермей, үлкен бастықты үзеңгіден қағып, «сізді» қойып, «сенге» көшті. Бойды алған тентек су бәрін ұмыттырып, «ел бар, жұрт бар» деген сөз қаперден өшкен, көзінің алдын тұман басқандай жотасы күжірейіп, қабаған ит секілді «ғұр» ете қалды.

Бұл кезде малды ауылдың мазасыз тірлігі түн құшағына шым батып мызғып бара жатты. Көкжиектен қылтнып ай көтеріліп келеді. Төңіректі торлаған биік тау шоқыларының сұлбасы да ай сәулесімен айқындала бастаған кез.

Тек қонақтардың ғана дастарқан басындағы абыр-дабыр әңгімесі әуелгідей емес күңгірттеніп, кісәпірленіп бара жатқан. Бір уақытта қатты қызып алған екі бастық кенет шарт-шұрт сөзге келді. Анау, Сақа қырықты еңсерген қарулы жігіт екен. Әрі ішкен кезде құтырған бура секілді ойнақтап кететін жыны бар ма, кім білсін? Бірден ілмиген әкімді жағадан алып, отырған жерінен жұлқа сүйреп, босағаға атып ұрғаны. Апыр-топыр айқастан шошыған үй иелері тысқа бекез жөнелді. Бөлмеге болар-болмас сәуле шаппып тұрған жетілік майшам да тосын жанжалдан

шошынғандай, үстелден ыршып кетіп, пиаласы сынып өшіп қалды. Үйдің ішін қараңғылық басты.

– Иттің баласы! Сен бұл үшін жауап берсең! – деді Ораз Ықтыңұлы босағаға соғылған басын ұстап орнынап созалаңдай тұрып жатып. Дәу қара оған ығатын емес. Мұны дедіктетіп тысқа алып шығып, сабап салады. Шекесін жарып, бетіне таңба түсірді. Ұрып жығып шаңға аунатты. Шайнасып қалған азбаңдарды арашалауға фермер жігіттің жүрегі дауаламай, қатын-баласын алып үйден аулаққа қашты. «Бөледен машайық қашқан» демекші, бірденеге ілігіп кетерміз деп қорықканы болар.

Айлы түн. Қаптағайдың биік таулары қарауытып төбеден шошына қарап қалған. Бір-біріне кіжінген екі содырдың ызалы дауысына, қойтөбеттердің арсылдап үргені қосылып, ауыл үсті үрейлене үркіп: «Енді не болар екен?» дегендей үрпиіп, түн құшағына тығылған.

Күнде бастықтарының қасында жүрген шопырлардың өзі мұндай сұмдықты көрмесе керек, олар да тістесіп қалған қожаларын арашалауға батпай, көліктерін айналсоқтап, бүгежектеп, көргендеріне айыпты жандай қиналады. Тіпті ақылдары жетпей дал.

Ойпырмай, ана дәу қараны айтсашы! Иттің өзі, не деген қарулы?! Ораз Ықтыңұлын шырып лақтырып, ұрып жығады келіп. Ол шіркін, тірсегі майысқан әлжуаз, сонысына қарамай мұнша өлермен болар ма?! Дәу қараның ауыр соққысынан жер сүзе ұшып түседі. Іле-шала сүйретіле тұрған ол, аузына кіріп кеткен шаң-тозаң, топырақты «былш» сткізе түкіріп, жауына айбат шеге ышқына қайта ұмтылсын. «Күш атасын танымайды» демекші, дәу қараның кезекті бір ауыр соққысы талмауыттан тиді ме, кім білсін, әйтеуір, өлермен жігіт құлаған орнында қалды. Көпке дейін тұяқ серіппеді.

Қарсыласынан енді қауіптің болмасын білген анау көлігіне міне сала, Қаптағайдың арбиған тауларын артқа тастап, көзден ғайып болған. Сонда ғана әкімнің жүргізушісі жүгіре басып, таяққа жығылған бастығының басын сүйеп, қолтығынан демеп, көлігіне әзер жеткізді. Машинаның артқы орындығына жайғасқан әкім орталыққа жеткенше тіс жармады. Ет қызуымен ештеңені елер емес. Сөйтсе де, тұлабойының әлдебір абыройсыз нәрсемен былғанғанын сезді. Соны сезген сайын өзін қоярға жер таппай, ызалана «аһ» ұрумен болды.

Үсті-басының ұсқыны кетіп, бет-аузы бұзылған күйеуін туған әйелі – Әнипа ханым танымай қалды.

– Ұйба... ай! – деді сүйретіліп үйге әзер кірген күйеуінің пошымын көрген қатыны, шошына дауыстап. Қорыққаны сонша:

– Жаным-ау, жаным-ау, саған не болды?! – деп жылап жіберді.

Отасқалы байынын мынадай кейіпке түскенін алғаш көрген Әнипа ханым өз көзіне өзі сенсін алмай, есі шыға қорықты. Кім біледі, қазір неше түрлі бар ғой. Сабамақ түгіл, өлтіріп кету де жаңалық емес. Әсіресе бастықтарды «бағып» жүретін жалдаптар қаншама? Соны ойлаған сайын әйел байғұстың зәре-құты қалмады:

– Жаным-ау, жаным-ау, саған не болды?! – деп үрейленді. Артынша тез шырққан ол:

– Кім саған қол көтерген? Қай иттің баласы?! – деп ызалана сөйлеп, дереу дәрігер шақырып, аудандық ішкі істер бөлімінің бастығына хабар берді.

Полиция сол күні-ақ, Сақы Ақтапұлыш қамауға алды. Бірақ Ораз Ықтыұлы «бірге жүрген азаматты

түрмеге жаптыру қажет емес» деп ушыққалы тұрған мәселені тоқтатып тастаған.

Жаманат сөз қайбір тек жатсын, бықсыған шала секілді шым-шымдап елге тарай бастады. Бұрхан ақсақалдың құлағын қарып түскен жайсыз хабар осы еді.

Қарияның сәлемін естіген екі азамат абыз ағаларының үйіне дереу жеткен. «Өртенгелі тұрған пәледен бір құтқарса, Бозағаң ғана құтқарар. Сол ғана мына тұйықтан алып шығар» деген көмескі үміт екі жігіттің бойларын жылытқандай. Дегенмен, үлкен кісі «қалай қабылдар екен» деп екеуі екі бөлек келіп, имене есік ашты.

Бозағаң абажадай үлкен бөлмеде жалғыз отырған. Қабырғада сірескен қалың кітаптар жиналған үлкен сөре. Одан берірек жазу үстелі. Бір қабырғаға ақсақалдың жасырақ кезінде түскен портреті ілінген. Бөлмеде басы артық дүние жоқ екен. Еденге төселген қалы кілем есік пен төрді бойлап жауып жатыр. Қарияға сәлем беріп, төрге озған азаматтардың екеуі де үнсіз. Үй иесі де үнсіз. Бозағаң сөз таппай отырған жоқ. Қысылып, қиналғаны да емес. Көмейіндегісін айтпай, тентек інілерін ықтырғысы да жоқ. Бір нәрсені пайымдай алмай отырған секілді. Екеуінің түріне карағанда бұлар ештеңе бүлдірмеген, кінәлі емес, елдікі жай сөз секілді. Бозекең соған киналды. «Тобелессек, екеуміз тобелестік. Өзгенің шатағы қанша» дей ме бұлар?!

Сөйткенше, дастарқанға ас келді. Сол кезде ғана үй иесі сөз бастады:

– Мынау осы шаңырақтың дастарқаны. Осы дастарқаннан бай да, бағылан да, үлкен де, кіші де

дәм татты. Екеуің де менің баламсың. Көп болса, менің жарты жасымдасыңдар, – деп тоқтады.

– Не айтатыны бар, – деді сабырлы жүзінде реніш, ашу, торығу дегеннің еш белгісі жоқ, өзінің әншейіндегі сабырлы қалпынан айнымаған қария. – Не айтатыны бар, – деді әуелгі сөзін қайталап. Сендерге ақыл айтудан аулақпын. Тыңдасандар, айтар кеңесім біреу-ақ. Осыны айтқан ол екі азаматқа кезек-кезек еңсеріле карап, көз токтатып:

– Жасы кіші – іні, жасы үлкен – аға деген. «Кішіден – ізет, үлкеннен – құрмет» – бұрынғыдан қалған сөз. Ағаш көктейді, тамыры болса. Адам өркендейді төңірегіне сый-құрметі болса. Өзіңді-өзің сыйламасаң, өзге сендерді қайтеді?! – деді. Осыны айтқан ол бір сәт ой құшағына еніп отырып қалған. «Екеуі де ел басқарып жүрген азаматтар. Осыларға сөзімді бекер болдыртым ба?» деген қапыл көңіл де жоқ емес. Дегенмен, ішкі бір түйсігі «жаза басқан жастарға жон көрсеткеннің айыбы жоқ» дейді. Дастарқан басын торлаған үнсіздікті қайтадан өзі сейілткен Бұрхан ақсақал:

– Азаматтар, – деді сөздің түйінін айтуға көшкен байқатып, – қысқасы, бірінді-бірін кешіріп, қол алысып татуласыңдар. Оны шын көңілдеріңмен жасаңдар.

«Неге бұлай болды, кім кінәлі?» деп тергемеді. Сөйтіп, екі інісін татуластырған болатын. Қарияның ақылын тыңдаған екі тентек, қол алысып, бір-бірін құшақтап, ағаттықтарын кешіп бір-біріне ант берді. Осылайша, ақсақалдың аталық тілегіне алғыстарын айтып, қолтықтасып екеуі үйден шықты. Олар кетіп қалғаннан кейін де Бозекен ұзақ ойға батты. Екі інісінің бір-біріне ант бергені көз алдынан кетер емес. «Ант» дегенде жүрегі шымырлайды. Осы бір қасиетті сөздің салмағын сезінсе екен деп іштей алабұртуда.

Келесі күні аудан басшысы ертенгілік жұмысқа дайындалып жатқан, осы кезде ас үйден шыққан әйелі Әнипа ханым:

– Әлгі Сақыны не істейсің? Басыңа шығарма! Сотқа бер немесе жоғарыдағы бастыққа айтып арыздан, – деді.

Мұны естіген Ораз Ықтыңұлы:

– Мен саған айтпаған екем. Кеше Бозағаң екеумізді үйіңе шақырып татуластырды. Ол менен кешірім сұрады. Сонымен біз бәрін ұмыттық, – деді.

Мұны естіген Әнипа ханымның өңі өзгеріп кетті:

– Е-с-с. Сөйтіп, кім көрінгеннен таяқ жеп, мұрныңды бұздырып, бишара боп жүр. Менің Мерген ағам болмаса, сенің қай жеріңе әкімдік қонсын, – деп кеміте сөйлеген кербез әйел, күйеуін біраз тықсырып алды.

– Әнипаш, қой енді. Татуластық, ештеңе етпейді. Таяқ жеген сен емес, мен ғой, – деп әйелін тыныштандырмақ болған-ды, бірақ одан ештеңе оңс қоймады.

Осы әңгіме кешкі ас үстінде де, ертенгілікте де қайта-қайта бой көтеріп ерлі-зайыптылардың шырқын алды. Оның үстіне татуласқан Сақының өзі бұған әлі қырып карап, жүре амандасып, «сен кімсің» дегендей дөңкигені де себеп болды ма, әйтеуір, әйелінің кезекті шапка түрткен шатақ әңгімесінен соң:

– Жарайды, мен оның көзін құртамын. Облыстағы үлкен бастықтың өзіне шағымданамын, – деп салды. Мұнысы шын еді. Әнипа ханым да күйеуінің батыл шешімін құптап, қуанып қалды.

Айтқандай, Ораз Ықтыңұлы сөзінде тұрып, облыстағы басшының атына жазбаша да, ауызша да арызданды. Аймақ басшысы темірдей тәртіп орнатқан, кадрларды іскерлігі мен тазалығына қарап бағалайтын талапшыл, ұстанымы берік адам еді. Мына оқиғаны естігенде үнсіз отырып қалды. Әрине,

иіліп, қолпаштамайтынын, мансан биігіндегі насат сезімді енді қайтып сезбейтінін, жүрегі езіліп тұрып түсінді. Түсінді де, байлаусыз дүниеден, тұрлаусыз бақыттан, тайғақ тағдырдан, берекесіз тірліктен безінгендей болды. Ең әуелі өзінен-өзі жерінгендей еді.

– Құдай-ау, не деген тұзы жеңіл адаммын?! – деді ол іштегі ұлыған ойын тоқтата алмай.

Сол мезет ойына басқа бір оқиға оралды. Ол осыдан көп жылдар бұрын болған-ды. Ораз Ықтынұлы онда аудандағы ауыл шаруашылығының бастығы болатын. Үлкен мекемені асықша иіріп отырған кезі. Сол жолы әлдебір іссапардан келе жатты. Дәл осы күре жолдың үсті. Дәл бүгінгідей тас қараңғы түн еді.

Бұрын да талай жүріп жүрген жол, көріп жүрген есік дегендей. Сол жолы өзінің жекеменшік көлігімен сапарлап кеткен болатын. Екі-үш күн анда-мында соғып, үкіметтің жұмысын жолай бітіріп, көңілі жаққан жерден дәм татып, жараған аттай жортып жол үстінде келе жатқан. Қасында аудандық бір мекемеде қызмет істейтін жас ару, сұлу келіншек... Көңілі шалқып, оған жүрдек көліктің желігі қосылып, машина фарының жарығы түн қараңғысын қанжардай тіліп, кара жолды қақ жарып, ұшып келеді. Оның үстіне тоқтаған жерден өңеш жібіткені және бар. Қызуға қызу пәрмен беріп жүйткіді дерсің!.. Тек отырмай, ауық-ауық жолсерігі келіншекке қарап, әзіл әңгіме айтып, бірде айналып, бірде аймалап, «кой» десе қоймай, қомағайлық танытып қояды.

Тура аудан орталығына жакындап қалғанда жүйткіген көлік тас жолдан тайып-ақ кеткені. Не істеп, не қойғаны белгісіз. Асаудай жүйткіген жеңіл машина ытқып-ытқып барып жол жиегіндегі телеграф бағанасын тұмсығымен орып түсті.

Бейшара келіншектің есі танып қалды. Оразға ештеңе болған жоқ. Сөйтсе де, жерге түсе алмай, есеңгіреген қалпы көліктің ішінде ұзақ отырды. Кенет гүлдеп-шуылдап МАИ қызметінің машинасы кастарына жетіп тоқтады.

Сонда ғана есін жинаған Ораз көлігінен түсіп, келген МАИ қызметкерімен тілге келді. Онда да «сендерді мұнда кім шақырды» деп өздеріне дүрсе қоя берсін... Бірақ, мұны тыңдап жатқан олар жоқ. Аудандық МАИ-дың аға лейтенанты Мәуен деген өзін таныстырған бетте бұған бірден:

– Құжаттарыңызды әкеліңіз, – деді.

– Сен, Мәуен, сөзді доғар. Сен мені кім деп тұрсың? – делі бұл.

– Мен ештеңе де білмеймін. Құжаттарыңызды беріңіз. Өзіңіз ішкенсіз, қасыңызда бөтен әйел, ол кім? Ол адам жаракат алған, өлі-тірісі белгісіз.

– Ей, Мәуен, – деді бұл даусы гүжілдеп. Мен сенің көзіңді құртамын! Қызметтен қудырамын! Кіммен сөйлесіп тұрғаныңды білесің бе? – деп инспекторға қарсы шабуылға көшкен. Мәуен инспектор да тісқакқан жырынды болса керек, бұның қокан-лоқысына айылын жиятын емес.

– Ораз, – деді ала таяғын арбаңдатып. – Мен ана қасындағы қатынды тура үйдегі жеңгейге алып барамын. Сонан кейін көремін сенің батырлығыңды! Одан да құжаттарыңды бер, мен үкіметтің жұмысында жүрмін, – деді айтқанынан қайтпасын білдіріп. Дауысы да қатқыл, өңі де суық.

Мына сөзден соң Ораздың есі кіріп, мастығы тарқағандай болды. Әсіресе, «ана қасындағы қатынды үйдегі жеңгейге алып барамын» дегенді естігенде дымы шықпай, денесі ысып, маңдайы тершіді. Қанша ойламайын десе де, өткен күндердің ойқастаған өкініші өзегін жыртып, көңілден кетер емес. «Әй,

өзіме де со керек!» дейді ол ашуын сыртқа шығара алмай, ызасын ішке жұтып.

Сол жолы соры қайнап, далада қала жаздады. Бүлінген өз машинасы. Қираған телеграф бағанасын қалпына келтіретін болды. Сөйтіп, зордың күшімен қызметінде қалды емес пе?! Онда да қайынағасы Мергенбай мырза араласпаса, мүлде су түбіне кетер ме еді?!.

Қайран, Мекем-ай, десейші! Енді ара түсетін о да жоқ. Оның да дүниеден озғанына жылдан асып барады.

Қырсықты қарасайшы, бұл ауданға әкім болып оралғанда, әлгі МАИ қызметкері әлі сол орнында, ала таяғын иіріп, дін аман жүріп жатыр екен. Ораз Ықтыңұлы жаңа лауазымның орынтағына отырған күннің ертеңінде әлгі ала таяқты Мәуенді орталықтан шыға берістегі МАИ бекетінің тұсынан өте беріп корді. Көрген бетте кілт тоқтады. «Иттің баласы!» деді ана жылғысы есіне түсіп кетіп. Көлігінен жылдам түскен ол жол жиегіндегі шашылап қалған қоқыс қапшығы мен босаған қалбырларды аяғының ұшымен теуіп-теуіп қалып:

– Ей, сен, бері кел, – деді қызмет машинасының қасында тұрған көлік инспекторы Мәусенді қолын сермей шақырып.

– Мына жерді неге жинамайсыңдар? – деді ол қасына жетіп келген Мәусен инспекторға.

– Кешіріңіз, әкім мырза, – деді анау шекесіне қолын сарт еткізіп. – Көшенің қоқысын жинау менің міндетім емес.

– Мен саған міндет-сіндетті көрсетемін, – деді әкім дереу қалта телефонын алып аудандық ішкі істер бөлімінің бастығына қоңырау шалып: «Шұғыл түрде шыға берістегі МАИ бекетіне жет!» деп бұйырды оған.

Бастық айтса жан қала ма, эне-міне дегенше, ол да жетіп келді. Полиция полковнигі байсалды адам болатын. Тентек әкімнің айғайын үнсіз тыңдап, басын изеген қалпы «жасаймыз» деп қала берді. Ол кетісімен, «Жарайсың, Мәуен! Осы бетіңнен танба!» деп бұның жұмысын мақтап кетті.

Осы кезде аудан басшысы (енді бастық емес) мінген қара тұлпар орталыққа кірс берістегі МАИ бекетінің қасынан өтіп бара жатты. Жол жиегінде ала таяғын алдаспандай асынған баяғы Мәуен инспектор, мұның көлігіне «өте беріңіз» деп ұлықсат етіп тұрғандай. Кім біледі, ертең қалай боларын...

2012 жыл



ДОМБАС

Есеннің жастау кезінде ауылдарына түрмеден ағарып шыққан бірнеше орыс адамы келіп: шоп шауып, ки ойып жұмыс істей бастады. Әуелгіде жұрт олардан ептеп сескеніп жүрді. «Түрмеде отырған» деген суық сөзден қауіп қылған болар. Ал ауыл балалары болса әлгілердің қастарына жуықтап, сөйлеген сөздерін түсінбесе де, құрымдай қара шай ішіп, темекі шегін, көк түтінді созғанын қызық коретін. Балалардың бұл әуестігіне үлкендер алан: «Не дейді аналар?» деп сырттай қоз тайдырмай, «екі шоқып бір» қарар еді.

Уақыт өте келе олардың жаман мінезін байқамаған жергілікті қазақтар сол орыс мұжықтарына өзгерінше ат қойып, бірін Волотка, Шатин, Домбас, енді бірін Шибек деп атап кетті. Келе-келе әлгі орыстардың дені қазақшаны судай үйреніп алды. Жұрт Волотка атап кеткен Володия дегені жылға жетер-жетпес мерзімде мақалдап, мәтелдеп қазақша сөйлескенде өзінді жаңылдыратын болды. Өзі аңқылдаған қазақия адам еді. Басқалары да үздік-создық бір-екі жылдың бедерінде қазақша біліп, ауыл адамдарымен кәдімгідей сөйлесіп, тіпті кімнің кіммен туыс, қай ру екенін айтып, кейде өздері де бірде «сарымбыз, кейде тобықтымыз» деп елді ду күлдіріп отыратын. Солардың ішінде Домбас атанып кеткен орта бойлы, мығым денелі орыс мұжығы болды. Сол ғана өмір бойы қалың қазақтың арасында жүріп, бір ауыз қазақша тіл сындырмады.

– Апырмай! Бұл ұқпайтын адам, ұқпайды екен-ау?! – деп қариялар басын шайқап, әлгі менірейген мұжыққа таңырқасып отыратын.

Уақыт өте келе баяғы ауыл балалары да ер жетіп, ат жалын тартып жан-жаққа кетті. Жетпісінші жылдардың соңы болуы керек, бірде Есен ауылда мал бағатын ағасы Асанның үйіне келді. Күз түсіп қалған шақ. Бұлар келгенде малшы ауылы күзеуге қонып жатыр екен. Сол жолы Есен коші-қонға көмектесіп жүргендер арасынан Домбасты көрді. Бірталай қартайып қалыпты. Сөйтсе де әлі тың, жұмыстан қалмаған. Амандасып «қалыңыз қалай?» деді. Бір қызығы, ол қарияның шын атын білмейді екен. Домбас деуге ыңғайсызданды. Оған мән беріп жатқан ол жоқ, орысша жауап берді. Баяғы кара сирақ баланы ұмытпаған: «Сен Есенбісің, үлкен азамат болыпсың», деп мұның қайда, не қызмет істейтінін сұрап жатыр.

Сәлден кейін барлығы түскі тамаққа дарстарқан басына жиналды. Үстел басына жайғасқан кезде:

– Мына кісі әлі қазақша үйренбеген екен, – деді Есен ағасы Асанға бұрылып.

– Жоға, «домбас» қой ол, үйренбейді! – деді. Сонсон:

– Домбас, ей, үстелге жақын отыр. Тамақ ал. Қасық беріңдер өзіне. Қасығы бар ма? Әлгі ішетін бірдеңесі қайда? – деп Асан аға шаруа адамының дағдысымен ержеткен ұлдарын тез-тез жұмсап жатыр.

Өмірде адам елей бермейтін жағдайлар болады екен. Сол жолы Есенді ойға қалдырған ағасының: «Домбас» қой ол» дегені. «Домбас, Домбас» деп әлгі сөзді іштей қайталаған, ол бұрын бұған қалай мән бермеген: «дом» деген сөз «домбыққан», «домбығу» деген сөздің түбірі. Ол үсік шалған дегенді білдіреді. Ал «дом» деген сөздің өзі «ток», «бітеу» деген мағынаға келеді. Сонда ауыл адамдары мына сабаздың еш уақытта қазақша ұқпайтынын әу баста білген екен-

ау?! «Домбас» деуіне қарағанда солай болды деп қайрап қалды.

Сөйтсе де ол кісінің басы анау айтқандай аса «домбыққан», «бітеу» емес, саңылауы бар секілді. Үй иесінің әлгі айтқандарын бірден ұғып, үстелге жақын отырып, «спасибо, спасибо» деп жатыр.

«Ей, жарықтық-ай!» деді Есен іштей, аядым ба қайдам.

Содан бері көп жылдар өтті. Тәуелсіздік алғанымызға да жиырма жылдан асты. Кейде жиырма жылда жиырма ауыз қазақша сөз үйренбеген қапдастарыңды көргенде әлгі жарықтық «Домбас» ойына келеді. Сол сәтте «Домбас» қой ол, үйренбейді!» деген Асан ағаның сөзі құлағыңды қарып түскендей болады.



ТҮС

Басы жастыққа тиісімен «қор» ете түскен Есен түс көрді. Түсінде өзінің туған ауылы, баяғы Сарыдөңде сайлау жүріп жатыр екен. Бұл болса сайлау комиссиясының төрағасы. Жоғары жаққа сайлаудың барысы туралы сағат сайын мәлімет беріп, жанталасып, науқанды абыроймен өткізсе керек. Соның ішінше сайлаудың қортындысын тапсырмаққа ауданға шапқылап, үлкен кеңсеге кірсе, кілең жақсы-жайсаңдар қарқылдап күліп, мәз-мейрам болып отыр.

Солардың үстіне жуан кара сомкесін құшақтай кірген бұған:

– Келіңіз, шайға келіңіз, Еске! – дейді әлгілер, жамырай сойлеп. Құдды осыны тосып отырғандай, қауқылдасып. Ауыздары аста, қолдары еттабақта.

Есен болса «әуелі мына сайлаудың мәліметтерін тапсырайын», деп кара сомкені қызыл үстелдің шетіне қоя бергенде, әлгілердің біреуі:

– Жарайды, жарайды! Оны қайтесің, әурсе болма. Сенін ауылың біздің үміткерді жақтап жүз пайыз дауыс берді. Сондай мәліметті жоғарыға жібердік, – деп әлгі қасқа бас сыздана сөйлеп, ырсылдап күлсін.

– Сонда қалай? Қыстақ-қыстақты аралап біз босқа алашапқын болдық па? – дейді істеген шаруасының қажетсіз болғанына күйінген Есен өңкиген кара сомкені қайда қоярын білмей:

– Енді мына мәліметтерді не істеймін? – деді, ет жеуге емпеңдей кіріскен әлгі мырзаға тесіле қарап. Олар болса мұны елер емес, көздері табакта, ауыздары аста, құнжың-құнжың. Сорпаларын ішіп, қарқ-қарқ күліп:

– Сен жүре бер, жүре бер, андағыларыңды ана бұрышка тастай кет, – деді, мұның сүрепетін жактырмаған біреуі. Есенге тіпті қарауға мұршалары жоқ: «бара бер, бара бер» деп теріс қарап, колдарын сілтегені. Соған ыза болған Есен:

– Ей, сендер не деп отырсыңдар?! – деп бар дау-сымен акырып қалғаны. Сөйтсе әлгілер күшегендер екен, канаттары жалпылдап, жамырай ұшқаны ұшып, бұдан үркес жөнелгені. Енді біреулері жемтіктерін кимай, таз мойындары серендеп, мұны айналшақтап жүр.

Мына кереметті көрген Есен «селк» етіп, шошып ояңды. Басын жастықтан жұлқа көтерген ол тастай қараңғы үйде жатыр екен. Жан-жағына алақтап, түсініксіз халде бірқауым отырды. Әлгінің түсі болғанына қуанды. «Түс – түлкінің боғы» дейді халық. Солай болса, солай да шығар, ненің боғы, ненің жоғы екені бір Аллаға аян, деп ішінен дұғасын оқып, түсін жақсылыққа жорыған болды.



ЖҰРТТА ҚАЛҒАН ҚАЗЫНА

Есен кітап қазына деп ойлайтын. Бүгін сол ойынан өзі шошынды.

...Сәрсенбі күні балалары үй сатып алды. Сатып алардан бұрын үйді көріп, құнына келісіп қайтқан балалары: «Үй толы кітап екен. Кілең классиктерді жинаған, зиялы адамдар болса керек», – деп келді. Арада апта өткенде сатып алған үйге жөндеу жасамақ болған балаларына қолғабыс жасауға Есен де келді.

Міне ғажап! Үй толы кітап, сірескен қалпы самсап тұр. Үй иесі: «Шығарып тастайсыз ба, сатасыз ба, өзіңіз біліңіз, біз ешқайда өткізе алмадық», – депті.

Үйдің ішіндегі дүние-мүлік түгел алынып, кітаптар ғана жұртта қалған.

Бұл бір жосын оқиға. Сансырап жұртта қалған осыншама кітанти кім көрген?! Есен көз қарыған жуан томдарға қарап сілейін қалды. Олар құды сөйлеп тұрған секілді. Тіпті жұртта қалғандарына қорланбайтындай. Бәз баяғыша маңғаз. Анау Тургенев, мынасы Салтыков Щедрин, мұрты салбырап Горький де, көз тұндырып Мопсан да тұр. Ал М. Горький болса «Мен өз бойымдағы барлық жақсылығым үшін алдымен кітапқа борыштымын» деген екен. Әлі де солай деп тұр-ау, шамасы?! Есен Абайды іздеді. Алғаш келгенде оны да көрген, ол жоқ екен. Тәубе, ол мұнда жоқ, демек сұраушысы болғаны. Оның есесіне С. Мұқановтың «Ботакөзін» көргенде жүрегі қылп ете қалды. Бір соғым беріп сатып алатын баяғы Сәбецтің кітабы. Ей, уақыт-ай, десейші!

Есен өзіне таныс-бейтаныс қаламгерлерінің біразын түгендеп шықты. Қаламның ұшында найзаның сұсы бар деуші еді, мына қазынаның бәрі де қаламмен жазылғаны рас болса сұсы қайда қалған?

«Бүйтіп сыңсытып далаға тастап кететін болғанда бұларды неге жинады екен?

Олар жылдар бойы осы кітаптарға қарап бұлардан бойларына қуат алған шығар. Әрқайсына қолдары тиген болар. Біразын тоқымаса да, оқыған шығар», – деп ойға батты.

Есеннің ойына осыдан көп жыл бұрын әлдебір көріпкелге жолыққаны түсті. Сонда әлгі кейуана отырып-отырып былай деген:

«Сіздің үйде ескі құран кітап бар екен. Шешеңіз жағынан келген болса керек, әйел адам соны ұстап жылап тұр, бетін бір ашпағаныңыз қалай?» – деді. Мұны естіген Есеннің жауырын ортасы мұздап кеткен. Таспнығын тартып сөзін қайта жалғаған кейуана:

«Басқасы дұрыс, сол кітапты анда-санда қолыңызға алып, бетін ашып, білетін дұғанызды оқып тұрыңыз».

Нағашы атасы молла кісі еді, ескі құран кітабы анасы марқұмға сол кісіден ауысып келген-ді. Анасы қайтқанда әлгі кітап шешесінің бас жағында тұрған. Беті ашылмаған кітап оқушысын іздеп тұратын болғаны ма?

Иә, иә құран кітаптың жөні бөлек. Бірақ мына аткөпір кітаптың мысқалдай салмағы болмағаны қалай?! Қалай дегенмен олар осынау білім қоймасынан өздеріне керектің алған да болар, шуағына бөленіп, көңіл көкжиегін кеңіткен де шығар.

Иә, көтеріп алып кете алмаған, шығарып тастауға дәті бармаған, басқа амалы қалмаған соң жәудіретіп жұртқа тастап кеткен. Білген жанға ол да ауыр екен. Ендігі салмақ үйдің жаңа қожасына түспек. Ал, өмір керуені алға асығуда.

P.S. Тәрізі кітаптың дәуірі өткен секілді. Оның жұртта қалғаны ырымға теріс-ақ. Асылы, кітап жетім емес, адамдар кітапсыз кісіліктен баз кешер, рухы сөнер. Кітап деген мәңгілік шырағдан секілді, тарих топанымен жағаласып алға оза бермек.

ҚАСИЕТ

Токен Сәдуаұлы жүзіне иманы үйіріліп тұратын аса бір инабатты жан еді. Алдынан жүздеген шәкірт өрбіген, есімі аймаққа әйгілі ұстаз ағаны былайғы жұрт «мұғалім» деп атап кеткен. Құдды осы елдің бәрі со кісіден оқыған секілді. Зайыбы Зүпін тәтей де ұзақ жылдар мектепте еңбек етті. Ол кісінің де алған атағы мен мақтан-марапаты бір басына жетерлік. Сол Төкен мен Зүпіннің көзінің ағы мен қарасындай, басынан құс ұшырмай, алақандарына салып әлпештеп өсірген үш ұлдың ортасындағы Бигүл деген жалғыз қызы болды. Балаларының кішісі болғандықтан ба, мұғалім қызын бар баласынан бөлек, «арпа ішінде бір бидай» дегендей еркелетіп өсірді. Зүпін тәтей де отағасын бетінен қаға қойған жоқ. «Қыз бала қонақ деген, еркелесе еркелесін, тек ақылды болғай», деп әйел затының басына түсетін өзгеше қиындықтарды еске ала ма, әйтеуір жеңіл күрсінетін. Сөйтсе де әкесі жоқта қызына аналық ақылын айтудан жалыққан емес. Жақсы-жаманды құлағына құюдайын құйды-ақ, айтқаннан болса, әрине.

Айтқаннан болмайды екен, бойжетіп толықсып отырған қыз оқу бітіріп келген жылы аяқ астынан тұрмысқа шығып кетті. Ой, жазған-ай! «Тұрмысқа кетіп жатқан қыз аз ба, оған қайғыратын не бар?» деуге болады. Бірақ әр адамға өз баласы ыстық.

Бұл хабарды бірінші болып естіген Зүпін, төбесінен жай түскендей есеңгіреп, аққұба өңі қуарып-бозарып, күйзеліп қалды. Сонан соң ішінен құдайына сиынып, тізесін бүгіп, жайланып отырды. Абырой болғанда

үйде болғаны қандай жақсы, құдай бетін аулақ қылсын далада немесе жұмыс басында естісе не болады?

«Алла, маған сабыр бере көр» деп ішінен күбірлеп, жалбарынып отырған секілді. Тұрмысқа шығатынын туған анасы – маған айтпағаны қалай? Әлде зорлап алып кашты ма? Ондайдың бетін әрі қылсын. Қас-қағым сәтте басына не түрлі ой келіп, жүрегі алқымына тығылған.

Мына хабарды естіген әкесі... Оның қасында Зүпіндікі әншейін ойын жол екен. Ол бейшара күжірейген түрі болмаса жаратылысынан уайымқор, күйрек адам еді. Қызының жағдайын естігенде-ақ, енсесі түсіп, жүдеп, аһілеп-уһілеп, қайта-қайта дәрі ішіп, дел-сал күй кешті. Ойы ештеңеге тұрақтар емес, көкірегіне батқан жұдырықтай түйін тарасашы. Тәңірінің жазуы-ай десесі!

– Жиырмаға биыл толды, әлі жас еді ғой, анасы-ау, саған айтпады ма?! – дейді жанары жасаурап.

– Саған айту керек еді ғой, – деп іштей торыгумен болды. Сонсоң бірге туған бауыры бар еді, соны шақыртып, қыздың сонынан кісі жіберіп, бұл не жағдай, әке-шешесі бар адам ба, біліп келіңдер, – деген.

Иә, қыз бала ата-ананың өрісі, жөнімен кетсе, әрине. Зорлап алып кашатын заман емес, дегенмен ел ішінде неше түрлі жөнсіздік пен жүгенсіздік бар ғой. Сөны ойласа-ақ, Төкеннің төбе құйқасы шымырлап, жанын қоярға жер таппай сарсаңға түседі.

Ұзамай-ақ, қуа кеткен ағайындар да келді. Келген бетте толқып, тосылып бірден сөз бастай алмай бөгеле берген інісіне, Төкең:

– Айтсаңдаршы, әкесі өлгенді де естіртеді ғой, не жағдай?! – деді даусы көбалжып. Сөнда ғана інісі Сержан сөз бастады:

– Көке, өзіңіз білетін адам, – деді ағасының жүзіне барлай қарап, іштей қалай болар екен деген қауіппен

тартыншақтай сойлеген ол. Төкең де інісінің жүзіне сұстана көз тіккен қалпы: «Иә, кім екен?» деп ұмсынып қалған.

– Әлгі кеніштегі монтер Аликтің баласы екен, – деді Сержан соған өзі айыпты жандай. Осыны естіген Төкеңнің іші-бауыры мұздап, оңі бозарып кетті. Күйеуінің сырына қанық бәйбішесі:

– Төкесі, Төкесі, сабыр ет, бұйрықтыға не шара? – деп ерінің басына жастық тосеп, сүйей берген. Төкең одан әрі тілге келмеді, қол-аяғы мұздап сұлық қалды.

Мұны көрген үйдегілердің есі шығып кетті. «Жеделжәрдем» келгенше жүріп кете ме деп зәре жоқ. Қалай дегенмен, Төкең сол жолы барып қайтты. Бәйбішесі Зүбін тәтейде де ес қалмады. Сасқанынан жан-жақтағы ұлдарын шақыртты. Әкесінің жүрек талмасына ұшырағанын естіген қызы да жылап-еңіреп жеткен. Бірақ кіруге ұлықсат жоқ, наукас ес жинау болмесінде жатыр. Тәулікке қараған кезде, Алла оңғарып, наукастың беті бері қарап, қорқыныш сөйілгендей болды. Дәрігерлердің айтысына қарағанда, «қуануға ерте, мазалауға болмайды». Дегенмен жеке палатаға шығарылып, Зүпін тәтенің өзі қасынан кетпей, ауқаттандырып күтімге алған.

Кеше түсте жеңіл-желпі сорпа ішіп, өніне сәл кан жүгіргендей болды.

Сонан соң көзі жасаурап бәйбішесіне қараған ол:

– Келді ме? – деді. Отағасының кімді сұрап жатқанын тез аңғарған Зүпін:

– Келді, кеше де келген, жаңа тағы да келіп кетті. Тағы да келеді, өзін тәуір болып алшы, оларды уайымдама, – деді.

Төкең ауруханада айға жуық жатып үйге оралды. Қыз алған жақтың дағдысымен келесі күні құдалар келмекші екенін хабардар етті. Бұнын кетіп барып қайтқанында шаруа жоқ. Келме деп қалай айтарсың,

Төкең де етжақын туыстарын шақырып, болған іске болаттай бекіген сыңай танытып, құдаларды күтіп алуға кіріскен.

Төкен Сәдуұлы бұл Алик дегеннің зүриятын білетін еді. Бұлар тұратын кеншілер қонысы шағын болғандықтан ауыл адамдары бір-бірімен заматтан таныс-біліс. Ал мына Алик дегеннің отбасы бұл өлкеге Қазақстанның батыс аймағынан көшіп келген. Бұлардың мұнда ірге тепкеніне шамамен төрт-бес жылдың мұғдары болған секілді. Өздерін қазақңыз деседі, бірақ орыстанып кеткені сонша, қазақшадан мақұрым болатын. Төкенге ұнамайтыны да сол. Кеудесінде намыс жоқ, қуыс кеуде біреулер ғой, болмаса ана тілінен ада болу деген не сұмдық, үмітсіз сорлылар деп мұндайларға іштей ренішпен қарайтын. Сол Аликке қыз беріп құда боламын деп ойлады ма, үш ұйықтаса түсіне кірсе қане? Неге бұл менің маңдайыма жазылған дүние болды екен деп соған күйзеледі.

Тағдырдың жазуына не дауа? Солай десек те Төкен мұнымен келісе алатын емес. «Қай жерде қателестім, неден мүлт кеттім?» деп өзінің және балаларының өткен күндерін ойлап, сарсаң болуда. «Жарар, менің қызымды алып отырған бұның баласы кім, ол қандай адам, оқыған оқуы, істейтін қызметі не?» Сөйтсе бала әскерден жақында келген, орта мектептен соң лицейді бітірген. Скеңнің жүрегі тағы да сыздады. Осындай таусылмас ойлардан қажып отырғанда құдалардың алды бұлар тұратын көпқабатты үйдің ауласына келіп, алдыңғысы соңғысын күтіп жиналып жатты.

Сонымен белгіленген уақытта құдалар да табалдырық аттап, төрге озған. Келген адамдар: Алик әйелімен, үлкен ұлдары, оның әйелі, тағы бір-екі адам, жекжат жұраттары болса керек және осы ауылда той басқарып жүретін жүзі таныс асаба жігіт. Құдалар

сәлем беріп отырысымен-ақ әлгі асаба жігіт сөзді бастай жөнелді. Секең жаңа құдалардың бұл тірлігін қош көрмеді. Тамадаларын ала жүретін бұл қайдан шыққан дәстүр екенін білмесе де сөздің сонын тосқан.

Ауыздығымен алысқан асаба жігіт ешкімге сөз беретін емес, Аликті жеті атасынан бері қарай сыдырта айтып, арғы аталары би болған, бек болған деп сілтей-сілтей нән болған, паң болған деп бір тоқтады. Сонсоң отырғандарды таныстыруға көшкен. Мына отырған Әлекеңнің үлкен ұлы Әділгерей деген ағамыз, оның оң жағын ала жайтасқан жеңгеміз Мәрзия ханым осы қасиетті әулеттің ұлағатты келіні деді. Осы әулеттің құты мен құнарына айналған Алик ағамыздың жары Нұрпан бәйбіше деп оны да мадакқа бөлеп таныстырып өтті. Еті қызып алған асаба басты шұлығып, сөзін тағы да жамырата жөнелем дегенде үй иесі Төкең қолын көтеріп, асабаға тоқта деген ишарат жасады.

– Қарағым, асаба, ара ағайындық міндетіңді және асабалық қызметіңді жақсы атқардың. Бұл өзі мына кісілермен арамызда болғалы отырған алғашқы әңгіме ғой, шырағым, оны өзіміз дастарқан басында отырып ақылдасып шешерміз, сондықтан бұл жерге асаба да, ара ағайын да қажет бола қоймас. Қаласаң бізбен бірге бол, болмаса өзің біл, – деп байыппен зілсіз сөз тастады.

– Дұрыс айтасыз, аға, дұрыс айтасыз, – деп кипактап қалған асаба жігіт, – мына Алик ағамыз жүр деген соң келдім. Бұл кісілер көп жылдар орыс арасында тұрған екен, біздің жактың салт-дәстүрін онша біле бермейді, сонсоң сұрағаннан кейін септігіміз тисін дегенім, – деп ағынан жарылды.

Осы арада сөзге Алик араласты:

– Вы извините, – деп сөзін орыс тілінде бастаған ол. – Біздер ептеп қиналғанымыз рас, балалар осы-

лай қадам жасады, өздері осылай шешкен екен, біздің қалауымыз – балалар бақытты болса дейміз, – деген тілегін айтып жеткізген болды. Құданың тілі осылай болғанда құдағи – Нұрпан ханымның да жағдайы одан алыс емес екен. Қазақшаға тілі келмеді, орысшасының да көсіліп тұрғаны шамалы, әйтеуір әрннің басын шалып, аяққа құлаймыз, – деп төтесінен түсті.

Бұған Төкеңнің өзі қысылды, сасқанынан жан қалтасынан орамалын алып жіпсіген маңдайын сүртіп, көңілі жабырқап отырып қалған.

Біздің қазекеннің бір мақалы бар еді ғой: «Үйірі басқаны нокта қосады, руы басқаны қыз қосады» дейтін. Әйтеуір, кім қосса да бізден сұрамайды екен. Екі түрлі отбасында тәрбиеленген, ортақ ой-пікірі жоқ адамдар қалай бірге тұрып, түтін түтетіп, отбасын құрмақ. Үйленгеннің жөні осы екен деп алып қашып келін түсіру кімге берекет береді? Төкең қонақтар кеткеннен соң да өзін-өзі қажаған ойларға шомып ұзақ отырды. Өзінің қатары емес, қайдағы бір шала-шарпымен құда боламын деп ойлады ма? Жарар, әке-шешесінен кісілік күтпедік, тым болмаса баласы оңсашы, анасы болмаса мынасы бар дер ек. Оның да оңғаны шамалы.

Сексннің «қызым өз теңіне шыкпады, қатарыма сай адаммен құда болмадым» деп күйінуінің қаншалықты орынды екенін кім білсін. Адам басқа салса баспақшыл деген ғой. Төкең де біртес-біртес шалақазақ құдаларының шатты-бұтты тіліне үйрене бастады. Баласы үшін адам не істемейді, көнді де қойды. Бірақ қанша дегенмен іші онша жібіген жоқ, алыстан сіз-біз десіп жүріп жатты. Қыс өтіп көктем туған кез. Қызының аяғы ауыр болатын. Зүпін де баласын уайымдап «аман-сау аяқ-қолын бауырына алса» деп тілсуін тілеп жүрген. Сойтіп жүргенде қуанышты хабар келіп, қыздарының аман-сау босаңғанын естіп бір қуанып, бір жылап алған.

Арада бірқауым уақыт өтті. Бірде қызының жағдайын білгелі келген Зүпін кішкентай жиендерінің әжептеуір ширап, талпынып отырғанын көріп, қуанып қалған-ды. Ол кезде балалары үлкен үйлерімен бірге тұратын. Нұрпан құдағи бір жаққа жол жүріп кетсе керек, үйде балалар өздері ғана екен.

Бигүл де анасына тартқан ширақ, өте таза, іске ұқыпты болып өскен. Содан да болар, жөн-жосыққа икемі жоқ енесіне неқ артпай кішкентайын өзі мәпелеп, өзі суға түсіріп, керек шаруасын өзі-ақ еңсеріп алды. Кеудесінің сүті де мол болып, бала бір емшегін емсе екінші кеудесінің сүті со қалпы қалып біраз бейнет бола бастаған. Әдеттегідей ол дереу анасына телефон шалып не істеу керектігін сұраған. Содан бастап ол анасы айтқандай бір емшегінің сүтін сауып, кісі аяғы баспайтын жерге төгіп тастайтын. Мұны көрген енесі Нұрпан маған бер мұны мен өзім тоғейін деп, артылған сүтті алып кетіп жүрді. Бигүл де мұны осыдан соң мүлде естен шығарған. Тек кешке қарай емшектегі бала қарны тойып ұйқыға кеткенде ғана кеудесінде қалған сүтті сауып онысын бесіктің тұсындағы шағын үстелдің шетіне қоятын. Бірде ойламаған жерде әлгі құтыдағы сүтті енесінің Гоша деп атайтын ала мысығына құйып жатқанын көріп, жаны түршікті.

— Апа, сіз не істеп жатырсыз? Мұныңыз не? — деп бір мезет даусы дірілдеп, жаны түршіге сөйледі.

Енесі Нұрпан ханым бұған сасқан жоқ:

— Ештеңе болмайды, далаға төккеннен Гошаның ішкені жақсы, ол да осы үйдің мүшесі ғой, — деді.

Көзіне мөлдіреп жас іркілген Бигүл:

— Апа, сіз неге менен сұрамайсыз оны? — дей бергенде кенеттен бір жақ кеудесі шанши жөнелгені. Бигүлдің даусы оқыс шығып, омырауын екі қолымен басып отыра қалды. Сол жақтағы емшегінің үрпін ток

сокқандай, әлдебір өткір нәрсе шарпып өтті. Әуелгіде Бигүл мұның не екенін білмеді. Енесінің жонсіз әрекеті есінен кетпей, дегбірі қашып, денесі қызып шыққан ол осы оқиғаны ұмытқысы келсе де ұмыта алмады. Сөйтсе бәрі бекер екен, әлгі ала мысықты көрсе-ақ денесін діріл буатын, бір түрлі жеркеніш байыз таптырсайшы. Әйтеуір, құдай ондап кеудесі әлгідегідей шанышқан жоқ, оның есесіне сүті қайтып кетті.

Бәрінен де сүтке тойып алаңсыз ұйқыға бата-тын кішкентай нәрестеге қиын болды. Сүті жоқ құр кеудені сорып-сорып, шырылдап жылайды. Мұны көрген Нұрпан ханым: «Үйбай-ау, бұған не болды? Сүтің қайда кеткен?» – деп келінге таңырқай қарасын. Бигүл де парықсыз енеге сөз таппай, состиып тұрып қалған.

Содан бері көп жыл өтті. Балалар бөлек отау болып шығып кеткен. Алик ақсақал бәйбішесі және ержетіп қалған кіші қызы мен үшеуі бұрынғы мекенжайла-рында тұрып жатты. Сол жылы Нұрпан бәйбішенің бір аяқ, бір қолынан жан кетіп сал болып жатып қалды. Құдай бетін аулақ қылсын, қартайғанда әйел адамның мұншалықты дәрменсіз болуын ешкімнің басына бермесін, жаман нәрсе ғой.

Алик ақсақал жұмысқа ерте кетіп, кеш келеді. От-басын асыраудың қамы, ол да оңай емес. Бұл жағдай бәрінен бұрын қолдағы жалғыз қызы Күлпанға қатты батты. Сал болып жатып қалған анасын бағып-қағу 10 сыныпта оқитын жас қыздың иығына түсті. Бишара қыз жылап жүріп анасын аялап бақты. Өзі де әбден арып, жүдеді. Мектепке жүгіреді, одан үйге құстай ұшады. Ауру күткен оңай деймісін.

Бүгін де күндегідей анасын тамақтандырып, асты-үстін реттеп болған соң сабағына кетті. Наукас ана

да баласының шырылдаған қалпын көріп, іштей мүжіледі. Бірақ не шара, кіресілі-шығасылы есі бар. Бірін түсінсе, бірін ұмтып қалады. Баласының мектепке кеткенін іштей сезіп жатқанда көзі ілініп кетті. Науқасқа шалдыққалы көбіне ұйқы. Ішкен дәріден бе әлде басқа жағдай ма, оны өзі де парықтайтын халде емес еді. Қазір де солай ұйқы құшағында. Қасында қаперсіз пырылдап жатқан аламысық – Гоша бір мезет көзін ашып алды. Сонсоң ксеріліп, созылып, аяқтарын созған сайын тырнақтары арбиып, наукастың үстіне жабылған ақ жайманы тырнап-тырнап алды. Сол сәтте өткір тынақтар наукастың жансызданған білегін осып кеткені. Науқас әйелдің онсыз да тозып, күн жеген қағаздай үлбіреп тұрған терісін мысықтың өткір тырнақтары бірден шарпып түсті. Жыртылған жерден ыршып қан шықты. Мысығы түскір шыпшып шыққан қанға әуелі құйрығын қайқайтып, секемдене қарап тұрды. Сонан соң тұмсығын тигізіп искей бастағанда қан иісінен бір сәт тітіркенгендей пыр-пыр етіп аяғымен тұмсығын сүртті. Артынша сыздықтап білінген қошкыл қою қанды жалап дәмін татты. Дәмін татуы мұң екен қанның иісінен бе, дәмінен бе аламысық өз-өзінен айбат шегіп, ырылдап, тырнақтарын жазып жіберіп наукастың жансыз білегін одан сайын орып түсті. Аламысықтың сояудай тырнағы жансыз білектің тамырын жырып кетсе керек, бұл жолы қан жаңағыдан да бетер ытқып аға жөнелген.

Қызыл қанға шүйліккен аламысық бажылдаған жағымсыз дыбыс шығарып, жемтік көргендей айбарланып, күжілдеп аққан қанды жалай бастады. Ішіне ыстық қан барған сайын хайуан одан әрі күжілдеп, жалы күдірейіп, ашулы кейіпте қанға құнығып кетті.

Күн сәскеге тырмысқанда үйге алып ұшып жеткен Күлпан қыз тез шешініп түпкі бөлмедегі анасына беттеген. Осы мезетте ырылдаған ала мысық төсектен

акырын секіріп түсті. Қарны кампиып кеткен бе қалай? Қыз да мысыққа қарап қалған. Не жеп тойғаны белгісіз ырылдап, пырылдап алдынан өте берді.

– Гоша, сен не істен жүрсін? – деді Күлнан қыз, аламысыққа қарап. Қызды қаперіне ілмеген Гоша мысық қарны теңкиіп маң-маң басып бөлмеден шыға берді.

Сол сәтте анасының жүзіне көзі түскен ол өн бойын жай оты сокқандай «дір» ете қалды. Анасының өңі оңған бөздей. Өмірі мұндай қалпын көрмеген қыздың жүрегі кеудесіне сыймай дүрсіл қақты. Артынша:

– Апа! – деп анасына ұмтыла беріп, солқ етіп тұра қалды. Сонда ғана шешесінің бозарып кеткен білегіндегі жарақатқа көзі түскен ол ештененің байыбына жете алмай, зәресі ұшқан ол «апалап» шыңғыра айғай салды.

Сәлден соң «жедел жәрдем» де келіп жетті. Дәрігерлер науқастың қансырап өлгенін айтты. Тамыры ашылып кеткен дейді. Бірақ көрпе-жастыққа аққан қанның ізі көрінбегендіктен мұның неден болғанын олар да әуелгіде түсіне алмай қалған...



ҚАСҚЫРЛАР

Еспен ауылға күн еңкейе жетті. Мал-жанға не боп қалған көмекшісі Мұсабай деген орта жастағы сидам, кара кісі, аға шопанды есік алдында қарсы алып, аттан түсіріп, аман-саулығын сұрап, Кераттың шылбырын казыққа ілді.

– Іздегенімді таптым, – деді Еспен аттан түсер-түспестен, жарқын-жарқын сөйлеп. Сонысына карағанда олжалы көрінген. Көңілі сергек. Жанары ұшқындап, қанжығасындағы ала қоржынды тез-тез шешкен ол тапқан олжасын көрсетуге асыққан сынайлы.

– Көрдің бе, көкжалдың бөлтірігін алдым! Нағыз сырттаны, маған керегі де осы еді.

Соны айтқан ол козін әлі ашып үлгермеген зәредей күшікті, қоржыннан алып жерге қойды. Жұдырықтай тіршілік иесі тырмысып, өзінің қайдан келіп, қайда тап болғанын біле алмай жерге кенеше жабысуда. Жан-жағындағы даңғырлаған адамдардың даусын ести ме, исін сезе ме, сезбей ме, кім білсін, әйтеуір, бүрісіп қалған кішкентай тіршілік иесі мына дүниеден бейхабар еді.

– Аңдып жүріп қолға түсірдім. Атаңа нәлеттің ұрғашысы да болды, бірақ еркегін әдейі алдым. Қалған күшіктеріне тимедім, – дейді өз ісіне айырықша масаттанып, желпіне сөйлеген Еспен.

– Еске, мұныңыз дұрыс болған екен, – деді көмекші жігіт, шопанның көңіл күйін тез бағамдап:

– Ақыр алған соң бәрін олжалау керек еді немесе тірсегін кесіп кеткенде қайтер еді?

– Сенікі де дұрыс, Мұсабай. Қасқырды аяп керек емес, бірақ қасқыр деген кекшіл хайуан, күшіктерін жамсатып кетсең ізіне түсіп, мал-жанға маза бермейді. Сонысы жаман. Ал, бір күшікке бола онша ашынбаса керек, қалған үшеуін басқа жерге алып кетер, апандарын ауыстырар. Өшіге қоймас, өшікпейді, – деді ол.

Еспен аңсақ адам еді. Бірақ өлермендігі жоқ. Бірде мынадай қызық болды. Әдеттесгідей өрісте мал жайып жүрген. Кенет отардың бір шеті дүр ете қалды. Қасқыр шығар деп ойлады. О пәтшағарлардың малға шабардағы айласы осы, бірден тарпа бас салмайды. Әуелі қылт етіп, үркітіп алады. Сол кезде «шайт» деген малшының дауысы болмаса ғана басналап келіп, садақтың жебесіндей атылады. Бұл жолы мал «дүр» етіп үркіп, отардың ылдида жатқан шеті бері түрілді. Артынша бір тон ақбөкен бытыраған малдың алдынан жонкіліп өтіп барады. Еспен қарсы алдына келіп қалған ақ бөкенді «өзі келген олжа ғой» деп мылтығын оқтап қарауылға алған. Кенет, иә кенет, көзі әлдебір ғажайып суретке байланып қалғандай. Әлгі ақбөкендердің сауырындағы теңбіл-теңбіл дақтарды көріп таңтамаша болғаны. Бұрын-соңды мұндай сұлулықты көрмеген. Құдды арудың тәніндегі сұлу меңдей. Иә, оқулық кітаптардан әлгі «пестнистый олень» дегенді көргені бар. Бірақ ол бұл жакта қайдан жүр?! Оқтаулы мылтықтың қарауылына іліккен ақбөкендер қаннен-қаперсіз биші қыздар секілді қаздаңдай басып, көз алдынан тізбектеліп өтіп барады, тіпті асығатын емес. Ақбөкеннің сауырындағы теңбіл-теңбіл сұлулыққа қарап қалған Еспен мына ғажапқа егіле сүйсініп, атып алайын деген әуелгі ойын естен шығарған. Тек олар ұзап кеткенде ғана мылтығының ұңғысынан оғын алып, «не деген сүйкімді аң!» деп іптей тамсанумен қала берді.

«Аң деген даланың құты еді, не керек, әлгі құдайсыз браконьерлер қынадай қырып бітірді. Тіпті

қасқыр екеш, қасқырдың өзі даланың сәні еді, оның да берекесі кеткен» деп іштей күрсінген-тін.

...Күндер өтіп жатты. Еспен болса бауырын көтеріп, көзін енді аша бастаған бөлтіріктің қасына қазақы төбеттің ұрғашы күшігін әкеп косты. «Қасқырдың тұқымын жетілдірейін деп пе едің, мұның не?» деген ауылдастарына «иә, қасқыр шіркіндер азайып барады солардың камын ойлаймын» деп оларға қыңыр жауап беретін. Сонымен Еспеннің екі күшігі темір тордың ішінде күн санап жетілді. Екеуінің тамақ ішкендері де бір дөшін. Итаяғына ас құйса-ақ болды арылдап-күрілдеп бітеді. Өскен сайын кішкентай бөлтіріктің түрі де құбылып, басында барандау еді, енді қылаң тарта бастаған. Бөлтіріктің осында келгенін жақтырмайтын бұл ауылда тағы бір тіршілік иесі бар. Ол – Ақтөс деген үлкен ақ төбет. Еспен оны иттің сырттаны, зады қазақы төбет деп жерге тигізбей мақтайтын, бірақ қасқыр алған емес. Сол Ақтөс зәредей күшікті көрсе болды арсылдап ауылды басына көтереді. Әлдебір гәптің қатерін сезе ме?! Бәлкім атажауының иісінен мазасы кетсе ме, әйтеуір, зәредей бөлтірікті көрсе қарадай болдырып, арыстан көргендей арсылдайды.

Малшы кісі екі күшікті оқшау ұстап, тамағын мол беріп, бабымен өсірді. Әредік тордан шығарып жүгіртіп, ойнатып, сергітіп алатыны бар. Содан да болар «пақырлар» иелерін жазбай таниды. Еспеннің қарасы көрінсе болды, төсінің ақ жолағы бар қара қаншық шәуілдеп үріп, еркелеп ит мінезін білдіріп тұратын. Мұндай кезде қасқырдың күшігі самарқау, керісінше иесінің келгенін жақтырмай қабағының астынан түнере түксиіп, мойнын ішіне алып, өзінше айбат шегеді.

Мұны көрген Еспен: «Жазған-ау, өйтпесең қасқыр боламысың?» дер еді. Бөлтірік алғашқыда қоңырқай кара көк секілді еді, осе келе түсі сұрғылттанып, бірте-бірте дала жыртқышының кейпіне ене бастаған. Уақыт өткен сайын күшіктердің бойлары өсіп, бір қыстан соң-ақ денелері толысып сала берген. Малшы кісі иттері өскен сайын олардың тұратын торларын кеңейткені болмаса, бос жібермеді. Арада бір жарым жылға жуық уақыт өткенде денелері іріленіп, жетіле келе көктемде қаншық ит күшіктеді. Бірнеше кара сұр күшіктер жалғанның жарығына келген. Осы кезде Еспен қасқырды өлтіріп, терісін сойып, онымен жаңа туған күшіктердің итаяғының іші-сыртын қаптады. Ит пен қасқырдан туған күшіктердің екеуін қалдырды. Оның бірі – кокпіл сұр күшік, оны Сырттан деп атады. Екіншісі де соған ұқсастау, тек төсінің болар-болмас жолағы бар, басқадай айырмасы жоқ еді, оны Арлан деп атады. Қалған күшіктерді туа сала алып кетіп, жоқ қылды. Еспен екі күшікті де енесінен ерте айырды. Қарақаншық біразға дейін күшіктерін іздеп, аласұрып жүріп, ақыры суынды. Бұдан әрі күшіктер қасқыр терісімен қапталған ағаш итаяктан малдың қанын жалап, шикі ет асап, тез жетілді. Өздерінің сырт пошымы қасқырға ұқсас, шұнақ құлақтары тікірейіп, сыртқы түгінің өзі құбылып келе жатты. Тек қана күшіктердің бас сүйегі төбет иттерге ұқсас, тұмсығы да жуан, жалпақ болып біткені болмаса қалғаны қасқырды сойып қаптағандай. Төбет иттің тұқымы екенін білдіретін бір белгі сол. Бірақ тосыннан көрген адамға қасқыр секілді көрінуі қақ. Мұның бәрі иттердің сыртқы алдамшы пішіні ғана. Гәп түрінде емес-ті. Өзірге ол Еспенге де беймәлім-тін.

Сол жылы қар ерте түсті. Сөйтсе де аңшы кісі иттерін аңға салуға асықпады. Күшіктерінің жілігі

катайып, азуы жетілгенін күтті. Бірақ сонысына карамай сонарда аң қағып, қоян мен түлкіге салып жүрді. Өлі ауыздана қоймаған екі ит аңға жақындамай құр далақтап жүгіргені болмаса ештеңе тындырған жоқ. Аңшы да оған асықпады. Сол жылдың қысы жайлы болып, көктем ерте шықты.

Еспен иттері екі қар басқан соң аңға салды. Бұл кезде Сырттан мен Арлан жетіліп қоян, қарсақ, түлкі алып қуғанын құтқармайтындай әбжілденіп алған.

Қаңтардың аязы сынған күндердің бірінде адыр-адырды кезіп, ауылдан ұзап кеткен. Кенет алдарынан қараң ете қалған итқұстың сұлбасын байқап қалды. Өздері екеу. Өлденені жәукемдеп алған ба, екеуі де тоқ көрінді. Аңшының иттері де тұз тағысын бірден байқады. Қарақаншықты ауылда қалдырған болатын, Ақтөс қана қасқырларды көрген бетте атылып жөнелген. Екпіні қатты, қуып жетсе бүріп түсер секілді. Сырттан мен Арлан шу дегенде «арс-арс» ете қалды. Қасқырларды қуа жөнелгеннің орнына иесіне бұрылып, шәуілдеп қыңсылағандай болды. Мұны көрген Еспен «Айт, айт!» деп айғай салды. Аңшының ащы даусы тымық ауаны жаңғыртып, екі иттің бойына күш бергендей. Сол-ақ екен, олар да Ақтөстің ізін ала жөнелген. Еспен қыр асып кеткен иттерінің ізіне ілесіп, тақымындағы Кератка камшы басты. Иссінің пәрмені болды ма, Сырттан мен Арлан қасқырлар асып кеткен белге көсіле жүйткіп, ілкіде көтерілді.

Бұл шақта Ақтөс ит қасқыр бұлкекке салып қарсы белден снді аса берген тұз тағысының соңынан шәуілдей үрін тұр екен. Арттағылардан көмек күтетін секілді. Сырттан мен Арлан Ақтөске бұрылмастан екі қасқырдың апшысып қуыра тақымдай жетті. Қасқырлар болса бұлардан сасар емес.

Екі ит дала көкжалының адымын аштырмай жеткен бойда ұмар-жұмар шайнаса кетті. Иттер көкжалмен

айқасып жатқанда, ұрғашы — Аққаншық бұлардан сытылып шығып, ұзап бара жатты. Екі ит қасқырды бірден бұрап соққанымен азулы көкжал, қасқыр алып машықтанбаған иттердің құрсауынан сытыла берген. Бірақ бірінен құтылса, екіншісі басып қалып, көкжал қасқыр екі итпен бір қауым алысты. Ақ қардың үсті қызыл ала қанға боялып, ит пен қасқырдың қырғын шайқасын суреттеп жатқандай. Бір мезет Сырттанның аузы көкжалдың алқымына ілікті, азулы иттің шеңгелінен құтылмаққа жанталасқан бөрі серіппедей атылып шапшыла көтерілді. Қасқыр мен ит артқы аяқтарымен қаз тұрды. Аңшы кісі осы бір ғаламат көріністі алыстан тамашалап, мына ғажайып суретті, айлапат айқасты ешкімге айтып жеткізе алмайтынына өкінгендей еді. Осы сәтте Арлан атылып келіп көкжалды жұқа шаптан ала түсті, үшеуі тағы да ұмар-жұмар домалап кеткен. Ит пен дала тағысының шайқасынан құтырынып құйын тұрғандай бұркылдаған ақ қар аспанға шапшып, үй орнындай жер апыр-топыр болып кетті. Сәлден кейін түз тағысы тұяқ серіппей қалды. Алқымнан алған Сырттанның азуы қақпанша қарысып, қасқырды босатар емес. Шапқа жармасқан Арланның өткір тістері бөрінің таңын айырып, ішек-қарнын ақ қардың үстіне ақтарып тастаған. Қарға төгілген көкжалдың жылы қанын кезек-кезек жалаған екі ит, артқы аяқтарымен жер тарпып, алыстан жеткен әлгі бір бөтен иісті сезгендей. Сонан соң жаңа ғана қасқырмен айқасқан аумақтан әрі-бері із кесіп, сонау қарлы даланы кезіп кеткілері келген. Бірақ осы сәтте иелері келіп, иттерін ұстап, бастарынан сипап: «Сырттаным, Арланым, жарайсыңдар!» деп екеуін азырақ еркелетіп, сабаларына түсірген болды. Сонан соң олжаларын бөктеріп, иттерін ертіп ауылға қайтты. Бұл оның алғашқы олжалы күні еді.

Еспен осы бір керемет көріністі ұзақ уақытқа дейін айтып тауыса алмай жүрді.

Екі ит сол күннен бастап айбарланып алған, тіпті ауылдағы ит біткеннің мәтібиі. Ақтөстің өзі бұлардан ығатын болған. Әнебір күні қотанның шетінде Сырттан мен Ақтөс сүйекке таласып қалды, Ақтөс әдеттегідей өзінің өктемдігіне басып, көлденең олжаны іліп әкетуге ұмтыла берген. Осы сәтте Ақтөсті қаперге ілмеген Арлан сүйекті екеуінен де бұрын қағып кетті. Мына «бассыздыққа» ызасы қозған Ақтөс Арланды құлақ шекеден ала түспек болып оқтай атылды. Сол мезет күтпеген жерден өзіне көлденең тұрған Сырттан Ақтөсті серінпедей секіріп, кеудесімен қағып түскені. Тегеурінінің күштілігі соншалық төбет ит омақаса құлады. Жуан жілікті ала жөнелген Арлан сүйекті тастай бере Ақтөсті орнынан тұрғызбай басып қалды. Қас пен көздің арасында Ақтөс те жанталаса атып тұрмақ болып, жұлқына шапшып, алқымына жабысқан Арланның азуынан енді босана бергенде бөксесіне жармасқан өткір тіс орнынан тұғызбай сілкіп тартып, жамбас сүйегін жапырып жібергендей болды. Ендігі сәтте Ақтөс ұялас екі иттің құрсауынан тыпыр ете алмай тұншығып бара жатқан. Осы кезде иесінің айғай салғаны құлағына еміс-еміс жеткендей болды. Қос арлан иесі келіп таяқ сілтегенде ғана Ақтөсті жайына қалдырды. Болмаса сол жолы Ақтөс ит өліп тынатын еді. Содан бері Сырттан мен Арланның маңынан аулақ жүретін болды, кәдімгідей ығып, жүні жығылып қалған.

Еспен қасқырлар қасқырлығын істеп тұр-ау деп ойлаған. Сол күннен кейін ол Сырттан мен Арланды қотанның шетіне шынжырға байлап тастады. «Өздері шақар, тентек болып алған. Әрі қаңғыбас. Адыр-адырды кезіп, ауылға тұрақтамай барады» деп иттерінің осы мінезінен секемденген Еспен екеуін айлар бойы байлаудан босатпады. Иттер де бұл тірлікке көндігіп,

итаяққа ас құйса, кәдімгідей еркелеп, иесінің етегіне оралып, ит мінезіне оралғандай болған.

Сойтіп жүргенде жаздың аптабы келіп жеткен. Сырттан қотанның шетіндегі үйшігінің іргесін тырмалап, жеронақтай жерді шұңқырайтып қазып алған, соған кәдімгідей бүк түсіп, колаңкелеп жатқаны. Осындай күндердің бірінде дәл тұсынан Ақтос пен Қарақаншықтың иесін білді. Тыпыр етпей жатқанның өзінде Ақтос ит мұның тұсына жақын келіп тоқтағанын, артқы бір аяғын көтеріп бұның желке тұсына сарығанын сезді.

Сол-ақ екен жотасының жалы күдірейіп орнынан атып тұрған ол төбетке жұлқына атылды. Бірақ мойынға ілінген жуан шынжыр дегеніне жіберер емес. Соны сезген Ақтос те мұның қаһарынан ықпады. Өз шаруасын бітіріп болған соң, артқы екі аяғымен жер тарпып, қыр көрсетті. Бойын ыза кернеген Сырттан мойнына байланған ауыр шынжырды сүйреткен қалпы Ақтоске қарай жұлқына шапшыды. Бүріп түсердей еді. Бірақ темір қазыққа байланған шынжыр бау Сырттанды кейін жұлқыды. Анау да соны сезіп тұрған секілді. Селк етер емес. Оның ессіне Қарақаншық мұны бүйірге соғып, тісін батырып өткені. Ызалы Сырттан қаншық итке жалт бұрылғанша, ол шынжыр жетпейтін жерге шығып кеткен. Онымен қоймай байлаулы итке айбат шегіп, заһар тогіп, біразға дейін шабаланды. Қотанның ана шетінен Арлан да мына дауысқа үн қосын, бір екі мәрте арс-арс етіп, артынша ышқына қыңсылаған. Бар бітіргені қуатты тырнақтарымен жердің топырағын сойып тырғады.

Бұлардың мойнына шынжыр байланғалы Ақтос ит әбден еркінсіп алды. Ауыл маңын жалғыз өзі аралап, төңірекке түгел иелік етеді. Кейде Қарақаншықтың соңынан сүмеңдеп жүреді. Ертелі-кеш қожасы

жұмыстан келгенде де сол бірінші қарсы алып, оның стегін иіскеп, қал-жағдайын білетін де сол. Анда-санда Сырттан мен Арланды да ұмытпай бұлардың маңына жақын келіп, байлаудағы «бейшаралар» деп кемсіткендей, әдетінше артқы бір аяғын көтеріп ексеуінің үйшігінің тұсына сарып кететін әдеті. Қарақаншық болса бұлардың ызасын одан бетер қоздырып, шабаланып, тап беріп, байқаусызда ала түсіп, сытылып кете береді. Кейде еркелесіп келіп алдап соғып, тісін оңдырмай салатыны бар. Азу тістерін ақситқан Арлан мен Сырттан Ақтөс пен Қарақаншыққа әбден ызалы. Мойынға байланған ауыр шынжыр ыркына жібермей, көнбеске кондіруде.

...Сол күні ауылдың үсті тас қараңғы еді. Күйіс қайырған малдың пысқырған, жөтелген дыбысы естілер-естілмес құлаққа келеді. Түнгі ауыл. Төңірек осындай беймарал тыныштықта бөгіп тұрған сәтте әлдебір ботен иістің қотанға жақындап келе жатқанын Сырттан мен Арлан тез аңғарды. Бірақ екеуі де дыбыс шығармай жатқан қалпында тұмсықтарын көтеріп иіс алып, қыстыға қыңсылаған болды. Тұмсықтарына келген таныс, бейтаныс иіс, бойларын билеп, еліктіріп тұрғандай. Бұлар бұрын да соны сезген. Тек сайтан алғыр, Қарақаншықтың иісі емес. Сонау, сонау қарлы далада, көк арланмен кездескенде бұлардан сытылып кеткен Аққаншықтың белгісі болар. Екі арлан мұны жақсы таныды. Сол мезет қотандағы қойдың арғы тұсы дүрете қалды. Ақтөс пен Қарақаншықтың жанұшыра арсылдаған даусы естілді. Сол мезет байлауда тұрған Сырттан ғана темір қазықты жұлып әкелердей ышқына ұмтылып, бар күшімен аспанға шапшып, болат шынжырдан босағысы келген. Аққаншықтың соңынан еріп кеткісі бар, бірақ байлаудан қалай құтылар? Қотанның келесі тұсындағы шынжырда тұрған Арлан да арсыл-

дан шапшуылдады. Ауылдың үсті азан-қазан. Сөл сәтте үйден жүгіре шыққан қожасы аспанға мылтық атты. Сырттан Аққаншықтың қой шарбаққа қарғып түскенін, ана “мақұлық” қойлардың дүрліккеніне карамай бірін домалатып, бірін алып соққан әбжіл қимылды сезіп тұрды. Тек мойнындағы шынжыр болмаса қотанға түскен бұзақыны бүріп түсер ме?..

Келесі сәтте оның қай тұстан «лып» еткені белгісіз Ақтос пен Қараканшықтың ауылдың сыртына қарай зулап бара жатқанын байқады. Ақтөстің жайы белгілі, ол кері қашып келер, ал ана шақар Қараканшық қайтер екен, Сырттан тағы да ышқына арсылдады.

Қораны айнала жүгіріп келе жатқан Еспен қасқырдың соңынан әуелі Сырттанды, сонан соң Арланды шынжырдан босатып, әлгі жыртқыштың соңына салып, «айтақтап» қала берді. Байлаудан босаған екі ит Ақтос пен Қараканшық қуа кеткен қасқырдың ізіне түсіп, қараңғы түнге қанжардай сүңгіп, көзден ғайып болды. Қотанға түскен қасқыр бір-екі қойдың мойнын бұрап, бір қозының құйрығын жұлып, құйындай соғын өте шыққан.

Шопан ауылы азан-қазан. Еспен аспанға тағы да дүркін-дүркін мылтық атып, ит-құсты үркіткен болды. Бұл уақытта отарға шапқан қасқырды қуа кеткен Сырттан мен Арлан арындай ұшып, жаңағы бір жат иісті жусанды даладан тап басып, солай қарай қатарласа жортты. Ауыл іргесіндегі белден асканда барып алдарынан қаран-құраң көрінген Ақтос пен Қараканшықтың нобайын жазбай таныған. Оны көргенде манағыдан бетер тұла бойларын ыза кеулеп, қотанға түскен қасқыр емес, сол екеуі секілді, ұялас екі арлан соларға қарай атыла ұмтылды. Ақтос мына екі «қызыл көздің» екіінінен сасып, құйрығын борбайына қысып, ауылға қарай зытып берді.

Қарақаншық болса ығатын емес. Шанқылдап үріп бұларға қарсы ұмтылғаны. Екі ит Ақтөсті тастай бере Қарақаншықты бас салды. Сырттан бірден қаншық итті тамақтан ала түсті. Сол-ақ екен, алыс-жұлыс айкасқан екі ит, ұмар-жұмар домалады. Қарақаншық та қаншық иттің ірісі еді. Кеудесін басып қалған Сырттанды үстінен серпе лақтырып, орнынан атып тұра бергенде, Садақтың оғындай атылып келген Арлан Қарақаншықты танынан алып жұлка сүйреп өтті. «Қанқ» ете қалған қаншық ит бүйірін тұмсығымен баса қалмақ болды. Бірақ алқымы Сырттанның аузында шайналып бара жатты. Осы сәтте лақтырған кесектей Арланның азу тісі қаншық иттің бүйіріне «сақ» ете қалды. Қаншықтың «шаңқ» етуге де шамасы келмеді. Көзді ашып-жұмғанша екі ит қаншықты бірі тамақтан, бірі шаптан алып кергілеп, өздері емген емшекті де, өздері жатқан иттің жатырын да жарып тастады. Сәлден кейін ішк-қарны ақтарылған Қарақаншықтың дал-далын шығарған екі ит ұрттарын жалап, жер тарпып, тұмсықтарын көкке қадап ұлыды дерсін. Осыдан соң екі арлан әлгі бір иісті қуып түн қараңғысына сіңіп бара жатты. Қараңғы түннің құлаққа ұрған танадай тыныштығы, кәусар ауасы, жібек самалы бұған селт еткен жоқ. Олар иттен қасқыр болып туды ма?.. Қасқырдан ит болып туды ма?.. О жағы белгісіз еді. Мылқау түн ғана бұл құпияны қойнына тығып, жалпақ дүниесіне айтуға жасқанатындай.

Қарақаншықты жәукемдеп, кеуделеріне күш пайда болған екі сырттан тымық ауадан иіс алып, бойларын желік буып, жортып жөнелген. Бұл шақта көкжиектен толық ай да көтеріліп келе жатты. Екі ит бірде қатарласа, бірде ілгерілі-кейін, үздік-создық алға ентелеп келеді. Ай сәулесінің жарығы мен адырлы алқаптың таныс нобайы да айқындала бастаған.

Дала төсі түнгі тыныштыққа бөгіп, маужырап кеткендей. Екі иттің сыбырсыз, дыбыссыз жортқаны түнгі даланың қаперіне кірмейтін секілді. Кенет алда келе жатқан Сырттан тосыннан айбат шеге бастады. Оған қатарласа берген Арлан да азуын ақситып ілгері ұмтылған. Осы кезде жақын маңнан ұлыған бейтаныс иттің дыбысы екеуінің құлағын қарып түскендей еді. Өздері қуып келе жатқан әлгі бір жұмбақ иістің үнін естігенде Сырттан мен Арлан, әуелі қыңсылап, бір-біріне тұмсықтарын тигізіп, түйсіктеріндегі түсініксіз күйдің жауабын сұрасандай болды.

Сөйткенше, әлгі ұлыған дауыс тағы да естілді. Бұл жолы соншалықты мұңлы, тіпті аянышты. Іле шала екі ит те қыстыға ұлып, бейтаныс итті іздеп, шақырғандай дыбыс шығарған. Осыдан соң ұлыған үн тына қалды. Бірақ әлгі беймәлім дыбыс бұларға жақындап келе жатқандай. Соны сезген екі ит бозала түнге бой салып жорта жөнелді. Сәлден кейін тіптен жақын келіп тоқтасты.

Артынша олар қарсы алдында көлденеңдеп тұрған жалғыз итті көрді. Манағы Қарақаншықты бас салғандай мынаны тарпа бас салуға екеуі асығар емес. Алыстан бір-бірінің иісін алып, сыр ұққандай. Сол мезет екі ит бейтанысты бүріп түсердей атылып келіп, қатарласа кеткен. Бейтаныс ит болса бұлардан тіпті сескенер емес, екеуін де жасқап, суық сұс көрсетуден жазбады. Бұл екеуі болса онымен ойнағысы келіп, бірде әрі, бірде бері қашып, ақыры тұмсықтарын тигізіп, «ырылдап», «қыңсыласып», үйіріліп қалған. Қаншық қасқыр тосыннан жолыққан бейтаныс серіктерінен бойын аулақ салғысы келіп, біразға дейін ыңғай бермесе де, екеуінен бөлек кете алмады. Бойындағы әлдебір желіктің құрбаны болды ма, неше күннен бергі ұлыған зарлы даусы осыларға жеткендей ме... Бәлкім, жалғыздығынан күйзелді ме, кім білсін?..

Сол күннен бастап Арлан мен Сырттан Аққаншықтың соңынан еріп кетті. Үшеуі жортуылдап Кенелі тауының теріскейіне шықты. Қаншық қасқырдың осында ескі апаны бар екен. Олар соны паналады. Әуелгіде үшеуі бірнеше күн апанда жатты. Екі иттің ермегі сол. Кейде бір-біріне қабак шытып, азуларын көрсетіп, қаншық қасқырға таласып та қалады.

Ара-тұра қаншық қасқыр оларды бастап жортуылға шығып, түнделетіп малды ауылды торып жолдары болып та жүрді. Аққаншық өте епті еді. Аң қуса да, мал қуса да жемтігін ұрымтал тұстан басатын, керемет әбжіл. Арлан мен Сырттан да жаңа өмірге тез төселді. Келе-келе өздері бастап кететін болды. Оның үстіне адам қолында өсіп, сырмиез болғаны бар, ауылдағы малға шапқанда сштеңені құтқармайтын, қайратты да орасан. Бірде тура ауылдың іргесінде жайылып жүрген табынға шауып, семіз тананың бірін тарпа бас салды. Сиырлар өкіріп ауылға жеткенше үшеуі тананы жәукемдеп болған, ауылдан айқай-ұйқай естіліп аттылы адам бері шапқанда бұлар қасқыр бүлкілге салып қыр асып кетті.

Еспен екі итін ұзақ күтті. Ауылдың іргесінен Қарақапшықтың қаңқасын ғана тапты. Соған қарағанда қасқырлар біреу емес, бірнешеу деп жорамалдаған. «Екі иттің де беті қайтпаған азулы арландар еді, шамасы ұялы қасқырларға кезігіп қалған-ау, әйтпеген күнде біреуі болмаса біреуі оралса кәдік еді» деп іштей тон пішеді. «Бұларға не болды?» деп көңілі күдіктен сейілмеді. Дегенмен, иттері қасқырлардан жазым болды ма деп, Сырттан мен Арланды іздеп талай жерді шарлады.

Екі ит сол кеткеннен оралмады. Еспен болса қасқырлар жеп қойған болар деп жүре берді. Сөйтіп

жүргенде арада бірсыпыра уақыт өтті. Тамыздың соңғы ширегі. Иттері жоғалғалы қотанның шетіне ұйықтайтын. Бірде қатты ұйықтап кеткен екен. Ауылдың іргесінде арқандаулы тұрған Кераттың шыңғыра кісінеген даусынан оялды. Бас жағында сүйеулі тұрған мылтығына қол созған бетте, ұйқылы-ояу орнынан атып тұрған ол: «Айт, айт!» деп айғайға басты. Қосауыз мылтығын аспанға қаратып бір дүркін «түрс» еткізді. Аттың әлгідегі кісінеген даусынан кейін оқыранған дыбысы мен пыскырғаны естілді. Арсылдаған Ақтөстің даусы тынар емес. Түнгі дауыс алысқа кетеді ғой, мылтық үнінен соң төңірек жым-жырт бола қалған.

Еспен ойлаған: «Ит-құс емес, әлгі бозайғыр арқанда тұрған атты талап тастамаса игі» деп басына сан түрлі ой келсін. Бірақ Ақтөстің даусы семсер емес. Ендігі сәтте төңірек тынши қалған, аттың да дыбысы естілмеді. Еспен мылтығын оқтап алып арқандағы аттың амандығын білгелі солай қарай жүрді. Түн құшағына енген төңіректен күдікті ештеңе байқалмайтын секілді. Ай қоралап қалған кез еді. Арқандаулы атқа жакындап қалған кезде құлағына иттің ырылдағаны секілді бөтен дыбыс естілгендей болды. Еспен дереу мылтығын кезене ұстап «Айт, айт!» деп түн қараңғылығын сілкіп оятқандай айғайлап, дауыс шығарды. Ақтөс шабаланып біресе алға, біресе қыңсылап артқа қашып, безектеуде. Еспен арқандаулы аттың тұрған орнына жакындаған сайын иттердің ырылдаған, қырылдаған дыбысын естіп, аспанға қарата мылтық атты. Жүгіре басып, алға ентелей берген-ді, алдынан қараң-құраң еткен иттердің сұлбасын айқын айырмаса да жобалағандай болған. Дереу қараңдаған сұлбаны қарауылға ала бере шүріппені басты. Іле мылтығын қайта оқтаған ол ентелей алға жүгірді. Сөйткенше болған жоқ тура табан

астында Кераттың жайрап жатқанын байқаған малшы ақыра айғайлап, алға ұмтылған. Кераттың ішек-қарнына басын тығып алған қасқыр, иә, қасқыр тіпті мұны елер емес, қорықса қане. Жотасы бүкжеңдеп, інге кіргендей аттың зор кеудесін ұңғып жатыр. Мына кереметті көрген Еспен мылтықты кезеген бетте тағы атты. Сонда ғана әлгі пәле «қаңқ» етіп басын жұлка көтеріп, бұрыла қашты. Әдетте қасқыр дыбыс шығармаса керек-ті, оған таңырқауға шамасы келмеген Еспен тағы да мылтық шүріппесін басты. Бұл жолы омақаса құлаған қасқыр қайта тұрмады. Қалғандары жемтіктен жерігендей, атқып шығып түн құшағына сіңіп, козден ғайып болды.

Атын қасқырға алдырған Еспеннің көңіл күйі алай-дүлей. Ауылдан ұзаққырап барып, тағы да бір дүркін мылтық атып, ит-құсқа сес көрсеткен болды. «Мұндай сұмдықты кім көрген? Түнсукүні ғана қотанға түсіп екі-үш жантықты тамақтап кетті. Енді міне, арқандағы Кератты жайратты. Дәнігін алған не пәле бұл?» деп ашуы бойына сыймаған Еспен «табаның тартылғыр» деп ит-құсқа қаһарын төгуде.

Көкжиектің етегі түріліп жаздың қысқа таңы да сібірлеп келеді. Еспен Кератты жайратқан қасқырдың олі денесін үй маңына сүйреп әкелді. Сонсоң ескі-құсқы бірдеңелерді алып, аттың үстін жапқалы солай аяңдады. Кімді, нені қарғап-сілсгені белгісіз «атаңа нәлет» деп әлденені іштей сыбап, балағаттап жүр. Керат төрт аяқтының жүйрігі болмаса да талай жыл тақымына басқан серігі еді, қасқыры түскірдің дәл осыған келгенін қарашы деп көп уақытқа дейін өзіне-өзі келе алмады. Бұл уақытта төңірек бозамық нұрға бөленіп, түн қараңғылығы сейіле бастаған.

Еспен Кераттың үстін колегейлеп болған соң манағы қасқырдың өлексесіне бұрылған.

Ол пәле әлгінде өзі сүйреп әкелген ши түбінде жатыр екен. «Жатпағанда қайда барады, бір емес, екі өк жұлынын үзді емес пе?! Өзі де бұзаудай нән қасқыр екен, өңкиіп жатысын қарашы» деп дауыстай сөйлеп ши түбіндегі ит-құстың сұлбасын анадайдан көріп келе жатып: «Астапыралла! Мынау өзі!..» деді. Еспеннің үні шықпай қалды.

Қасқырдың дәл қасына келгенде ол өз көзіне өзі сене алмай состиып тұрып қалған. Сенбейін десе алдында серсейіп жатқан өзінің әлгі ұшты-күйлі жоғалып кеткен Арланы. Арлан! Баяғы қасқыр мен иттің буданы. Алқымының ақ жолағы бар.

Еспен итінің өлі денесін әрі аударып, бері аударып, қолшамның жарығымен ұзақ қарады. Көңілі сенбегенмен көз алдамайды ғой. Алдында жатқан өзінің иті – Арлан еді. Енді сенбеске шамасы қалмады. Өзі бұрынғыдан да іріленіп, жабайыланып кеткен. Жүні жылтылдап, сіңірлі жалпақ табандары көрінеу сұс беріп тұрғандай.

Еспен күшігінен асыраған итінің суық әрекетін түйсіне алмай көп тұрды. «Атаңа нәлет», – деді сонсоң түндегі қашып кеткен қасқырлардың арасында екінші иті Сырттанның барын енді пайымдаған ол.

Кераттың жылы-жұмсағын еркін қарпи алмаған Сырттан бұ маңнан ұзағысы келмей артына қарайлай берген. Осы сәтте ауыл жактан дүркін-дүркін атылған мылтық даусы қасқырлардың үрейін үйірді. Әсіресе, Аққаншық мойнын төмен салып алға қарай бүлкілдей жөнелген. Мылтықтың даусын естіген сайын құйрығын борбайына қысып, жортақтап барады. Сырттан амалсыз Аққаншықтың соңынан ергені болмаса артына айналшақтай берді. Осыдан соң екі бөрі ауылдан ұзамай манағы Кератты құлатқан жерге таң

алдында тағы оралды. Қаншық қасқыр баспалап келіп, ауыл жақтан қауіптің жоғын сезген соң Кераттын суый бастаған өлексесіне бас қоймақ еді, өлексенің үстіндегі жамылғыдан жасқанып шегіншектеп қалды. Тек Сырттан ғана жамылғының астына кіріп ұяласын іздеп таппай шыққан тәрізді.

Сонсоң иіс алып із кескен Сырттан ауыл жаққа қарай бауырымен жорғалап бара жатты. Осы сәтте ауыл жақтан жөткірінген адам даусы естілген, адам болғанда өзінің қожасы – Еспен (бөрікті адамның) даусы. Сол-ақ екен, ызалы ит құлағын жымып, езуі ырсыып, айбат шегіп, бауырымен тағы да алға озды. Шамасы бөрікті адамды азу тіспен орып түспек. Бағына қарай бөрікті адам бері жүрмеді, әлденені сүйретіп әрі әкеткен ескілді. Осыдан соң адамның қарасы көрінбей кетті. Кенет қотаннан малдың ыңыранған, жөткірінген таныс дауыстарын естіген сайын сілекейі шұбырған Сырттан баспалап отардың дәл іргесіне жеткен. Бұрынғыдай дыбысын шығармайды, не істесе де, құлаққа ұрған танадай тыныштықты бағады. Үй жақта Ақтос ит шабалана үріп, шу көтеріп жатыр.

Шарбақ ішінде жатқан мал да мұның иісін сезбесе қарасын байқамағандай. Келесі сәтте бойын кернеген алапат күшпен орнынан атылып барып, қотанның ортасына бір-ақ қарғыған Сырттан кірпік қаққанша қой шарбақтың ішіп құйын тұрғандай қылды. Басып кесіп жатсаң маңырауды білмейтін қой жарықтық шарбақтың бір бұрышынан екінші жағына дүркірей үркіп, бірін-бірі басып, кептеле жөңкуде. Тек ешкілер бірден бақыра жонелген.

Осы кезде үйден жүгіре шыққан бөрікті адам айғайлап, аспанға мылтық атып «Айт, айт!» деп түнгі даланы «дір» еткізгендей болды. Айғай ауыл жақтан естілді. Соны тез сезген Сырттан баяғы өзі шынжырда байлауда жататын шарбақтың дала жақ бетінен ырғып

отті. Манағыдай емес, таң бозарып қалған. Қотанды шулатқан Сырттан Кераттың тұсындағы шилеуіт, шалғынды ойпаттан ырғып өтіп, боз даламен аста-сып бара жатты. Әлгідегі «гүрс» еткен мылтық дау-сынан сескенген Аққаншық та Кераттың етін амал-сыз қалдырып, құлағын жымып, таң алдындағы боз мұнарға сүнгіді.

Ес білгелі мұндай гәпті көрмеген Еспен есеңгіреп қалды. Тура кезенген жау дерсің. Бір түнде мініп жүрген атын қасқырға алдырғаны аздай, енді отарға түскен сұмырайлар бірнеше қойды жайратып кеткен.

Ақтөстің дымы шықпайды қыңсылап, үйге кіріп кетердей. Еспен шындап сасайын деді. Әсіресе қораға түскен де, Кератты жеген де өзі асырап өсірген қасқыр мен иттен өрбіткен дүрегейлері екенін білгенде, іші мұздап, жаны шырқырап, әлдебір қасиетті нәрсені бүлдіріп алғандай орынды.

Еспен үшін бұл күн өте ауыр болды. Баласы Ақылбек ексеуі таң атқанша көз ілмей мал күзетті. Ертеңгілік отарды түгендеп үйге кіргендері сол-ды, даладан аттылы адамның дыбысы естілді.

– Біреу келді ғой деймін, – деп Ақылбек далаға шықты. Артынша үйге басында конетоз шләпісі бар Сәду ақсақал кіріп келе жатты. Сәдекен Ақшидің төменгі балағын жайлап отырған, Еспеннің көршісі болатын.

– Жолыңыз болсын, қария, таң атпай қайдан келесіз? – делі үй иесі ақсақалды төрге шығарып.

– Е, қарақтарым, өздерің қалай, мал-жандарың аман ба? Ит-құстан аман-саумысың?

Еспен қарияның сөзіне бөгеліп қалды. «Шүкір, шүкірміз» деген болды.

– Саған ит-құс жоламайтын шығар, қасқырдың өзін қолға үйретіп отырсың, – деп бір қойды. Еспен үнсіз.

Қарияның мына сөзі онсыз да қажыған жанына тигендей болды. «Бәрін естіп-біліп келген бе, кәрі сайқал» деп ойлады. Сол екі арада үйге кірген Ақылбек «ит-құс» дегенді шала-шарпы естіп қалып: «Табаның тартылғырлар, бізге де маза бермей тұр», – деп «лақ» еткізгені.

– Астапыралла! Сендердің әлгі екі көкжалдарын қайда, ондай иттің ығынан қасқыр жүрмесе керек-ті, – деп, «Мынау рас па?» дегендей Еспенге бұрылған.

Еспен мойнына су кеткендей үнсіз отырып қалды. Баласы да асығыс бірденені бүлдіріп алғанын біліп:

– Өздеріңіз қалайсыздар? – деп әңгімеден жалтарған болды.

– Иә, даланың ит-құсы маза бермей тұр. Алдыңғы күні қотанға түсіп, үш-төрт қойды жамсатып кетті. Менің Аламойнақ деген дәу төбетім бар еді, бейшара, қасқырдан қорқып үйге қашып кірді. Қараңғыда нешеу скенін біле алмадым. Біреуін ғана көзім шалды, қарауылға алып атуын аттым, оқ дарымады. Мені қайбір мерген дейсің, Мактабек үйде жоқ еді. Әлгі қасқыр бар ғой, сізге отірік, маған рас, тура тайыншадай! Мынандай сұмдықты кім көрген?! – деп қария таусыла сөйлеген.

– Біздікінің қасында сендердің иттерің қасқыр тұрмақ арыстанға шабатындай еді. Немене олар да ештеңе өндірмеді ме? – деп Еспенге жүзін бұрған.

– Олар ит болып жарытпады. Зады қасқыр ғой, қасқырларға қосылып кетті. Біреуін атып алдым, екіншісі ілікпеді.

– Бәтір-ау! Не дейсің?! – деп Еспенге таңырқай қараған қария сенер-сенбесін білмей басын шайқады.

– Аллаһ-ә! – деді сонсоң. – Қасқыр шіркін қолға үйренбейді деуші еді. Ал, мыналар таза қасқыр емес, итпен будан, бұлар көндіксе керек еді. Өттеген-ай! – деді ол тағы да өкіне сөйлеп.

– Еспен, қарағым бұларың енді ана жабайы қасқырдан да қауіпті. Бұлар адамға сырмінез... Апырай-ә!
– деді ол тағы да таңырқағанын жасыра алмай.

Еспен үнсіз.

– Е-е-е, – деді Сәду ақсақал тамағын кенеп, еңсесін тіктеп. Осы кезде дастарқан жайып болған Еспеннің әйелі Күлтай:

– Шайға келіңіздер, – деді.

Үстелге жақын отырып шайға ден қойған қария әлдене ойына түскендей:

– Еспен, шырағым, асылы біз ит асырай алмаймыз, – деді қою шәйді сораптай тартып: баяғы аталарымыз итті жеті қазынаның бірі дейтін. Жақсы ит үйдің қорғаны болған. Бәрі үйретуде. Сенің ана төбетің бар ғой?..

– Ақтөс деген итім бар, қазақы төбеттің тұқымы.

– Иә, соны айтам, сен оны дұрыс баулып асырамағансың. Жалғыз сен емес, біз де солай. Мына қазақы төбетті дұрыс баулысаң кешегі қасқырмен будандасыңнан кем соқпас еді. Айтып отырмын ғой, біз деген итті қазына деуден қалғанбыз. Ит әйтеуір дауыс шығарып үрсе болды дейміз. Менің әлгі қалада, органда қызмет істейтін Сламбек деген балам айтады: «Егер итке мал қайыруды, қой күзетуді үйретсең ол сенің айтқаныңды мүлтіксіз орындайды екен». Сөзінің жаны бар.

– Ой, Сәке, сіз де қайдағыны айтасыз?

– Нанбасаң далаға шық та итіңнің атын атап, айтақтап көрші. Ақылжан, бар есіктің алдына шығып айғайлашы, – деп қария қоярда-қоймай Ақылбекті далаға шығарды.

Есіктің алдына шыққан Ақылбек қарияның айтқанын жасап итін айтақтап еді, әлдеқайдан жүгіріп жеткен Ақтөс жан-жаққа қарап арсылдап үрін қоя берді.

– Әне, көрдің бе? – деді Сәду ақсақал әлгі әңгіменің шынға айналғанына қуанып. – Бұл сендердің итке жиі қайталап үйреткендерің.

Ертеде біздің Әшірбек атамыз жастау кезі болса керек, қасына жолдастарын ертіп бір жылы күз түсе Қарқаралыға барыпты. Содан не істеген дейсің ғой, тандап жүріп он-он бес итті асырайды. Қыс түсе әлгілерді шанаға жегіп үйретеді.

– Сонсоң не болған? – деді қарияның әңгімесіне қызыға құлақ түрген Ақылбек.

– Пәлі, не болушы еді, шанаға ит жегу оңай деймісін, оның да құйтыркысы көп шаруа дейді. Бірақ біздің Әшкең өзі сері, өзі байдың баласы, ойға алған ісін орындау үшін иттің тілін білетіндерді тапқан ғой.

Ауылдағылар болса Әшкең Қарқаралыға кеткен деп отыра береді. Оқуға кеткен бе, серілік құрған ба, оны өзі біледі. Байдың баласы, ағасы болыс, дүрілдеп тұрған кезі. Қысқасы, қаңтардың ортасы ауғанда елге қайтпак болады.

Жол бекіп, дала ақ көпеге оранған қаһарлы қыс. Бір күні қыстақта отырған байдың ауылына «Қарқаралыдан ояз келе жатыр» деген хабар жібереді. Тілешбайдың ауылы ұлықты қарсы алуға дайындалып әбігерге түседі. Ояз түсетін үйді дайындайды. Соңғыс малын әзірлеп, елдің игі жақсыларын шақырады. Сөйтіп тастүйін дайындалып отырғанда «Ояз келе жатыр» деп ел «шу» ете қалады.

Ауыл абыр-сабыр болып жатқанда, қар басқан дала төсінен ноқаттай болып бір қарайған көрінді дейді. Дәу де болса осы қарайған ұлықтың өзі деп ойлайды, жиналған ел.

– Ойпырмай! Ұлықтың келіп қалғаны ма? – деп үлкендер жағы тықыршып, қар жапқан дала төсіне көздерін шүйіре қадайды.

– Әй, кім барсың, көздерің жете ме? Қараңдаршы, аттылы ма, әлде атшана ма? – деп көздері еркін жет-

пей ақ даладан қара нөкатты айыра алмаған үлкендер дала болып тұрады.

Бір кезде топтың арасынан «Көке, атшанаға ұқсамайды, тым ұсақ секілді. Алдында аттылы кісі бар», – деді біреуі.

– Енді дұрыс қой, алдына жолы бастап біреу отырмаса мына иен түзден біздің ауылда қалай табады? – дейді азаматтар.

Аттылы кісі көзге ілінгенімен арттағылар көсемдеп жеккен атшана болса, ол да алдындағының мұғдарындай болып көзге шалынар еді деп жұрт әрісәрі.

Өлгі жігіт тағы да айғай салды:

– Көке, міне қызық! Оязыңыз атшана емес, ит жеккен шанамен келе жатыр, – дейді.

– Не дейді? Қой! Ояз басымен... Мүмкін емес, ит-жеккенде жүрмеген шығар. Жөндеп қара, – дейді Омаш болыс.

Бұл кезде қасқыр ішікке оранған Әшкең итшанаға жантая жатып, ауылына деген сағынышы алып ұшып, абалаған иттердің шуылымен қарлы далада заулап келе жатты. Иттердің алдында жол бастап келе жатқан өзінің Майсабай досы болатын, ол қойдың окпе-бауырын арқанға байлап иттердің алдына арқан бойы озық келеді. Әні-міні дегенше абалаған итшана Тілешбайдың ауылына келіп жетті.

«Ояз келе жатыр» деп хабарлап қойған да Әшкеңнің өзі еді. Оқиғаның әрі қарай қалай өрбитінімен оның ісі болған жоқ, әйтеуір, елді бір күлдіріп, қызыққа қарық қылмақ.

Арсылдаған итшана байдың ауласына келіп бір-ақ тоқтады. Итшанадағы оязға бірінші болып Омаш болыстың өзі жақындайды.

«Итпен келсе де, шошқамен келсе де, бәрібір, ояздың аты – ояз. Қол қусырып, шанадан түсіріп алу

керек», деген оймен итшанаға жақын келген болыс түлкі тұмақты баса киіп отырған оязға үңілгені сол, есінен танып қала жаздады. Өз көзіне өзі сенс алмай үңілген қалпы сілейеді. Әуелі ойлайды: «Өзі біздің Әшірбекке ұқсайды екен» деп.

Ұқсайды емес, соның өзі. Әлгі жазда сауық қуып Қарқаралыға кеткен сабаз. Бауырынын мына қылығына ызасы келген Омаш болыс жерге бір түкіріп, теріс айналып кетті дейді.

Ояз отырған шанаға жақындай алмай кейіншектеп тұрған ел адамдары болыстың мына қылығын көргенде шошып: «Астағфиралла! Омаш ояздың бстіне түкіріп жіберді, мұнысы несі? Ит тұрмақ тышқан жегіп келсе несі бар?» – десіп іштей қобалжып, қауіптеніп қалған.

Омаш мырза со бетте үйге кіріп кетеді. Әкесі Тілешбай ақсақал сыртқа шықпай келген қонақты үйде күтіп, төр алдында отырса керек. Үйге суыт кіріп келген ұлының түнерген қалпын көрген қария: «Аманшылық па, қарағым?» деп абдырап, орнынан қозғалақтап қалды. Омаш іштей булығып әкесіне болған жайды баян етеді.

Көпті көрген Тілешбай мырза мына жағдайға сенер-сенбесін білмей жер шұқып, үнсіз ойға батады. Осы кезде қасқыр ішігінің етегі делсндеп үйге Әшірбектің өзі кіріп келеді. Әкесіне дауыстап қос қолын соза сәлем берді. Қария баласының сәлемін алмады. Сәл үнсіз отырған ол:

– Ай, балам-ай! – деді біртүрлі торыға сөйлеп. – Жаман ырым бастағаныңды қарашы, итке карап қалады скенбіз.

Осылай деген қария баласының мына қылығын теріс ырымға жорыған.

Адам өзінің әр басқан қадамын ақылға салмаса, тағдырдың тәлкегіне ұрынуы бек мүмкін. Сол мыңды айдаған байлардың соңғы тағдары Тілешбайдың

айтқанындай болған дейді. Ал, сенің қасқырдың тұқымын жетілдірмек болған ниетінде ырымға теріс бірдеңе бар ма деп қорқамын, – деді. Мына сөзді естіген Еспеннің онсыз да құлазыған көңілі мүлде күйзеліп қалды. «Тіл мен жағына сүйенген қу шал не айтып кетті өзі?» деп біразға дейін Сәду қарияға қыжылы келіп отырды.

Арланнан айырылған күні Аққаншық пен Сырттан Жанаттың теріскейіндегі тас қорымға жетіп, үйреншікті апанның түпкіріне енген бетте бауырларын құрғақ топыраққа төсеп жата кеткен.

Сәлден соң екеуі де қатып ұйықтап кетті. Аққаншық жаратылысынан сақ болатын, ол ұйықтап жатса да ояу жатқандай төңірегіндегіні, тіпті жер түбіндегі дыбысты да, иісті де сезіп жататын, қазір де солай. Кенет басын жұлып алған ызалы қаншық серігінің тағы да бүлкілдеп, қыңсылап дыбыс шығарып жатқанын естіп, Сырттанды жатқан жерінде бүріп түсті. Ол да атып тұрып азуын акситын, неден жазықты болғанын білмей ашулы қаншықтың пошымына пошына қараған.

Артынша қаншықтың ашуы тарағандай, орнына қайта жатқанда ғана оның бұны неге жазғырғанын түсіне алмай тұншыға қыңсылап, аузын аңқайта ашып есінеген болды. Сол-ақ екен, Аққаншықтың тағы да ызбарлы дыбысын естіп жым болған. Баяғы қотанның шетінде жатып ұйқылы-ояу бүлкілдеп үріп, тұншыға қыңсылап, байлаудағы халіне налитын ғадеті әлі де қалмаған, сонысы түсіне кірсе болды, қотанның шетінде жатқан төбеттің кейпіне кіретіні бар. Баз-базда ит мінезін қайталап қаншық қасқырдың алдында жазықты болатыны да содан. Малды ауылдан алыс, қожасынан жырақ кеткен Сырттан

үшін өзіне белгісіз, қатыгез өмір басталған. Кейде ол да Аққаншық секілді зеңгір көкке тұмсығын қадап ұзақ-ұзақ ұлитын. Ондайда оның ойына анау алыста өңкиген таудың ар жағында қалған малды ауыл, елтірі бөркін басынан тастамайтын қапсағай денелі қожасы келер еді. Соларға кеткісі-ақ бар, бірақ бойын билеген әлдебір тылсым күш еркіне жіберер емес. Бәлкім, мына қасында жүрген бойы өзінен қалыңқы Аққаншықтың еркінсі шыға алмайтындай ма?.. Түні бойғы алаөкпе жүрістен қажыған Сырттан тағы да ұйықтап кетті. Тағы да баяғы ауыл, қоралы қой, қорда мен шуаш араласқан иісті сезіп, мойнына түскен шынжыр баудан босана алмай, шарасыздықтан тұншыға қыңсылады. Аққаншық бұл жолы да атып тұрды, бірақ әуелгідей тісін батырып ала түскен жоқ. Сырттанның үстіне төніп келген қалпы тұрып қалды. Бойына лықсып жеткен тосын халден арыла алмай, Сырттанның ірі денесінен өзіне таныс иісті сезгендей болды. Сол-ақ екен ол ұйқылы серігінің басы-көзінен әлденеше жалап, біртүрлі желігіп кеткен-ді.

Келесі күні көзбайлана қасқырлар қайтадан жортуылға шықты. Әдеттегідей Аққаншық алға түсіп алған. Тоқтар емес, қасқыр бүлкілге салып, ұзақ жүрді. Көбінесе елсіз өңірді басып, Сырттан білмейтін әлдебір беймәлім өңірге, бетпак түзге маңып бара жатты.

Неше күн жүргендері белгісіз, жолай бір-екі қоян алған, содан да болар қасқырлар тоқ жаруа қалпында маңайын шөп басқан көнетоз апанға келіп жетті. Қасқыр апанның іші құрғақ әрі жылы екен. Әредік шашылған мал сүйегінің жаңқаланған қалдықтары көзге ұрып, бір заманда ұялы қасқырлардың апаны болғанын байқатады. Аққаншық келе апан ішін ис-келеп аралап шықты, сонан соң біресе ұлып, біресе қыңсылап, біршама уақыт беймаза халге түскен.

Сырттан Аққаншықтың мұнысын түсінгісі келгендей құйрығын бұлғап жақындап келіп, оның үстін иіскелеп, тұмсығын жалай берді. Аққаншық болса бауырын жерге төсеп жата кетті.

Бұдан көп-көп жыл бұрын бұл араны қасқырлардың әуегі мекендеген. Онда бәрінің абаданы – Кәрі көкжал еді. Ол – зор денелі, тұрқы ұзын, тайыншадай бөрі. Оның серігі осы Аққаншық секілді ақ сұр қаншық болатын. Екеуі қапан оқ құшып мерт болғанша жұбы жазылмады. Содан бері ай батып, күн шығып жылдар өтті, солардан қалған ұяластардың тұқымы тұздай құрып, жалғыз Аққаншық аңырап ұлып қала берген. Қаншық қасқырдың кеудесін тырналаған өткен күндердің зары еді. Бір кезде ол апанның ішінен атып сыртқа шықты. Сонан соң Бөрітескеннің иығына шоқиып отырған қалпы, көк аспанға тұмсығын тіреп ұзақ-ұзақ ұлыды дерсін. Әлдебір мұңлы, зарлы дауыс, аспан төсін тіліп, Ұлы Жаратқанға мінәжат айтып жатқандай. Сорлы тағдырын, зарлы ғұмырын көкірегінен шыққан бөрі – сырнаймен бедерлейтіндей. Аққаншықтың азалы зарын тек ай ғана түсінетін секілді. Тек Ай ғана оның мұңдасы еді.

Сол жылы Сырттан мен Аққаншық Бөрітескендсігі ескі апанды қыстап шықты. Көктемгі қар суымен Аққаншық күшіктеп, төрт күшік тапты. Алғашқыда бәрінің түрі бірдей болатын. Күшіктердің екеуі ұрғашы еді. Сырттан күндіз-түні жортып, жемтік іздеді. Кейде Аққаншық шыдай алмай жортуылға өзі кетеді. Бұл маңдағы ел де тесік апанға бныл әлдебір қасқырлардың мекен етіп жүргенін байқап қалса керек. Әсіресе, біреуі ғаламат үлкен екен, ізі тура тайыншаның табанындай деп таңырқасатын. Дегенмен, текті жыртқыштар болар ма, қыс бойы бұларды мазалаған жоқ. Ауылға жақын болғандықтан іргедегі елге көз алартпау бөрі шіркіннің де түйсігіндегі тектілік болар дескен ауыл адамдары.

Арада сырғып жылдар өтті. Еспен де жоғалған итін тіпті ұмыта бастаған. Қаңтардың жуан ортасы болатын. Кешелі-бері жауған қалың қар дала төсін ақ ұлпаға бөктіріп, жасандырып қойған; қарлы даланың ақ жүзі күн сәулесімен ойнап, көз ұялтады. Ауада бет шымшыр аяз бар. Еспен сол күні отарын ауыл іргесіндегі қорыққа жайғалы өрістетіп келе жатты. Тылсым тыныштыққа бөккен ақшаңқан даланың жүзі күн нұрына жәудіреп жатыр. Еспен де осы бір әсерлі сәтке сұқтана қарап, малдың шетін қорғап өріске беттеген. Кенет тура маңдай алдындағы жотаның басында тұрған төрт қасқырды көзі шалып қалды. Жыртқыштар да бұған үдірейе қарауда. Аңдып тұрған секілді. Әсіресе, ортасында тұрғаны, тіпті қасқыр деуге келмейтіндей, аса зор екен. Тағы біреуі ересек Аққаншық. Оны Еспен бұл өлкеден көрмегелі көп болған. Ана бір жылы отарын шулатып, қолға түспей кеткен әлгі Аққаншықтың өзі.

«Бұлар қайдан пайда болды?!» деп ойлаған Еспен, дереу жанынан тастамайтын мылтығын қолына алып, камдана бастаған. Ыңғайы келсе атып алу, сол оймен мылтыққа оқ салды. Екі көзі қасқырда. Мына кереметті қара: әлгі дәу қасқыр мен Аққаншық, өздеріне төнген қатерді қалт жібермей сезіп қалған; орындарынан жалт бұрылып, ата жөнелгені. Сол мезет дәу қасқырдың биік сұлбасы Еспеннің көзіне оттай басылды: «Сол, сол!» деді ол, дала тағысының күдірейген сойын өзінің жоғалған итіне ұқсатып. Сол-ақ екен, атына қамшы басқан малшы кісі пышырай қашқан қасқырлардың соңынан қуа жөнелді. Астындағы ала дөненмен шауып келе жатып: «Сырттан! Сырттан!» деп айғайлады. Аттылы адамнан ыққан қасқырлар қар жапқан адырдан селдірей асты.

Еспен тағы да айғайлады: «Сырттан, Сырттан!» Сол мезет әлгі дәу қасқыр артына жалт бұрылғаны.

«Астапыралла!» деді Еспен итін қапысыз танып.

Сырттан да иесін жазбай таныды. Күшік күнінен асыраған баяғы өзінің иесі, ұзын қара кісі, соның даусы, басынан сипайтындай, соны сезген сәтте құйрығы еркінен тыс бұлғаңдап, бойы босап кеткендей болды. Сырттан артына жалт бұрылғанда аңғарды, иесі қолындағы ұзын таяғын алға соза түсіп, бұған қарай бар пәрменімен төніп келеді екен. Түрі суық. Соны сезген қасқыр-иттің денесін үрей буды, ендігі сәтте ол тұрған орнынан окша атылып, құла түзге құйындай ұшты.

«Сырттан! Сырттан, кә, кә!» деп үздіге айғайлаған Еспеннің даусын елер емес.

«Сырттан! Сырттан, кә, кә!» Оқ жетер тұсқа іліксе атып салмақ. Бірақ тағы болып кеткен Сырттан енді артына бұрылмады. Құла түзге бет түзеген қасқыр-ит көсіліп зулады дерсің. Өне-міне дегенше қара үзіп, көз жаздырды. Еспеннің «Сырттан, Сырттан!» деп айғайлаған даусы біраз жерге жеткенше жаңғырып, ауада тұрып қалған.

Тағы да бірқыдыру уақыт өтті. Еспен де малына күзетті күшейтіп бақты. Әйтеуір, қыс ит-құстан аман шықты. Сырттан туралы ешкімге тіс жарып айтқан емес.

Ақпанның соңғы күндері еді, ауылға әлдебіреулер адасып келді. Астанада шыққан, аң қуған адамдар екен, жол сұрады. Еспен жолаушыларды «үйге түсіп, шай ішіндер» деп дастарқанға шақырған. Бірақ жігіттер асығыс екендіктерін айтып «жол көрсетіп жіберсеңіз, күре жолға қалай шығамыз?» деді.

– Қайдан келесіңдер?

– Әншейін, демалыс болған соң аң қағайық деп шыққан едік, қасқыр қуамыз деп бағытымыздан айырылып қалған секілдіміз. Бұл қай жер өзі?

– Бұл Ақтоғайдың жері.

– Бәлі, Семейге шығып кеткенбіз бе?!

– Жоқ, Қарағанды облысының Ақтоғайы.

– Е, онда қорқыныш жоқ, әлі ауылдың маңы екен.

– Енді Қарағандының күре жолына қалай шығамыз?

– Мына тұста Бектауата тауы бар, қазір күн шаңытып тау көрінбей тұр. Осылай жүрсеңіздер. – деді Еспен қолымен батыс беткейді нұсқап, – мына табаннан жай жол түседі. Қазір қар басып қалды ғой, дегенмен сорабы бар соған түссеңіздер, Бектауатаның бергі иығына жетпей күре жолды кнып аласыздар, – деп жолаушыларға мән-жайды тәптіштеп түсіндірді.

– Ал, енді жолдарың болсын, айтқандай, қасқыр соға алдыңдар ма? Осы маңда Аққаншығы бар ұялы қасқыр жүруші еді?... – деді ол аңшылардың жобасын білмек болып.

– Дұрыс айтасыз, ана машинадағысы аққаншық, оны соқтық. Соңында екі бөлтірігі бар екен, біріне оқ тиді, бірақ екеуі де құтылып кетті.

Бұл жерден алыс анау колденең тұрған таудың арғы беті болу керек. Біз күре жолды іздеп басқа жаққа шығып кетіппіз.

Еспен аңшы жігіттерді жолға салып тұрып:

– Шырақтарым, құпия болмаса олжаларыңды көруге бола ма?

– Болады, әрине, біреуі ана машинада, біреу осында. Көріңіз ақсақал, – деп өңкиген дәу қара джиптің артын ашып, презентпен жабылған көкжалдың өлі денесін көрсетті.

Еспен жазбай таныды, қарсы алдында жатқан тайыншадай қаракөк қасқыр өзінің Сырттаны еді. Күшігінен асыраған иттің сырын айтқысы келмей, ойға батып тұрып қалды.

– Не, ақсақал, таныдыңыз ба? – деді ту сыртында тұрған әлгілердің бірі.

– Далапың анып таңбалап қойды дейсіндер ме, тек қасқыр деп соққандарың ит секілді, – деді ол. Еспен бұл сөзді әлдебір ішкі есеппен, әдейі айтты. Тастап кетпесе де, қасқыр деп ит соққандарына өкінісін деген бақай есебі де жоқ емес-ті. Мұны естіген аңшылар бір-біріне танырқай қарасты:

– Қасқыр емесіңіз қалай, Ақсақал?! – деді жарыса сөйлеген олар. Еспен де жауап беруге асығар емес.

– Өздерің қарасандаршы, – деді кілең өрімдей жігіттерге бұрылып, – қасқыр көрмесеңдер ауылдың итін танырсыңдар. Мынауыңның тұмсығы мен бас сүйегіне қарашы.

Екі жолаушы қасқырдың тұмсығын өзереіне бұрып алып жана көргендей үңілді. «Шынында да, тұмсығы добалдай, жалпақ секілді ме, қалай?» деген аңшы жігіттер шопан кісіге ләм деместен теріс айналып кетті. Алданғандарына ұялды ма, кім білсін, бірден көліктеріне отыра салып, жүйткі жөнелген.

Еспен үшін күшігінен асыраған итінің сыры мүлде түсініксіз. Әуелде қасқыр ғып жаратқан осы бір тіршілік иесінің адам қолына үйренбеуі өз алдына, қанын итпен араластырсақ та одан қасқыр туғаны қалай? «Иттің иесі, бөрінің Киесі бар» деуші еді, сол рас болғаны ма?! Мына жарық жалғанда қасқырдан басқа да жабайы хайуандар аз емес солардың кез келгенін адам айтқанына үйретеді екен. Тіпті, арыстан мен жолбарыстың өзін шынашақтай қыздар жатқызып, тұрғызады. Алайда, қасқырды үйреткен адам жоқ. Не деген керемет?! Ежелгі түркілердің тотеміне айналған бөрі шіркін шынымен киелі мақұлық болғаны ма? Еспен осы бір сұрақтарға басын қанша қатырса да оған жауап жоқ.

Қарлы даланың төсімен меңдей қара қашауа шананы желдей естіріп келе жатқан қарагер ат жүрісіне – жүріс қосып, саржелістен танар емес. Кейде ауыздығын сүзе ұмтылып, қашауа шананы қаңбақ құрлы қормей жұлқи жонеледі. Енді бірде ауыздығын қарш-қарш шайнап, үрке оқыранып, тәртені теуіп, мөңкіп-мөңкіп аспанға шапшиды. Ондайда шанада отырған адам божыны қос қолдай тартып, қарагерді сабасына түсіруге тырысып, жанталасуда. Құнанынан тақымына басқан сырмінез жануар таң атқалы мінез көрсетіп, көзі қанталап, аузы көпіршіп, құтырынып келеді.

Аудан орталығынан ертелете шыққан Сыздық қаракер аттың осы бір оғаш мінезінен шошынды. «Ауылға жеткенше бір жерде жазым етер ме?» деген қауіп де жоқ емес. «Шынымен әлгі сұмдықтың кесірі тигені ме?» деп, өкініп те, үрейленіп те келеді. Қаракер ат бәйгенің алдын бермейтін жылқының жүйрігі еді. «Қайдағының қайдан сақ ете түскенін қарашы», деп іштей қамығуда.

...Осының бәрі, қырсық шалғыр, әнебір оқиғадан басталды. Қарашаның соңғы күндері болатын. Түс ауа күн бұлттанып, жапалақтап қар жауды. Түннің бір мезгілінде қораның шет-шетінде жататын қой төбеттері шабалана үріп, ақыры малшы үйінің үлкен сенегіне қашып кірген. Иттердің неден зәрезап болғанын түсінбеген Сыздық «Бұл шіркіндерге не көрінді?» деп тысқа шыққан. Далаға шыққанда байқады, аспанның жүзі бұлыңғыр тартып, қар ұшқындап тұр екен. Кенет қораның үсті жағынан болуы керек, әлдебір мақұлық малшы кісінің тура басына шаппығаны. Сыздық шопан аспашам ұстаған қолымен әлгі мақұлықты қағып жіберді. Ырылдағанына қарағанда ит болса керек.

Қолындағы аспашамы да, басындағы тымағы да жерге ұшып түсті. Төңірек тастай қараңғы. Бұл болса «Айт! Айт!» деп айғай салған. Әлгі мақұлықтың не екенін түсінбеген ол жерге «ұшып» түскен тымағы мен шамды көтеріп алып қайыра үйге кірді. Сол кезде ғана маңдайының тызылдап ашығанын, самайына қарай жылымшы бірдененің аққанын сезді. Әуелгіде басынан ұшып түскен тымағына жабысқан қар болар, сол еріген-ау деп топшылаған. Сөйтсе олай емес. Оны үйге кіргенде білді, кішкентай қызы «әке, бетіңізге не болған?» деп үрейлене «шар» ете қалғаны. Сөйтсе, әлгі қараңғыда басына шапшыған белгісіз мақұлық маңдай терісін сойып кеткен екен.

Бәйбішесі болса қалада оқитын балаға барып-келуге жол жүріп кеткен еді. Кішкентай қыз әкесінің жаракатын марганцовкамен жуып, дәкемен орап берді. Осы кезде қойтөбеттер арсылдап, шабалана үрді. Бұдан әрі отыра алмасын сезген Сыздық қолына қару алып, тымағын баса киген қалпы тағы да далаға беттеген. Мұны көрген кішкентай қызы әке, барма деп «шыр-пыр» жыласын. Бала неме қорқып жүр.

– Мына ортаның малын кім күзетпек, құлыншағым-ау?! Сен қорықпа, қазір көрші әжені шақырам, ертең апаң да келіп қалады, – деп баласын тыныштандырып тысқа шыға берді. Бұл жолы әлгіндегідей қолына шам алған жоқ. Қаруына сенді. Қаруы насыбай үгетін қара шокпар еді.

Бірақ жер жұтқандай әлгі пәле бұл жолы оған жолықпады. Үйден аулақта тұратын шөп маяға барды. Осы Қаракер ат сонда маяның ықтасынында тұрған. Неге екені белгісіз, елеңдеп, әлденеден үріккенге ұқсайды. Шылбырын үзіп кеткен, атты ұстап, шөп маяның жанындағы жабық қораға кіргізіп, ноктасын сыпырып бос қоя берді. Тек ертеңгісін байқады, түнде қараңғыда аңғармаған екен, Қаракер аттың астыңғы

еріні жарақаттанып қалған. Әуелгіде үркіп бірдеңеге соғылған болар деген. Дәл бүгінгі күнге дейін солай ойлады. Бірақ көңілі күпті еді. Күдігі расқа айналды. Аңадағы құтырған қасқыр байлаулы атқа шапқан болды. Бір ғажабы бұл қасқыр секілді тістеген жерін не жұлып әкестуі, не жарып тастауы жоқ, шегемен жыртқан секілді тырнап, сойып кетеді екен. Шанада отырған Сыздық шопан сол күндерге ойша оралуда.

Қарлы далада қашауа шананы дедек қақтырып келе жатқан “Қаракерат бәледен аман болар” деп үмітін үзер емес. Манағыдай емес, сабасына түсіп саржелістен жаңылмай келеді. Соны ойлап үлгергенше, ат тағы да тас-талқан тулай жөнелгені. Бұл кезде жолаушы да ауыл шетіне ілігіп қалған.

Осы сәтте жұлқына секірген қаракер төртені тепкілеп сындырып, екі тізесін шайнап тастады. Аттың мына кейпі үрей шақырарлықтай өзгеріп кеткен. Манағыдан да жаман, тіпті қауіпті еді. Адамға шабатын түрі бар.

Осы кезде ауыл іргесіндегі шеткі үйден шыққан кісілер Сыздық шопанның атының құтырғанын тез пайымдап, жиналып қалған.

Екі көзі шатынап, шапшуылдаған ат сүрініп барып жерге қорқырай құлады. Жиналғандар да жақындауға жасқанып, шегіншектей берді. Бірақ қаракер ат қайта тұрмады. Есіл жүйрік сол жерде майып болды.

...Кенеліде болған құтырған қасқыр оқиғасы көп уақытқа дейін елді дүрліктірді. Жалғыз қасқыр екі қыстақты шарлап, бөлімше орталығы орналасқан Төкешті шулатып, бес адамды талаған. Суыт хабар аудан орталығына атқан оқтай жеткен болатын. Қасқыр талаған бес адам аудандық ауруханаға жеткізіліп, айға жуық жатып емделіп, аман-есен оралды.

Мамандардың айтысына қарағанда, қасқыр деген хайуан құтырмайды екен. Оның бойында дейді,

әлгілер, кез келген жұқпалы індетті жойып жіберетін ересен қасиеті бар. Демек, мына, адамға шауып, мал талап жүрген жыртқыштың зады қасқыр емес. Ол ит пен қасқырдың буданы немесе жабайы болып кеткен ит дейді. Қысқасы, қасқырдың қасқырлық қасиеті азайып, індетке бой алдырған. Мамандардың тұжырымы солай.

Айтпақшы, әлгі құтырған қасқыр талаған бес адамның бірі Еспеннің өзі болатын. Қасқырдың тұқымын асылдандырып жүрген сол ғой. Үнемі қолына мылтық алып жүретін Еспен сол күні күтпеген жерден үндемей келіп, жармаса кеткен бөтен итті таң алдында атып түсірді. Сонан соң сұлап жатқан жыртқыштың сырт пошымына үңіліп ұзақ қарасын. Қараған сайын баяғы жоғалып кеткен өзінің Сырттаны көз алдына келіп, білегіндегі жарақатты да елемей, есенгіреп отырып қалған екен. Көңілі алабұртып, жүрегі орекпіп кетті.

Әлгі Сырттан мен Аққаншықты атып алған аңшылар екі бөлтіріктің тірі құтылып кеткенін айтып еді-ау... «Апырай, ә?! – деді ол, бойын билеген әлдебір өкінішке ерік беріп. – Мына жарық жалғанда адам ақылы жетпейтін табиғат тылсымы не деген көп. Бұл соның бірі ме? Әлде, Сәду ақсақал айтпақшы, менің әрекетім ырымға теріс болды ма?» – деп ойға батуда.

2014 жыл



ЭЛ МҰҚРИ, АЛТЫ ҚЫЗ ЖӘНЕ МАША АПАЙ

Бәрі содан басталды. Сенбі күні сібірлік достарымен кездесіп қалған Әл Мұқри көңіл көтеру үшін тойханалардың біріне бас сұқты. Қасына ергендердің бірі Тимофей деген якут жігіті еді, енді бірінің есімі – Иван, ұлты тува болатын, үшіншісі украиндық Сергей деген азамат. Тойханаға келген төртеуі біраз бой жазу үшін аздап «тентек» судан алып, ананы-мынаны сөз кылып, дуылдап отырған. Тек Мұқри ғана самарқау, солғын. Мұны байқап қалған қасындағылар:

– Әл Мұқри, саған не болды? Неге көңілсізсің, одан да өлең айт, – деп жоқ жерден қолқа салсын.

Ұзақ жылдар жат жерде жүрген Әл Мұқри алыстағы ауылын ойлап отырды ма, кім білсін, Ваня досы бүйірінен түрткенде селк ете қалып:

– Не дейсіндер? – дейді ғой, ұйқыдан оянгандай.

– Сен неге көңілсізсің, ән сал, – дейді достары кеу-кеулеп. Сол кезде Әл Мұқри: «Шынында да, бір ән салайыншы» деп ойлайды. Елде жүргенде осындай отырыстарда талай ән салғаны есіне түсіп:

– Олай болса тыңдаңдар, – деді ол ойланбастан. Сойтіп тойхананың бір бұрышындағы музыканттарға келіп «мені сүйемелдеңдер» деп тапсырыс берді.

«Ойыннан от шығады» демекші, бәрі іштен тына қалған. Музыканттардың бірі хабарлап та үлгереді. Сол-ақ екен, орыстың «Катюшасы» асқақтай котеріліп, тойхананың ішін екпінді әуен керней жонеледі. Тыңдаушылар да тамсанып үнсіз қалған. Ән аяқталған кезде ел ду қол соғады. Мұқридың мұндай өнерін бұрын байқамаған достары мынаның даусы қандай керемет деп қуанғандары сонша естері

шыға айғайлап, қошеметтейді. Сойтсе қызық әлі бітпеген екен, келесі кезекте якуттардың бір әні шалқи қотеріледі. Ән сондай мұнлы болса керек, тойхана іші сілтідей тыныштыққа бөгіп, тек әсем ән ғана қалықтап тұрады. Ән аяқталған кезде елдің бәрі ауыр мұннан арыла алмай, «браво» десіп, шатырлата қол соғады. Қас пен көздің арасында сібірлік достарын әншілік өнеріне тәнті қылған Мұкри, енді Мұкри әнші сахнадан түсетін түрі жоқ. Келесі әнге де тамағын кенен кірісіп кетеді. «Адамның мүмкіндігінде шек жоқ екен-ау! Бұл Мұкри өзі фототілші елі ғой, ән салуды қайдан үйренген?» – дейді үстел басында отырған достары оны жаңа көргендей. Сол-ақ екен, Абайдың «Көзімнің қарасы» әні баяулай шырқалады. Ән аса бір аяулы сезімді тербеп, ыстық сағынышты қозғағандай қазақтың сайын даласын көз алдыға әкелгендей, шымырлап бойды балкытып тұрып алады. Әншінің аққұба оң балбұл жанып, жанары ұшқындап, мына бір ғажап әннен қуат алғандай арқаланып кеткендей болады. Ән аяқталған соң да көпшілік қол соғып қошемет көрсетіп жатады. Музыканттарға алғысын айтып орнына оралған Әл Мұкри әлгі якут пен тува досының жылап отырғанын көріп айран-асыр болады.

Әлгінде ғана сап-сау отырған достарынан не болғанын сұраса, екеуі одан әрі еңкілдеп:

– Ей, Мұкри, сен қандай бақытты жансың, өзің қазақсың, фамилияң да қазақша, қазақша сойлейсің, қазақша ән саласың, Қазақстан деген алып елің бар. Ал, мына бізді қарашы, – деп екеуі мұрындарын тартып, одан әрі еңіреді. Жылап отырып:

– Не тілімізді білмейміз, түгіміз жоқ, не ұлтымыз, не жұртымыз, тым құрымаса атымыз да өзіміздікі емес. Мынау Тимофей Иванович, мен Иван Федоровичпін, – деп екеуі одан әрі егілген екен. Әл Мұкри байқаусызда біреудің жарасына тиіп кеткенін

сезіп екі досын эзер жұбатыпты. Бірақ осы оқиға оның жан дүниесін қопарып түскендей болады, «кісі елінде сұлтан болғанша, өз елімде ұлтан болайын» деген ойға бекиді.

Жырақта көп жүріп, сырт мінез болып кеткен Әл Мұқридің елге оралуына осы оқиға себеп болды. Болмаса «өзі жақсыға бір кісілік орын бар» демекші, Сібірде ол жаман болған жоқ, жора-жолдастары арасында қадір-қасиеті шүкірлік. Орысы бар, туvasы, якуты, ингушы, тағысын тағылардың бәрі де оны жатсынған емес. Бәрімен емен-жарқын шүйіркелесетін.

...Әл Мұкри ауылдан ерте кетті. Елде қалған кәрі әкешесі мен бауырлары бар-ды. Олар жалғыз ағаларын жатқа бергендей әуелгіде қатты қоңылтақсыды, келе-келе оған да бойлары үйренді. Хат-хабарын білдірмей сыртта көп жүріп суып кеткен бауырларын айтып кәдімгідей уайым қылатын. «Өстіп жүріп әйелді де өзге жұрттан алып, тұқымы азар ма» деген қауіп те жоқ емес-ті.

Сөйткен ағалары Сібірден біржола оралған күні туғандарының қуанышында шек болған жоқ. Ат шаптырып той жасауға бақұл еді. Кәрі әке-шешесі енді өлсек арманымыз жоқ деп көздеріне жас алды.

Не керек, ібір-сібірді шарлап кеткен жиһангер жігіт тамыз айының басында Семейге келіп түсті. «Ах-ау, Семей» деп туған қаласын әрлі-берлі шарлады дерсің. Армансыз аралады. Алаңсыз қауышты. Қанша дегенмен туған жер ыстық екен. Сол жолы оның тұла бойын әлдебір өткір сезім биледі. Көкірегінен өлең ұйқастары төгіліп, жүрегін ән кернеп тұрғандай.

сағынышы ма, аңсары ма, өзі де айыра алмайтын алапат күйге бөленген. Жүрегі аттай тулап, көңілі шалқып сала берді. Сол сәтте ол өзінің осынша жыл жырақта қалай жүргеніне қайран қалды. Тіпті денесі тітіркеніп, бойы мұздағандай еді.

Оның балалық шағы мен бозбала болып бой түзеген жігіттік кезі Қарауыл мен Семейде өтті. Адамға туған жерден ыстық ештеңе жоқ екен-ау! Мынау көше, анау алаң. Ертістің суы, бәрі-бәрі бұған жамырай үн қатып, «келдің бе, ұлым?!» дегендей, жібек желі маңдайынан сипап, қызығы мол балалық шағынан естелік шертіп жатқандай. Бойын кернеген тәтті әсерден көңілі елжіреп кетті. Ұлы Абайдың табаны тиген киелі Семей, қасиетті Қарауыл жамырай қарсы алған секілді.

Содан бастап енді ешқайда бармауға бел буған Әл Мұқри осындағы облыстық газеттерге жұмысқа тұруға талпынды. Сібірде бірнеше орыс тілді газеттерде фототілші болып көп жылдар еңбек еткен жігітке туған жерде жұмыстың табылмауы мүмкін емес дейді ол.

Сөйтіп жұмыс іздеу аптаға созылды. Болады-ау деген мекемелердің табалдырығын аттады. Ақыры бұл тірлігінен ештеңе өңбесін білген ол кез келген жерге уақытша болса да жұмысқа ілігуді ойлады.

Көше кезіп жүріп бірде қаладағы облыстық театрдың қасынан өте бере кілт тоқтай қалды. Көп ойланбастан «осында да кіріп шығайын, бұл да бір кара шанырақ болар» деген оймен әлгі үлкен мекемеге бас сұқты. Сөйтсе мұнда «сахнаны көркемдеп безендіруші» деген бір жұмыс бар екен. Олар Әл Мұқридің құжаттарын әрлі-берлі аударыстырып бізге келеді деген қорытынды жасады.

Осылайша ол облыстағы өнер ордасына суретші-безендіруші болып жұмысқа орналасты. Уақытша болса да істей тұруды жөн көрді.

Театр деген сырттай болса да Әл Мұқри үшін таңсық емес-ті. Бірақ онысы алдамшы әсер екен. «Кормеген жердің ой-шұқыры көп» дегендей, өнер ордасымен танысқан сайын бұрын-соңды кормеген ғажайып әлемге кезіккендей болды. Әсіресе өнер адамдарының жан-дүниесі де өте күрделі бола ма, қайдам, әйтеуір мінездері де, оздері де буырқанып тұратындай. Дегенмен Әл Мұқрига сонысы ұнады. Әсіресе мұнда қыз-келіншектер көп екен. Әлгі «көн етіктің менсінбей, көк етіктің кезікпей жүргендер», өнер қуып мезгілін өткізіп алғандар да осында. Мұқри жұмысқа тұрған күннен бастап-ақ әлгі қыз-келіншектер бейтаныс жігітті әуелі алыстан нысанаға алды. Найзадай кірпіктер шаншылғанда жігіттің жүрегі дір ете қалады. Әл Мұқри да көркем жігіт болатын. Ұзын бойлы, апайтос, ат жақты келген аққұба жігіт көгілдір көзі күлімдеп, кіммен сөйлесе де бірден тіл табысып, әлдебір ортақ әңгімені орбіте жонелетін. Өзі емен-жарқын әзілқой жан. Жоқ жерде тауып айтатын айтқыштығы және бар. Әйтеуір, келбетті, көркем жігітке арулар жағы «шу» дегеннен танырқаса, тамсана көз тіккен.

Жаңа келген азаматтың киім киісі, жүріс-тұрысы да, тіпті сөйлеу мәнері де тосын, кімді болса да еріксіз қарататындай әсерлі еді. Әуелгіде тосансып жүрген қыз-келіншектер уақыт өте келе онымен кездессе болды шүйіркелесіп, Әл Мұқридың әзіл-оспақтарына мәре-сәре болатын жағдайға жетті.

Арада айдың жүзі өтпей-ақ жаңа жұмысына тез үйренген Әл Мұқри сахнаны безендіруге шын-дап араласып, өзіндік ілкімді ұсыныстарымен байқала бастаған. Мамандығы кәсіби фототілші болғандықтан талғамы биік, көп нәрседен хабардар. Жаңа жұмысына оның да пайдасы тиіп жатты.

Осындай күндердің бірінде театр бухгалтериясында істейтін Қаншайым атты есепші қыз мұны қонаққа шақырды.

– Біз бір топ қыздар бір жерде тұрамыз, бізге жексенбі күні қонаққа келіңіз, – деді ұяла сөйлеп. Мұны естіген Әл Мұқридің жүрегі тулап кетті. «Апырай ә?!» деді ол, «өздері бір топ қыз болса, олардың ортасына жалғыз жортқан Төлеген секілді, тіпті Төлеген де Жібекке жалғыз бармаған, қасында Шегесі бар еді ғой», деп жан-жағына жалтақтап, біреуден көмек күткендей болған. Әлгі өзі жалдап тұратын пәтердің иесі Маша апайдың баласы Славканы ертіп барсам ба екен деп ойлаған. Бірақ ол ойынан тез тайқыды. Славкасы құрғыр арақтан басқаны ойламайтын жүрген бір найсап. Онымен абырой тапассын білді. Ойына ібір-сібірдегі достары келді. Олар мұндайда жанып кетуші еді. Қой, деді Мұқри ішінсін қайдағыны ойлайтын уақыт емес, одан да алты қыздың ауылына қалай барғаны дұрыс? Тұңғыш рет қысылған жері осы болды. Қыздарға қандай да бір сый-сияпат апарудың да ретін таппады. Тәтті-мәттіден ештеңе шықпайды, арақ-шарап алып та керек емес. Шамасы бір құшак немесе алты букет, бір өңкей гүл алғаны дұрыс деп ойлады. Дұрысы сол, гүл, қыздарға гүл сыйлау керек, деді ол.

Сонсоң пәтер иесі Маша апайға «мені тоспай-ақ кешкі тамақты іше беріңіздер, мен қонаққа кеттім» деп өзінің баратын жерінің адресін көрсетіп, «үшбу хат» қалдырған Әл Мұқри үйден шықты.

Күн ауған кез. Көңілі алабұртқан Әл Мұқри алты қызға үлестірсең ортаймайтындай бір құшак гүлді қолтығына қысып, аққайнар мен қораптағы шоколадты котеріп, қыздар тұратын пәтердің түймесін басты. Есік ашылғанша көңілі елеңдеп, тыпыршыған ол қонырауды екінші қайта басуға жүрегі дауала-

май бөгеле берген. Сол сәтте есік ашылып, іштен Қаншайымның өзі көрінді.

Жанары мойылдай мөлдіреген осы бір сүйкімді қызбен ол жұмыс іздеп, театр табалдырығын аттаған күні танысқан. Неге екені белгісіз, осы қызды ол баяғыдан білетіндей. Өзіне іштартып тұрғандай ма, әйтеуір, көзге көрінбейтін нәзік байланыс бар секілді. Алғаш көргенде екеуі бір-біріне қарап қалған. Міне сол бидай өнді қыз қазір де мұның бойын билеген толқуды сейілтіп жібергендей болды.

– Төрлетіңіз. Қыздар да енді-енді келіп қалады, жайланып отырып телсидар көріңіз – деді жігітті кен бөлмеге бастап кірген Қаншайым. Үні соншалық майда, қалықтап ұшып жүргендей.

– Рақмет, рақмет, – деп Әл Мұқри да ризашылық білдіріп. – Қарсы болмасаныз, сізге көмектесермін.

Мына сөзді естіген қыз жігіттің бетіне қарап қалған. Соны сезген жігіт:

– Оның ештеңесі жоқ. Мен секілді ібір-сібірді көрген салт басты жігіттер әсте күй талғамайды, – деді ол қызға бұрыла қарап. Өңі лып етіп қызарған Қаншайым сәл жымылып:

– Маған ыңғайсыздау. Қонақты бірден ас үйге кіргізгенімді, құрбыларым басқаша ойлап қалар, – деп бөгелген ол. – Теледидар көрмесеніз альбом көріңіз, – деп үстел үстіндегі альбомдарды алып бере бастады.

Сөйткенше болған жоқ, есік қоңырауы естіліп Қаншайым есік ашуға беттеді. Бұл кезде Әл Мұқри жайғасып теледидар тамашалауға кіріскен.

Сырттан сөйлей кірген қыз аяқ киімін шешіп ішке өткенде Қаншайымның жалғыз емес екенін біліп:

– Охо, қонағымыз бізден бұрын келіп қалды ма?! Аға, қалыңыз қалай? – деді. Бұл келген театр шеберханасында тігінші болып істейтін шынашақтай ғана Сәлима деген сары қыз еді. Өзі сондай ашық.

– Ұят болды-ау, э, қонақты Қаншайымның жалғыз қарсы алғаны. Біз бәріміз бірігіп қарсы алмақ едік. Қаншайым ханым, солай ма? – дейді.

Сөйлей жүріп қолындағы қапшыққа салып әкелген тамақтарын үстелдің шетіне жайғастырып жатыр, мұндағы қыздырдың шетінен өнерпаз екенін, өнер Қаншайым екеуін ғана айналып өткенін айтып үлгерді. Сөйткенше есік қағылып арулардың қалған төртсеуі де іркес-тіркес жиналды. Бәрі қолдарына ұстай келген қапшықтарын бірі ас үйге анарса, енді бірі тіке үстелге қойып дастарқан жайып жатты.

Қыздардың бас-аяғы түгел жиналып болған кезде Әл Мұқри алты қызға бір-бір буда раушан гүлін ұсынып, құрмет танытты. Сәлден соң бәрі әзілдесе жүріп бөлменің ортасына қойылған үлкен дастарқан басына жайғасты. Алты қыздың ортасында алтын тұғырға қонған бүркіттің шәулісі құсап Әл Мұқри отыр. Өзінің жаңа жағдайына бойын үйрете алмай, сәл тосаңсып қалған. Соны сезген қыздар да жігітті тақымдап, бәрі келісіп алғандай «тамақ алыңыз» деп бірі шынаяғын әперсе, енді бірі сусынын, келесі қыз шанышқы мен қасығын түгендеп бәйек болды. Мұны тез аңғарған жігітіміз:

– Ракмет. Ракмет, қыздар! Сенесіздер ме? – деді ол көгілдір көзі ұшқын атып. – Дәл қазір мені құлақ күйі келген домбыра дерсіз, тіпті бабына келген жүйрік секілдімін, әйтеуір, бір керемет шабыттың буында отырмын, – деп алдына қойған шарап толы құтыны қолына алып, дастарқан басының тізгінін өз қолына алғандай болды.

– Қадірлі арулар, бойжеткендер! – деді көзі жағалай отырған қыздарды қыдыра шолып. Шынымды айтсам, мен дәл сіздердей жанымды елжіреткен ортаны еш жерден көрмедім, – деді. Мұнысы шын еді, көңілі егіліп, есіне баяғы Сібірі оралды. Сібірдегі тува, якут

достары көз алдына келді. Бір мезет көзі күлімдеп, аккұба жүзі нұрланып әдетінше көсіліп сөйлердегі дағдысымен «бұл қызық былай болды ғой» деп бір әңгімен бастады дейсің.

– Мен бейбақ әскерден келген соң Сібірді кезіп жүрс беріппін ғой. Бұғы жеккен шанаға мініп тайғаны кешіп, ямайлардың қосында түнеп. Өмірдің қызығы сол ғой деп ит жеккен шанаға мініп итжеккенді шарладым.

Әңгіменің дәл осы арасына келгенде, босаған ыдыстарға сусын құйғалы орнынан тұрған қаз омырау, қыпша бел Қатипа деген қыз:

– Мұқри аға, олардың қыздары қандай болады екен? Әлгі ямайлардың қыздарын айтамын? – деді. Тосын сұрақ. Бұл сөзді іліп ала жөнелген сұңғақ бойлы сұлу да ерке қыз Нағима:

– Иә, иә, әңгіменің қызығына жаңа келдік, соны айтыңызшы. Қызықтың өзі қызда ғой, – деп отқа май құйғандай болды.

Әл Мұқри тағы да сөзін жалғастырып, қыздарды атын штінен еркелетсе атап, мен сіздерден асқан сұлуды еш жерден көрмедім, казак қызының ғажайып қасиетін жаңа сездім, бәріңді құшақтап сүйгім келеді, ағалық ақ көңілмен, достық көңілмен, сол үшін тос көтеремін деді. Ду ете қалып басылған қыздардың ойын:

– Мұқри аға, сіз рас айтасыз ба? Тек ағалық, достық көңіл ғана ма?.. – деді бота көзі мөлдіреп, жүзі құлпыра күлімдеген Нағима сұлу тағы да сөзге араласып.

– Имандай шыным, Нағимаш, – деді ол.

– Әні, байқайсың ба, сені жақсы көреді, бірақ ғашық көңілді айтпады. Қалғанымыз жай, әншәйін, көңіл жықпас, – деп Бәтима да сөзге дем беруде. Оның сөзін костай жөнелді Гүлнәз:

– Ағай, мен сізге бір сәуегейлік айтайын ба? – деп Әл Мұкриға қарады.

– Ой, Гүлнәзжан, айтшы, айтшы, – деді қыздар.

– Әл аға, ол сығандардың рөлінде көп ойнаған «сынықтан басканың бәрі жұтады» демекші бұған сығандардан бірдеңе қонған, көріпкелдігі бар, – деп құрбылары әзілге жығуда. Бірақ оны елейтін Гүлнәз жоқ, әңгімесін бастап кетті. – Әл аға, мен де сізді осылай атайыншы, – деді қоңырқай көзін төңкеріп, наздана қараған өл.

Шынында адам сенерлік бірденесі бар секілді, деп ойлаған Әл Мұкри:

– Қалай атасаң да еркін білсін, Гүлнәзжан, құлағым сізде, – деп оған назарын аудара қараған.

– Сіз сонау Сібірден осында отырған алты қыздың бірінің бағына бола келген екенсіз, дәл қай қыз екенін осы отырыстың соңында білеміз – деді, осыны айтқан ол қызылжиренге бояған шашын дудыратып жіберіп:

– Нағима-ай, Батима-ай, тігінші қыз Сәлима-ай, Қаншайым мен Қатипа-ай, көріпкел қыз Гүлнәз-ай! – деп үстел басындағыларды ду күлдірді.

«Шынында да, бір сәуегейлігі бар екен» деп әзіл-шыны аралас Әл Мұкридің өзі де күліп жіберді.

– Мұкри аға, – деді үстел басындағы әзіл әңгімені одан әрі қыздырайын дегендей Қатипа тал шыбықтай бұралып, – егер сіз әртіс болсаңыз мен сізді тек Кебектің рөлінде ғана көргім келеді. Сіздің келбетіңіздің өзі соған сұранып тұрғандай, – деп жігіттің жүзіне тана көздерін төңкере қараған.

Бірақ оның сөзін аяқтатпай іле жөнелген Бәтима:

«Ол Кебек мықты болған жас басынан, Тоқаң да тас-тамайды өз қасынан», – деп әндете жөнелді. Өнер адамдарының ойы да шапшаң, бірі бастаса екіншісі қағып алып жүйесімен жалғай жөнеледі емес пе? Қазіргі сәтте де тап солай болды. Бәтиманың сөзін сабақтаған Нағима тіпті орнынан жылдам тұрып, дау-

сы гүжілдеп Кебек батырдың образына кіріп кеткендей:

– Әй, Еңлік, сөзің рас, нандым саған,

Бәрін ұқтым, жерім жоқ байқамаған.

Артқы өмірді азырақ қоя тұрып,

Ойнап-күлсек қайтсді біраз заман? – деп тура саханадағы Кебек батырдың өзі секілді жуан дауысқа салып, шабыттана сөйлей жөнелгенде отырғандардың бәрі қызыға қарасты. «Сонда Еңлік кім болды?» десті қыздардың бірі.

Әңгіменің дәл осы тұсына келгенде адам айтса нанғысыз жағдай болды. Алты қыздың аялы жанарына қарап масайып отырған серіміз де, аккумулят сыланған алты ару да аңтарылып қалды. Дастарқан басындағы дәмді әңгімені бұзған әлдебіреу есікті кенеттен дүңк-дүңк қакты. Енді болмағанда Ер Кебекке айналғалы арқа-жарқа отырған Әл Мұқри, алмадай молдіреген алты ару тосын дыбысты естігенде есік жакка үрке қарасты. Қыздардың есігін бұлайша басынғапдықпен қағу бұған дейін болмаған-ды. Алты қыздың ішінде ел-жұртқа есімі өнерімен белгілі боп қалған талант иелеріде бар еді. Содан да болар, қыздар әуелгіде бұны түсінбей, түсінсе де сене алмай абдырады. Ізінше есік қайта «дүңк-дүңк» ете қалған кезде шеткері отырған Қаншайым орнынан ұшып тұрды, онымен жарыса тұрған Нағима, «мен барайын» деп есікке ұмтылды. Талай рөлді сахнада сомдап жүрген Нағима кербез басып іші-сырты қара кеппен тысталған ауыр есікті ашқаны сол еді, әлдебір орыс кемпірі «Мұқри осында ма?» – деді. Бейтаныс әйелдің даусы да ширығып, күйіне сөйлегендей болды. Есік ашқан Нағиманың «иә» деуі мұң екен кемпір табалдырықты аттар-аттамастан шаңқылдап, сөйлей жөнелсін. Пәруардегірдің сөзі мұндай жаман болар ма?!

Есік көзіндегі сөздің жобасын еміс-еміс естіп отырған үстел басындағылар елеңдесіп қалды.

Әл Мұкри бөлсе тықыршып, орнынан қозғалақтап: «Апырай, ә!» деді ол. «Мені іздеген кім болды екен, әлі ешкімді жөнді тани да бермеуші ем». Аузын жиып алғанша қонақтар отырған бөлмеге мыжырайған орыс кемпірі кіріп келді. Келді де сөйледі дерсің.

– Ұятсыз! Мен сені дұрыс адам екен десем, барып тұрған сұм-сұркия, ұры екенсің ғой! – деп тепсінді. Алты арудың ортасында айқұлактанып отырған, арқардың құлжасындай Әл Мұкри мына сөзді естігенде аузына сөз түспей тілі күрмеліп қалды. Сонда да орнынан сабырмен көтерілген ол:

– Маша апай, Маша апай, – деді сасқалақтаған жігіт. – Неге маған олай деп жатырсыз, мен түк түсінбедім? Не болса да айтып өлтіріңізші. Өңі қашып, зорлана тіл қатты. Сонсоң қыздарға бұрылған ол:

– Қыздар, сіздер кешіріңіздер. Мен, мына Маша апайдың үйінде пәтер жалдап тұратын едім, бір түсініспеушілік болған секілді, – дей бергені сол, ашулы кемпір одан әрі бұрқырасын:

– Үстелдің үстіне қалдырын кеткен жиырма сом ақшам ұшты-күйлі жоқ. Қайда? Үйге сенен басқа тірі жан келмеген. Славка бүгін таң атқалы үйде болған жоқ. Не келсе де, сенен келді. Үйге сенен басқа ит келсе не дейін, мен бұның жүріс-тұрысына қарап дұрыс адам екен десем, барып тұрған баукеспе, кәззеп екенсің, – деп былапыт сөздерді айтқанда Әл Мұкридың қаны қашып, бозарып-сазарып, тынысы бітіп қалды. Анталай қараған алты арудың алдында мына сұмдықты естігенше өлін кеткені игі еді. Соны ойлауы мұң екен есін тез жиды.

– Маша апай, тоқтаныз, – деді ол қоңыр даусын көтере үн қатып. Сонсоң ішкі қалтасынан жиырма сом ақша алып онысын кемпірге ұстатты.

Берген ақшаны қолына алған ашулы кемпірдің өңі сол сәтте қисайып кеткендей болды. Сонда да сөзін тоқтатпай:

– Өні, көрдіңдер ме? Бірденелеріңді үптеп кетіп жүрмесін. Асымды беріп, алтын ұядай үйіме жатқызғанда тапқаным осы, – шаптыққан кемпір сөйлеп-сөйлеп шығуға беттеді.

Кемпірдің сөзін үнсіз тыңдаған Әл Мұқри:

– Маша апай, ренжімсіңіз ақшаңыз қойған жеріңізде тұрған болар, жөндеп іздеңіз, – деді.

Бала кезінде ауыл үйдің арасынан құйын жүріп өтетін көргені бар. Жердің шаңын аспанға суырып, ширатылып, шаншыла ұйтқып келе жатқан әлгі ашулы құйынды көргенде үлкендер: «Шайтанның үйіне бар, шайтанның үйіне бар» дер еді. Құйын шіркін оны тыңдар-тыңдамасын кім білсін. солай айту ырым болатын. Күнде қолынан ас ішіп әжептеуір үйренісіп қалған Маша апай да сол құйын сәкілді болды. Өлгінде ғана жадырап, жарасып отырған алты қыз. ақ дастарқап, ағыл-тегіл көңіл күй тосыннан жүріп өткен долы құйыннан үптәліп қалғандай. Маша апай құтырған құйыннан да бетер болды.

Әл Мұқри ес білгелі мұндай кепті көрмеген-ді. Әсіресе алты қыздың алдында абыройын айрандай төгіп, «баукеспе ұры» деп үкімін шығарып кетуі тірідей көмгенмен бірдей еді. Бұл өзі табиғатында әзілқой, ашулануды білмейтін аса сабырлы жан болатын. Алты қыздың алдында «баукеспе кәззап» десе де «Маша апай, ренжімеңіз ақшаңыз табылады» деп қалтасынан өзінің ақшасын беріп, құтырған құйынды «таздың үйіне бар» деп шығарып салғаны қызық болды. Сөйтсе де өзінің осы бір ит мінезіне жыны келді. Боқтап-боқтап қуып шыққанның орнына, оған «ренжімеңіз, ақшаңыз табылады» деп оны сабырға шақырғаны қай сасқаны? Ол өзін-өзі осылайша тергеп

отырып қалды. Бұл екі арада алты қыз алты жаққа кеткен. Қаншайым мен Сәлима ас үйде жүр. Қалғандары өзді-өзі бөлмелеріне кіріп алған. Әлгі үстелдің үстіне қойылған самсаған тамақ та әр бөлмеге тасылып кеткен. Үстел үсінде Әл Мұқри әкелген аққайнар мен қораптағы шокалад қана жұртта қалғандай жетімсіреп тұр. Жігіттің еңсесі түсіп, жігері құм болып, не істерін білмей торға түскен жолбарысша шиырықты. Кетіп қалудың есебін таппады. Әсіресе қыздардың бір ауыз сөзге келмей жым-жылас қасынан жоқ болуы жанына батты. Бір есептен олардыкі де дұрыс, мұны онша танып біле қойған жоқ. Өйтпегенде қайтеді.

Осы сәтте мұның қасына ақырын басып Қаншайым келді.

– Енді қалай болар екен? – деді. Оның нені сұрап тұрғаны белгісіз еді. Шынында да кемпірдің сөзіне сеніп қалды ма, әлде мұны ішпесі мүсіркеді ме?.. Әл Мұқри ол жағын ажырата алмады. Қалай десе де, мына қыз басқа құрбылары секілді алапес көргендей бәсе жөнелмей қасына келуі көңіліне демей болғандай. Бірақ қарақат көздері біртүрлі ұшқын атпай ма қалай?.. Әл Мұқри қыздың жүзінен сынық реңді байқады.

– Қаншайым, саған не десем екен, Маша апай кәрі кісі ғой, ақшасын жоғалтып алмаса, үйде болса табылар. Тек сендер мен туралы жаман ойлап қалмаңдар. Мені сол қинап тұр, – деді.

– Мен сізге сенемін, бірақ...

– Бірақ басқалар сенбейді дейсің ғой солай ма?

– Жоқ. Олай дегім келмейді, аққа құдай жақ деген, ешкімге ештеңені дәлелдеу қажет емес, өзіңізге сенсеңіз болды.

Мына сөзді естіген Әл Мұқри бір сәт ойланып қалған. Мына қыз шынымен айтып отыр ма әлде... – деп қызға күдіктеніп көз тастаған.

Кемпір үйден айтарын айтып ата жөнелгенде Нағима мен Бәтима дастарқанға озі әкелген тәтті тағамдары мен сусындарын бірінші болып бөлмесіне ала жөнелген-ді. Оңаша бөлмеге келгеннен соң біразға дейін екі қыз үнсіз қалды. Құс жастықты бауырына қысып алған Нағима тоңтеріс. Әл Мұқриды алғаш көріп танысқан күндері екі қыздың да есінде. Екеуі де оған қызыға қараған-ды. Келе-келе оны көрсе жүректері лүпілдеп, көздері күлімдеп, абдырап, арбалып қалатындай еді. Өздері мұнысын бір-бірінен жасырып жүрді. Қазіргі үнсіздіктің кілтипаны сол ма дерсің. Әсершіл көңілдері әсіреқызылға алданғандай ма, онысын өздері де түсінбей, естігендерін қорыта алмай, әлденеге опынып отырған секілді.

Бәтима тіпті көзіне жас алып, «бұл жігіттерге не болған, есі дұрыс бірі жоқ «то ішкіш, то ұры» деп біртүрлі торығып отыр.

– Жарайды, таусылма, тағы бір пері-сері кездесер. Білесің бе? – деді Нағима. – Сен түбі жақсы жігітке кездесесің.

Бәтима ақкөңіл, сенгіш болатын құрбысының мына сөзіне:

– Шын айтасың ба, жақсы жігіт кездесе ме? – деп көзі күлімдеп әлгіндегі торығудан түк қалмағандай құрбысына көзі ұшқындап, жаудырай қараған.

– Рас айтамын, сендей сұлу қыздың, анау-мынау емес, әнші қыздың осы уақытқа дейін тұрмысқа шықпай жүргені маған мүлде түсініксіз, – деді Нағима, аңқау құрбысын сендіре сойлеп.

– Қойшы, сен тағы да қалжындап тұрсың. Одан да қыздарға барайық, олар да қызыққа қарық болып жатқан шығар.

Сөйтіп екеуі Қатипа мен Гүлнәздің бөлмесіне келді, оларға бесінші қыз Сәлима келіп қосылған екен. Бұл

уақытта мезгілсіз қонақтан қашқан құрбылар «бізді құдай сақтады» деп өзді-өздерін жұбатып отырған.

– Неге «бізді» дейсің, маған ол жігіт ә дегеннен ұнаған жоқ. Сендер ғой «Ой қандай жігіт», «ой, ой» деп ауыздарыңның суы құрып, үздіктіңдер, – деді Гүлнәз бидай оңі құбылып, Қатипаның қытығына тие сойлеп.

– Жарайды, жасырма. Сені де байқағанбыз, ұрланып көзіңнің астымен атып жүргенсің, одан да алтындарыңды түгенде, – деді желпіне жауап қайырып.

– Оған не бопты?

– Жаңағы кемпір айтты ғой «сендерді де үштеп кетеді» деп.

– Қойшы әрі, алтын дейтін менде не алтын бар, бір сакина мен алқадан басқа, – деп өл мойны мен қолындағы жүзігін сипап түгендеген болды. Осы кезде есік ашылып ішке Нағима мен Бәтима кірді.

Нағима сыңғырлай күліп алды:

– Ғашықтар аралындағы арулар, қалдарың қалай? Геракл көк тұманға сіңіп, үмітті үзіп барады, күдік пен күмән сейілсе игі! Махаббат аралы мұншалық мұңға батпаған! – деп кербез кимылдап, сыңғырлай сөйледі. Құдды сахнада рөлдегі сөзін айтып тұрғандай. Оның сөзін қостағандай Гүлнәз қол соғып:

– Тамаша, тек Геракл сорларда елу сұлу болып еді, біз елу қыздың жүгін қайыспай котере алармыз ба?! – деп Нағиманың сөзін іліп әкетіп құлпырта жөнелсін.

Бәтима мыналардың сайқымазағына шыдамады білем:

– Қыздар, сендердің бұларың қалай, неге олай дейсіңдер? – деп құрбыларына томсыра қарады.

– Білем, білем, періштем, сенің жүрегің ауырады, Қатипаш пен Сәлимаштың да көздері боталап аяп тұр, ал Қаншайым сұлудың жүрегі паншып ас үйден

шыға алмай қалды, – деп Нағима тағы да шешіле жөнеліп, кілт тоқтай қалды. – Қыздар, біздің басты қателігіміз ол жігітті танып-білмей жатып қонаққа шақыруымыз, тіпті құшағымызға алуға кетәрі емес екенімізде. Сендер соны қалай ойламадыңдар?! Ана Маша апайға рақмет айту керек.

– Нағимаш, сен төндіріп айтасың, біздің бәлендей теріс ойымыз болған жоқ, бәріміз бірге отырып шақырайық деп келістік емес пе? Көргенді жердің жігіті екен, жақынырақ білісейік деп төрт көзіміз түгел отырып шештік емес пе? – деп ақсары өңі алаулған Қатипа шыр-пыр болуда.

Әңгімені үнсіз тыңдап отырған Бәтима:

– Қыздар, шынымды айтсам, менің сол жігітке жаным ашып тұр. Қолынан дәм татып жүрген кемпірдің ақшасын жымқырғаны, әрине, өте аянышты. Бізге бұлай кездеспегені жақсы еді, – деп мұңаюда.

– Мүмкін ол емес шығар, – дейді Қатипа.

– Солай болса ғой, бірақ «Жел болмаса шөптің басы қозғалмайды» деген, мұнда бір гәп бар, – деп Сәлима да өзінше әлденені топшылаған болды.

Бір мезет қыздардың бәрі де үнсіз отырып қалды. Әрқайсы өз ойымен әуре. Нағима терезе әйнегінен тысқа тесіле қарап қалған. Ұзын бойлы, аққұба өңді, ат жақты жігіт бір көргенде тартымды-ақ еді. Айтысына қарағанда, ұзақ жыл Сібірде жүрген, не бітіріп жүрген, мүмкін істі болды ма екен? Несіс түрлі «өнері» болғаны да деп іштей ой түюде.

Бұл кезде Әл Мұқри мен Қаншайым емен-жарқын сөзге бара алмай, араларын бөлген түсініксіз бөгеттен өте алмай, әр ненің басын шалып, әңгіменің әрі кірмей, құр арбасқанлай болып отырған. Қаншайым жігітті жалғыз тастап кесуге ыңғайсыздануда.

– Маған жаңағы кемпір ұнамады, тым пәлекор адам ба деп қалдым. Балалары қарайласпай кеткен

орыстың жалғызбасты кемпірлері осындай ызакор, жалакор. Бізді көрсе қағынып тұрады, сіз кемпіріңіз, әрине, құдайына қарағандары бар да шығар. Мүмкін, сіз болған ібір-Сібірдің кемпірлері мейірман, меймандос болар, біздің жақтағылар олай бола бермейді. Мен оны осы өзіміз тұратын ауладан-ақ білемін. Осында тұратын әлгіндей кемпірлер есік алдында отырып алып, біздің өзімізді сан-саққа жүгіртіп, ой-й-й деп қолын сілтеп, апарып тастайды.

Қаншайымның бұл әңгімесіне Әл Мұқри иығын көтерді де қойды. Дегенмен қыздың үнсіздікті бұзып сөйлегеніне қуанды, соның өзі кеудесін сыздатқан түйінді таркатқандай еді. Сонда ғана ол қасында отырған қыздың сүйкімді жүзіне, мойылдай мөлдіреген көздеріне сүйсіне қарап:

– Қалай дегенмен, саған рақмет, – деді. Қысқа айтса да елжіреген көңілінен шыққан алғысы болатын. Қыз да оның шынайы сөзіне қапысыз иланғандай.

Осы сәтте есік қоңырауы без-без ете қалды. «Бұл кім болды екен?» деді олар. Қоңырауы түскірден зәтте болғандай есік жакка шошына қарап.

– Бізге негізі ешкім келмейді, – деді Қаншайым ақталғандай. Әл Мұқри үнсіз.

Бұл уақытта ішкі бөлмеге жиналған қыздар бағанағы дастарқан басындағы «тамашаны» талқылап бітіп, келесі қойылымға әзірленгендей; есік жактан соғылған қоңыраудың суыт дауысын естігенде, бәрі бірдей есік көзіне шүпірлей қалған. Құлақтары елеңдеген бойжеткендер бөлменің есігін сәл саңылаулап сырттан тың тыңдауда.

Сыртқы есіктің көзіне келген Қаншайым «бұл кім екен?» деді. Тәрізі ашқысы келмеген ескілді. Сойткенше аржактан «қызым, мен ғой» деген манағы орыс кемпірінің даусы естілді.

– Апай, тағы не боп қалды?

– Қызым, Мұкри кетпесе есігіңді ашсаң болар еді, ғафу өтінемін, – деп манағыдай емес, кемпірдің екпіні бәсең.

Қаншайым бұдан әрі есік көзінде сойлесуді жөн көрмей ілгекті ашты. Манағы Маша апай есіктен самбырлап сөйлей кірді:

– Мұкри, құдай мені төбемнен ұрды, алжасты деген осы. Ақшасы құрғырды әлгі жексұрын, арам қатқыр Славка ұрлап алып, жартысын ішіп қойыпты. Сенін жазығын жоқ. Мен қақпас бәрін бүлдірдім, қыздарыңның көзінше сені балағаттағаным үшін мені кешір, қарағым, – деп еденге отыра кетті.

Мына әңгімені естіп тұрған Нағима, Бәтима, тігінші қыз Сәлима, Гүлнәз бен Қатипа іштей дүр етіп қуанғанымен, онысын сыртқа шығара алмай, манадан бергі жансақ жорамалдарына беттерін басып, бөгеліп қалды. Тек Қаншайым ғана оңі балбұл жанып:

– Айттым ғой, аққа құдай жақ деген осы! – деп, Әл Мұкридың қолын қысып, мойыл көздері күлімдеп, жасаурап кетті.

– Қыздар, естідіңдер ме?! – деді ол, сөйтті де қыздар отырған бөлменің есігін ашып қалды. Есік көзіне топырлап тұрған бойжеткендер бір сәт тосылып қалды.

– Ой, бабка, сіз мынадай жала жабуыңызбен бір күні біреуді өлтіретін шығарсыз. Дегенмен келіп айтқаныңызға, каралы үкіміңізді қайтып алғаныңызға, соған ақылыңыздың жеткеніне де шүкір. Бәрін естілік. – деді Нағима аса наразы кейіппен, нығарлай сөйлеп.

– Қыздар, мені кешіріңдер, қартайған адаммын, сандырақтап қайдағыны қайдан ойлағанымды, – деп кемпір бейшара бүгежектеуде.

– Маша апай, ренжіменіз қайта беріңіз, – деп Әл Мұкри кемпірді шығарып салды.

Сөйтіп бөлмеге қайта кірген ол:

– Баяғыда Арқада Шашубай деген акын болған екен. Сол кісі көп жылдар елінен жырақта жүріп

күндердің күнінде ауылына келген ғой, – деді жанары ұшқындаған ол сөзін жалғап. – Ел-жұрты ақынды қуанып қарсы алады. Келесі күні тұрса жалғыз атын жоғалып кетіпті. Ат деген ер жігіттің қанаты ғой, мына жағдайға қатты күйінген ол пәленің кімнен келгенін бірден біліп, ұрлық жасаған байдың үйінің ту сыртына келіп: «Туғандарым сағынып отыр ма десем, қағынып отыр екен ғой» депті. Мұны естіген ауыл иесі ақынның атын қайтарып берген дейді. Сол айтқандай мен де бір мезет Шашубайша ойлап, камыкқаным рас еді. «Ойнасак та біраз жерге бардық» демекші, бүгінгі жағдай ақыл қорытуға біраз ойтамызық болды деді.

Осыны айтқан оның көңілі жабырқап, азырақ мұңайып қалғандай. Қыздардың арасында Бәтиманың жанары жасаурап жылап жіберуге шақ қалған. Жүрегім сенбеді, бірақ Қаншайым құсап қасына келуге жарамадым-ау деп іштей егілді. Қалғандары да кинала күрсінгендей. Осы мезет түрегеп тұрған қалпы тағы да Әл Мұқри сөз бастады:

– Қыздар, сендер ерекше жансындар, – деді ол даусы біртүрлі тебіреніп. – Жүректерің таза, сенгіш, мен сендерді бұрын қалай құрметтесем әлі де солай құрметтеймін. Бұрын қалай жақсы көрсем, әлі де солай жақсы көремін. Бүгінгі жағдайдың тура сендердің көз алдарыңда болғаны мен үшін мыңнан бір мезеттегідей гажайып оқиға. Бұл керемет сынақ болды. Сондай жаным шырқыраған қиын жағдайда мені қолдаған жаны күн сәулесіндей әрі өткір, әрі таза, әрі ыстық бір жанды таптым. Сол адамды өмірлік серік етуге әзір екенімді білдіремін. Ол – Қаншайым.

Бұл сөздерді жүрегімен тебіреніп айтқан Әл Мұқри Қаншайымға елжірей қарап, қолын созды. Қыздың да бидай өңі алаулап, көзіне жас үйіріліп, жүрегі тіпті өрекіп кеткендей. Артынша жігіттің жалпақ алақаны қыздың нәзік саусақтарын аялай қысты.

2013 жыл

ТАС МҮСІН

Новелла

Мен оларды көбіне үнсіз тыңдаймын. «Олар» деп отырғаным біздің қоғамдағы адамдар ғой, жасы бар, жасамысы бар дегендей. Мұндай басқосуларда әртүрлі әңгіме айтылады. Сондай кезде қайсыбіреулер қаралып жатқан мәселеден гөрі өздерін көрсетуге тырысып, «мен ол кезде анда бастық едім, мында қосшы едім» деген секілді өздерін алға тартып, ара-тұра кейінгі жастардың арасынан ел тани бастағандары болса «ол менің шәкіртім еді, мен тәрбиелеген едім» деп өзін атқа мінгізіп, қалған елді қосшы ете сөйлесітіндер де бар. Бұлардың көбі заманында қызметтің құлағында жүріп, сөйлеп қалғандар. Олар осындай басқосуларда тегін тыңдаушы тапқандарына қуанып, іштегі шерлерін шелектеп ақтарғысы келетіндей. Міне, қазір де әдеттегідей бір үлкен жиында отырмын. Өнебір алды жақта отырған егде жастағы сары кісі қайта-қайта сөз сұрап әлек. Жиналыс басқарушы оны қасақана көрмеді ме, әлде басқадай ойы болды ма, о жағы маған белгісіз. Әйтсеуір, ол одан аттап барып, артқы қатарда отырған аққұба, сидам әйелге сөз берді. Қағылез, бойшаң әйел ортаға жұлқына шығып, қолы шошаңдап, сұқ саусағымен қайта-қайта екі езуін сүртіп, «не айтайын деп едім?» деді.

– Оны ешкім білмейді, – деді әлгі сөз сұраған сары кісі, жақамаған сыңайлы.

Әйел адам оған назар аударған жоқ, онсыз да айтар сөзінен жаңылып, қолы жыбырлап, ернін сүрткілеп:

– Е, – деді. Ұмытқан сөзі тосыннан аузына түскеніне қуанып. – Көсем туралы айтпақшымын.

Сонан соң жұлып алғандай:

– Осы Лениннің ескерткішін алып тастайық деп «тап-тап» бергенді мен мүлде жақтырмаймын. Шынын айтсам, бұны мен қолдамаймын, – деді ренішпен. Сөйлегенде екі ұртын сұқ саусағымен дамылсыз сүртіп, қолы тыным тапайтын қалеті болса керек.

– Біз, мына жасы ұлғайған адамдар Лениннің атын жаттап өстік, ол біздің идеалымыз болды. Оны алып тастасақ, оның орнын немен толтырасыңдар? Соны неге ойламайсыңдар?.. – Жо-жоқ! – деді ол, шошына қолын сермеп, сонан соң сұқ саусағымен тағы да екі ұртын дамылсыз сүртіп. – Тағы не айтпақшы ем? – деп, қолы жыбырлап әлгі дағдысмен қайта-қайта аузын синалап:

– Осыны ескеру керек, тағы да көп нәрсе айтпак едім, ойыма түспей қалды, – деп орнына отырды. Жиналысқа қатысушылар бастарын шұлғып жымжырт. Әлгі ксіуананың сөзін ешкім дұрыс-бұрыс дей алмады.

Осы кезде манағы шикіл сары ақсақал орнынан көтерілді.

– Мына Таңсық апаларың дұрыс айтады, өткенге түкіруге болмайды. Ол қалай дегенмен біздің тарихымыз. Одан қашып құтылмаймыз. Бірақ, бір шындық бар. Біз ескерткіш дегенге тым әуеспіз. Осы қалада ескерткіштен көп нәрсе жоқ. Алайда, сол ескерткіштер нені еске салып тұр? Кімді жарылқап, кімді жатырқап тұр? Біздің халқымыздың басынан кешкен ауыр зұлмат күндерді еске салып тұр ма? Жоқ әлде басқаның намысын жанып, рухын көтеріп, басқа жұртқа қызмет етіп тұр ма? Осының ара-жігін ашып білген жөн, солай емес пе? – деп бір тоқтады. – Менің ұғымымда, – деді ол, сөзін қайта жалғап, – ескерткіш ұлтқа қызмет

етіп тұруы шарт. Белгілі дәрежеде, ескерткіш тас мүсін ғана емес, ол рухыңды сілкіп, ұлтыңа, Отаныңа деген сезімді «дір» еткізетіндей қуатты күш. Ал біз баяғы отарлық дәуірдің күн көсемін не үшін сақтап отырмыз? Оны алып тастауға дәтіміздің бармауы қалай? Көріңдер ме, мына Таңсық апаларың әлі де сол күн көсем үшін, енді одан қалған жалғыз жұрнақ – тас мүсіні үшін отқа түсуге әзір. Әй бауырларым-ай! – деді ол, кейіген райда. Оның сөзіне әлгі Таңсық апа ереуілдеп, қарсылық білдіріп жатты. Басқалар жым-жырт.

«Мынау дұрыс, анау бұрыс» дей алмады. «Күн көсемді» әлі идеал тұтып жүрген Таңсық апай ғана қарадай тулап отыр. Басқалар жым-жырт. Осы сәтте көпке танымал Ырғын деген ағамыз сшкімнен сөз сұрамай-ақ ортаға шықты.

– Сендер, – деді ол бірден, әлгі қылпылдаған сары кісінің сөзін жақамағанын білдіріп. – Біздің тарихымызды өшіргілерің келеді. Солай-ақ болсын, бірақ оның бәрін біз ана жаққа кеткеннен соң жасаңдаршы, әзірге тимендерші, – деді қолын сермеп. Сәл бөгеліп барып сөзін қайта жалғаған ол:

– Өткенмен алысу мұрат емес, болашақ маңызды, соны ойлаңдар, – деп тоқтады. Ынты-шынтымен киыла сөйлеп тұр. Келесі біреуі «кылмыс көп» деді, әңгімені арнадан бұрып.

– Ол жаңалық емес, себебі тәртіп жоқ, – деді орнынан жұлқына тұрған шешеннің бірі.

– Ал, коррупцияны қайда қоясың? – деп орнында отырып айғай салды тағы бір адам.

Осылайша әркім өз сөзін тықпалады.

Кейде ой мен сөздің арасы алшақтап кеткен-ау дейсің. Айтар ойы болмаса да сөзі бар. Ойсыз сөз, жел айдаған қаңбақ секілді ме, қалай?

Қайтар жолда әлгі ескерткіштің жанынан оттім. Жарықтық бағзыдағы секілді терең ойда отыр. Партиясы келмеске кеткен. Өзі бар, онда да ескерткіші. Өлденеден әлі де дәмелі. Сықпыты солай.

«Апырай ә?!» деймін тастан да таңғажайып сыр оқуға болады екен-ау! Ал, тас мүсін болса мығым тұр. Қазір де санаға салмақ салады.

Жұлым-жұлым болған киімінің стегін қаусырып, көзі сығырайып, сенің ойыңды оқып алғандай. Өңі жылы болғанымен ар жағында мерез мысқыл бар ма делім?..

Бойым тоңазып, өз ойымнан өзім тіксініп, теріс айналдым. Ол да теріс қарап отыр. Ол әуелден солай. Алдына келіп, тізе бүгер пақырларын күтетін секілді. Ал, біз ше? Біз жым-жырт, үнсізбіз.

Мен болсам ескі бактың ішімен баяу жүріп келемін. Саябактың іші тым күңгірт. Жадау. Аулақта күн күркіреді. Аспанның алыс түкпірі даңғырлап, әлдеқайда жай түскен секілді. Тек бізден аулақ болса екен.



АЛМАҒАЙЫП

Бұл оқиғаны мен ертегі деп қабылдаймын. Сіз де солай қабылдаңыз. Келісесіз бе? Онда ертегі еліне сапар шегелік.

...Қай күні, қай сағатта жабысканын білмеймін, әйтеуір бір кермек мұң өзіммен бірге жасап келеді. Жылдар бойы жанымды кеміріп, санама тыныштық бермейтін осы бір мұңлы ойдан тіріде арылмайтын секілдімін. Қайбір жылы біз бұдан құтылды деп ойлағам. Қуанышым қойныма сыймаған. Достарымнан жағалай сүйіншілегем. Олар да мен сияқты қуаныштарын жасыра алмай «алақайлаған» еді.

Апырай! Сол бір көңіл кірін жуған күнәсіз қуаныш қандай құдіретті еді. Тек ол ұзаққа бармады. Күтпеген жерден біздің ақық арманымыз тағы да жалт беріп, бізден алыстай жөнелді.

Біз онда бір кемседе көп адам едік. Арман қуып, жердің жәннәтін іздеп, ұзақ сапарға аттанғанбыз. Біз іздеген жерұйық құлақ естіп, көз көрмеген ғажайып өлкеде болар дейміз. Ол үшін біз ұзақ-ұзақ құрлықтармен сапар шектік. Күндердің күнінде әлдебір мұхиттың жағасына жеттік. Сол жерде көп жүрдік, көк мұхитты көктей өту үшін алымда кеме қажет болды, оны табу да оңайға түспеді. Ұзақ уақыт еңбектенудің арқасында оны да қолға түсірін, ұлы дарияға да бет бұрдық.

Буырқана тулаған толқынға мініп, көк мұхитты кешін, көк тұманды тесіп арман сапарына осылай аттандық. Тек мақсатымыз айқын болғанымен, бағытымыз бұлдыр. Жан-жағымыздан анталаған ауыр толқындар ыңырана сүзіп, бізді өз ыркына

қарай игеріп алғысы келгендей. Біз болсақ жанталаса арпалысып, ішкі-сыртқы толқындарға бой бермей алға ұмтыламыз. Бірақ, сіз білесіз бе, біз тағы да «өз еркімізге не бола алмай өкінішпен сан соғамыз-ау» деген күдікке бой алдыра бастадық. Осынау жанкешті сапарға аттанғандар өрімдей отыз жан едік. Отызымыздың ойымыз біреу, жүрегіміз біреу, мақсатымыз да жалғыз-тын.

Кеме өзіміздікі, өзіміз басқарып ұлы сапарға аттанып барамыз. Бірақ сіз білесіз бе?.. Біз сәт сайын мұхиттың аласапыран дауылымен шайқасып, жанымызды қатерге тіксек те өзімізді бақытты сезіндік. Кейде дөңгеленген алып иірімдерге жұтылып кете жаздаймыз. Ондайда кеме басшылығының көрегендігіне шәк келтіретін болдық. Соның салдары ма, бәлкім басқа да себептер болды ма, кеме қаптанғанына біз сенімсіздікпен қарай бастадық. Олар да бізге сенбейтін секілді. Бізді бұлар қайда апара жатыр деп алаңбыз. Осылайша, аңдысып жүргенде сыртқы ауыр толқындар біздің кемемізді бір арнадан бір арнаға лақтырып, тұманды өлкеге тықсырды. Сол күннен бастап баяғы ескі мұң тағы да маған оралды. Тағы да ол менің жүйкемді кеміріп, жанымды қажалумен болды.

Бұл не деген тәлкек дүние деп қапаланамын. Сіз білесіз бе?

Бір түні біздің кемеміз үлкен аралға жақын келіп тоқтады. Мұнда бізді күтіп тұрған жан жоқ еді. Сөйтсек, мұнда бейтаныс босқындар бар екен. Кеме басшылары колдарын бұлғап жанпәре жүгірген адамдарды көріп тоқтаса керек. Олар да біз секілді арман қуып жолға шыққан, кемелері апатқа ұшыраған жатжұрттықтар екен. Біздің кеме басшылары олардың кім екенін білмей жатып әлгілерді құтқарудың қамына кірісті. Құтқарғанда кемеге мінгізіп алғаннан басқа не амал бар? Ұлы дарияның тосінде оймақтай аралды паналаған әлгі бейбақтар: «Құтқарыңдаршы!» деп

зар еңірейді. Тілі, діні басқа жұрт. Кеме капитаны дереу шешім шығарып, әлгі бейбақтарды құтқарды. Сөйтсек, әлгі босқындар бізден екі-үш есеге көп екен. Олар кемемізге мінген кезде біз бір-бірімізден ада-сып қалдық. Не олардың сөзін түсінбейміз, не олар бізді түсінбейді. Алғашқы күндері жатжұрттықтар сондай мейірбан көрінді. Арада екі тәулік өткенде күтпеген «қонақтарымыздың» біреуі боцманға, біреуі капитанға көмекші болып тағайындалды. Уақыт өте келе әлгілердің адамдары кеме ішіндегі тәртіпті қадағалауға, жазалауға құқы бар болып, біздің өзімізге қыр көрсете бастады. Біздің капитанымыз өте алғыр, кореген адам-тын. Көпті көрген, біз енді оны қорғап қалудың қамына кірістік. «Қанша дегенмен, ол біздің өз туғанымыз ғой» деп, әншейіндегі өкпені ұмытып енді оған жанымыз аши бастаған. Себебі, мына жатжұрттықтардың беталысы жаман, арандары ашылып, бізді – кемесінің иесін жойып жібере ме деген үрейге бой алдырдық. Капитанға тірек боламыз деп жүрсек, оның ана жатжұрттықтардың сөзін сойлей бастағаны... Бұл кезде оның бұрынғы серіктерінің бәрі қасынан алыстаған. Мен де оның кеңесшілерінің бірі едім, енді оның маңына жолау қайда?! Біздің орнымызды әлгі жатжұрттықтар басқан. Бір күні ерте дауылпаз соғылды. Біз дереу палубаға жиналдык, сойтсек, капитан ауыр жаралы екен.

«Қалай болған, неден болған?» – деп бір-бірімізден сұрап жатырмыз. Ешкім ештеңе білмейді. Капитанның қасына баруға әлгі жат адамдар бізді жолатпады. Аз күн жатып капитан дүниесін салды. Оның орнына жатжұрттықтардың көсемі тағайындалды. Бәрі кеме тәртібіне сай көпшілік дауысқа салды. Олар бізден үш есе көп. Көп дауыспен өз көсемдерін сайлап алған соң жатжұрттықтар кемедегі ауыр жұмысқа бізді жеге бастады. Біз отыз шақты адам түгел кемесінің астыңғы қабатында күн көрмейтін жанкешті

жұмысқа – ескек есуге жегілдік. Бас көтергендеріміз таяққа жығылды. Біз енді дербес биліктен айырылып құлдыққа түскенімізді білдік. Кеме ішінде біздің тілімізде жазылған нұсқаулардың бәрі әлгі жатжұрттықтардың тілінде жазылып, кемедегі сөз, бұйрық әлгілердің тілінде сайрай бастады. «Мынау не дейді, анау не деді?» – деп біз қас пен көздің арасында санаттан шықтық. Ең қиыны. астан қағылды. күніне екі мезгіл борсыған шикі балықтың уылдырығын ауқат етіп азапты күндерді кешіп жаттық. Біз Самырат пен Мағұлым үшсүміз жатжұрттықтардың қысасына көнбейміз деп бірнеше рет таяққа жығылып, естен танып жаттық.

Осындай ауыр азаппен жыл өтті. Бірнеше досымыз, туысымыз ауыр бейнетті көтере алмай көз жұмды. Кейде қол- аяғы кісенделген, ауыр соққыдан үсті-басы ісініп-кебініп жаракаттанған ботен адамдар біздің қатарымызға қосылып, кеменің ауыр жұмысына жегілуде. Бұл кемені біз ұзақ жолға жылдан аса дайындап едік. Енді қайдағы бір қаңғыбастардың еншісіне тигені.

Ақыры мына қорлыққа шыдай алмай, кеме ішінде жойқын қарсылық жасауға дайындалдық. «Не өлеміз, не тірі қалып кемемізді қайтарамыз» деп тас түйін бекіндік. Тірі қалу үшін шайқасу керек деп түйдік. Тұтқынға түскен бір жыл ішінде біздің қаншама досымыз көз жұмды. Тірі қаламыз десек, өлімге бас тігіп шайқасу керек болды. Менің достарым Самырат, Мағұлым, Оғыз бен Ақынай бұл пікірді бірден қолдап, «Найыз, біз саған сенеміз», – деп маған үміт артты. Содан бастап кемені қайтарып алудың жоспарын жасадық. Біз бірден кеме басшыларын, жатжұрттықтардың көсемін жайратуды ойластырдық. Шабуылды таң алдында бастамақ болдық. Түнімен күзетте тұрғандарды білдірмей біртіндеп жойдық. Таң алдында капитанның каютасына және кеме

боцманының үстіне басып кіріп, оларды бірден жайратып, палубаны қолымызға көшірдік.

Ашық мұхиттың үстінде неше күннен бері біз жатжұрттықтармен жан алып, жан берісіп соғысып, ақыры басқыншылардың серкелерінің көзін жойып, кеме билігін өз қолымызға алдық. Мен сонда білдім, жауды жеңу сенің жақтастарыңның аз-көбіне байланысты емес, ең бастысы, намыс пен рухын қарсыласыңнан жоғары болуында екен. Онда біздің рухымыз кек пен намысқа суарылып, алмас қылыштай жарқылдады.

Осылайша, өзімізден күші әлденеше көп дұшпанды жанкешті шайқаста жайратып, өз кемеміздің билігін қолға алған соң Самырат пен Қанафи, Мағұлым, Оғыз, Ақынай, Әмір секілді ержүрек достармен бірігіп, кемедегілерді түгендеп, олардың атқаратын жұмыстарын бөлдік. Қарсыласып көнбегендерін кісендеп, ашық теңізге лақтырып кеткеніміз де болды. Сойтіп, кемеміздің бетін өзіміздің туған өлкемізге бұрдық. Ұзақ жылдар неше мұхитты, нешеме ұлысты басып өтіп елімізге оралғанда біздің әлгі жатжұрттықтардың қыздарынан туған балаларымыздың алды мүшел жасқа жетіп, бір қауым ел болып ата-жұртымызға маңдай тіредік. Үміт пен күдік тайталасқан күндер артта қалған. Содан бері жер жәннаты мен жұмағы ол біздің атақонысымыз деп білемін.

Мен үшін атажұрт пен туған елден артық ештеңе жоқ. Ал ел мен жерді сақтап тұратын сенің бойыңда ұлттық намысқа суарылған биік рух болуы керек. Оны сен ортаға тастаған көкпар секілді көрінгеннің тақымында кетесің. Мен соны түсіндім. Алыста көне Қазығұрт, Асқақ Алатау, Ұлы тау мен Шыңғыс таудың ор биігі Сарыарқаның сайын жотасы қазақ баласының намысын жанып рухын асқақтатады емес пе?! Қарашы, одан намыс оттары көрінуде.

БЛААЙЫМ

Балайымның Сейтенмен отасканына жеті-сегіз жылдың мұғдары болса да әлі құрсақ көтерген емес. Қыз күнінде ашандау, сұңғақ бойлы еді, бертін келе тұрмыс құрған соң денесі бұрынғыдан жұмыр тартып, әдемілене түскен. Үнемі төңкеріліп тұратын қос алмасы қос жанарынды еріксіз жаулап, өзгеше бір еркелік толы кербез қылығы жан дүниенді ыстық демімен шарпып өткендей болатын.

Қыпша белі, одан төмендегі дөңселеніп тұратын мыкын тұсы, қайыңдай ақ балтыры – бәрі-бәрі жігіт біткеннің жанарын жаулар еді-ау. Қайсыбір ашкөз жігіттер сыртынан телміріп, ұзақ сұқтанатын. Ондайда Балайым да елемегенсіп, еркінсін аса бір жарасымды тәкаппар қылық танытатын.

Балайымды бұл ауылдың кәрі-жасына дейін Бәкен деп еркелететін. Тіпті, ауыл ақсақалдарына дейін «біздің Бәкен келін» дейтін. «Бәкен қарағымның тұла бойы тұнған ізет қой, бейәдеп қылығын білген емеспіз» деп басынан құс ұшырмай отырғандарын талай естігенбіз.

Күйеуі Сейтен де сөзге сараң, біртоға жігіт еді. Әлі есімде, бір жылы Сейтен қатты науқастанып ауруханада ұзақ жатты. Бәкен де күн құрғатпай барып тұрды. Барған сайын көзінің жасын бір сығар еді. Сонда Сейтен еті қашып бозарған ұзын саусақтарымен әйелінің жібектей алқоңыр шашын аялай сипап:

– Балым, айым, – деп жас жуған бота жанарды мейірлене сүйіп, – жабырқама, әлі-ақ жазыламын, – дейтін.

Сейтен ауырғалы Балайымның берекесі кеткен. Көбіне үнсіз. Оның үстіне ауыл үйдің пыш-пышы қалған ба?

«Енді қайтсін, бағып отырған бала жоқ, бай болса ауру. Е, карағым-ай! Біз есіркегенмен бола ма, бейшараны құдай есіркесін!» – деп скі әйелдің басы қосылса, Балайымды сөз етіп мүсіркей қарайтын.

Көрші-қолаңның осындайын ұнатпайтын. өр мінесді, сұлу келіншек, жан күйзелісін сыртқа сездірмеуге тырысатын. Балайымның бұл қылығы біреуге ұнаса, біреуге ұнамайтын еді. Ұнатпайтындар: «Сайқал емес пе, сырт көзге сездірмей байына періште болғансиды, болмаса балтыры сыздап отырған түгі жоқ, Абылғазымен ашына екен», – деп беттерін шымшысып, «ибай-ай, енді қайтейін. ана қаршадай Мәтіден ұялсайшы», – деп сөздерінің соңы сыбырға ауысып, одан әрі естілмей кететін.

Мұндай сөздің оттығына май құйып отыратын Балайымның жакын көршісі Жаңылған деген еді. Ата-анасы әу баста ұл тумай қыз туғанына ма, әлде қыздарының сөзден жаңылмасын біліп жорта «жаңылған» деді ме?.. Кім білсін, әйтеуір, Жаңылған жеңгей сөзге қонақ бермейтін пағыз керауыз әйел еді. Жабықтан сығалып немесе қасақана бұзау іздеп баратын үйі – Балайымдікі. Ондағысы – көлденең кім келді, кім кетті, соны анықтау. Кімге есеп беретіні бір Аллаға ғана аян. Ал Балайымның үйіне жиі келіп жүретін Сейтеннің жакын жолдасы Абылғазы болатын. Ол бойы ортадан жоғары, толық денелі, қоңқақ мұрынды қара сұр жігіт болатын.

Абылғазының кірген-шыққаны Жаңылғанның жарынан тыс қалған емес. Сығалап тұрып қарсы алып, сығалап тұрып шығарып салатын. Жабықтан сұқтанған суық көзді Абылғазы тұла бойымен сезетін еді. Содан да болар, ол қысылып-қымтырылмай тура

келіп, бөгелмей кететін. Кейде досының хабарын есту үшін, Балайымның жағдайын білу үшін келсе, енді бірде өзі ауруханаға – Сейтенге тамақ апарып, оның көңіл күйін айтып, Бәкенді қуанту үшін келетін. Бұрын да олар жиі араласып тұрды. Әсіресе, Сейтен ауырғалы Абылғазы жиі келгіштеп кеткен-ді.

Абылғазы келгенде Балайым да өзгеше бір ықылас танытып, барын дастарқанға төгіп, жасырып жүрген қымбат шарабын әкелер еді. Бүгін де солай.

– Әбеке, – деді ол көздері мөлдіреген қалпында, – сұлуыңды неге ерте келмедің?

– Балайым-ау, ол балалардан шыға ала ма, мен тез кіре салам да шығам деген ғой, – деп тез-тез сөйлеген. Балайым өның сөзіне мәз-мәйрам болып, сыңғырлай күліп алды, «кіре салам да, шығам» деді күлкісін тыя алмай.

– Біздің Секен Абылғазының сөзі абыл-дабыл болып, бірінің үстіне бірі мінгесіп кетеді деп күлдіруші еді. Әбеке, сол рас-ау деймін өзі, кешір, әрине, – деп жұмсақ орындыққа жайғасып жатып: – Мәтіжан, – деп дауысын соза төргі бөлмеде кітап оқып отырған Мәтіні шақырды.

– Әбеке, тамақ ала беріңіз.

Осы кезде түпкі бөлмеден шыққан ұзын кара бала Абылғазыға «Ассалаумағалейкум», – деп сәлем берді.

– Мәтіжан, – деді оған Бәкен. Бұзауға шөп сал, сонсоң поштаға барып келші. Дүйсеннен хат бар ма екен?

Дүйсен Сейтениң туған інісі, ауданда механизаторлық курста оқитын. Мәті кеткен соң тік аяқ стакандар сыңғырлан, шөлмек орталанып қалған. Балайым болса бүгін алаботен көңілді. Абылғазыға салса, әлі отырғысы бар-ды. Бірақ Бәкен:

– Әбеке, сұлуың сізді іздеп ертең менің шаңымды қағып жүрер, – деді.

– Балым-ау, сол жаман әйел не бітіреді дейсің?

– Аспағаның абзал, Әбеке. Шығарып салайын. қараңғы түсіп кетті ғой, – деп Бәкен тысқа беттеді. Қараңғы сенекте қабырғаны сипай жүріп келе жатқанда алдынан әлдене «зу» ете түсті. А-а деп ышқына жалт бұрылған Бәкенді Абылғазы қапсыра ұстап қалды. Қас-қағым сәт. Жігіт жүрегі өреки соғып, әлдебір тылсым күш тұла бойын солқ еткізіп ұрып өткендей болды. Артынша-ақ жылдар бойы тежеп келген асау сезім бір сәт копарылып кеткендей. Денесі дірілдеп, әлдене лықсып алқымына тірелді. Жас па, өксік пе, Абылғазы оны біле алмады. Тек көкірегіне бетін басқан аяулы Бәкеннің аш белінен қапсыра қысып, жұпар шашқан алқоңыр жібек шаштан, тек Балайымға тән ару иісін, гүл иісін тойымсыз комағай сезіммен жұта берді, жұта берді...

Көктем айының іші. Жер әлдеқашан дегдіген. Тоқырауын өзні де арса-күрсе тасып жатқан кез. Ақ езу болған аққоз толқындар тонналық күшпен ышқыпып келіп, жағаны сүзіп, кейін лықсиды. Биылғы тасқын тіпті тарпаң, жүзі әлемтапырық. Жағада тұрған Мәтінің бойы тоңазытып, денесі тітіркенді. Дәл осы кезде ту сыртынан.

– Оу, Мәті, не жоғалттың? – дегенге жалт бұрылғанда, Дүйсен ағасын көрді. Желкесін жауып жүрген бір қарыс жалпылдақ шаштан қылтанақ қалдырмай қырғызып тастаған.

– Дүйсен! – деп Мәті оған жүгіре жөнелді. Іле шүйіркелескен екеуі нықтасып үйге енген. Табалдырықтан аттай береді ол туфлиінің өкшесін так еткізіп оң қолын шекесіне апарып:

– Сіздердің алдарыңызда қатардағы жауынгер Жомартов Дүйсен, – деді дауысы шіңк-шіңк етіп. Содан соң жып-жылдам қалпағын шешіп, тақыр басын бір сипап қойды. Өзі соншалық мәз. Мұны көрген

Бәкен тәтесінің өңі қашып, «жарығым Дүйсен...» деп даусы кемсеңдеп көзіне жас алды.

– Мәссаған, тәтемді кара? Жаман ырым бастағаның не? Солдат деген қасиетті есім емес пе? – деп дауысы да, өңі де байсалды қалыпка түскен ол, – жылағаның не? Көкем жазылып шыққанша Мәті қасыңда, – деп маған жымия караған ол иығымнан қағып қойды.

– Қашан жүресің? – делім мен. Бәкен тәтемнің де көңілдегісі осы болса керек, Дүйсенге аялай караған.

– Алдағы жұмада.

– Қайтейін, ағаң болса ауру, жарығым сол. Қайда жүрсең де аман бол, – деп Бәкен тәтем біртүрлі босап қалған-ды.

Ертеңіне Дүйсен ауруханадағы ағасына келді. Көптен ауру меңдеген наукастың жүдеу жүзіне мұңайып ұзақ қарады. Сонсоң ақырын келіп ағасының еті қашып, көкшіл тамырлары білсеуленген қолынан ұстады. Сонда ғана Сейтен көзін ашып:

– Ә, Дүйсен, келдің бе? – деп інісін өзіне тарта иығынан ұстады. Сол қалпында ол бірауық үнсіз жатты да. – Иә, қашан жүретін болдың?

Ағасының тікелей қойған сауалына ол таңырқап қалған.

– Келер жұмада, коке. Кімнен естідіңіз оны?

– Мана, азанда Абылғазы келген, Ертіске сайман апара жатыр екен, сол айтты.

– Абылғазы! – деп таңырқаған Дүйсен дауыстап жіберді. Артынша ойланып қалған ол «Кімнен естіді екен! Е-е-е...» – делі ішінен ол. – «Жаңылған апайдың телефоны екен ғой».

– Ым... барып келгенің жақсы, – деді інісіне қарап жатқан Сейтен. – Қайда жүрсең де аман бол, мені титтей де ойлама. Жолдас-жораларыңды шақырып отырыс жасаймын десең қысылма, шақыр. Жеткен атқарып береді.

Түн. Ауада ептен сыз білінеді. Шағын ауылдың өзен жақ қапталындағы Сейтеннің аласа үйінен сыздықтап көтсірілген әнмен бірге, аракідік қыз-жігіттердің жарқын күлкісі естіледі. Ас үйде Балайымның аяғы-аяғына тимей тамақ дайындап, зыр жүгіріп жүр. Оң-сыз да сүйкімді жүзінде ептеп қан жүгіріп, албырай түскен. Үстіне кнген көгілдір шайы көйлегі көрікті әйелдің сұлу сымбатын жасырмайтындай... Әсіресе, Бәкен жылдам жүріп кетсе-ақ, болымсыз леп шәй көйлектің шалғайын кейін тартып, сұлу сымбаты құлпыра түседі.

— Бәкен, — деді аласа бойлы сары келіншек, білектей жуан оқтауды таза сүлгімен сүртіп жатып.

— Әу.

— Әлгі Абылғазы құрыды, мына көршілеріне бауы берік болсын айтам да, «кіре салам да, шығам», — деген. Ұят-ай, енді қайтейін. Ертең де күн бар ғой. Ұят болады Балайымнан дедім. Тыңдай ма, — деп кейіп сөйлеген ол жылдам-жылдам еттің нанын жапырақтап жазып сөзін әрі жалғады. — Тыңдай ма, аузына бірдеңе тиссе осы, басына тимей тоқтамайды.

— Тұрсынғүл, — деді оны ақырын тыңдап жүрген Бәкен сөзін бөліп. — абыржымашы, мұнда ылғи балалар болған соң ыңғайсызданып жүрген шығар. Өзің тіпті көзіңнен таса қылғың келмейді ғой.

— Еркектердің «кіре салам да, шыға саламдары» көш жер емес пе? — деп бұрыла беріп өзі еріксіз жымыған. Осы кезде ас үйге Дүйсен кіріп келді.

— Жүріңдер, жеңгелер, би билейік, жүріңдер, — деді әндете кірген Дүйсен. «Өздерің билей беріңдер, біз тамақ істеп жатырмыз», — дегендеріне карамай екі жеңгесін дедектеткен қалпы жастардың ортасынан бір-ақ шығарған еді. Балайым да соншалықты жаман билемейтін. әйтсе де жастардың арасына онша сұғынбай сыпайы жүріп, ән аяқталғанда ас үйге

шығып кеткен. Сәлден кейін жастар жағы ән бастады. Гүжілдеген, піңкілдеген дауыстар пышырап:

– Ансатса Сыр өңірі, ән тербер жүрегімді, – деп шырқай жөнелді. Ас үйден Балайым да қосылып жүр. Ән аяқтала бергенде, Тұрсынғұл:

– Құдайым-ай! Өлгі құрыды ғой тегі, барам ба кайтем, – деп мүлде кейін сөйлеген ол, – бір жакқа шықсаң істейтіні осы, не ерте кетіп қалады, не дәмге жетпей жатып қалады.

– Құдай сақтасын, оның сондайы бар десейші, – деп жорта күлді Бәксн. Осы кезде төргі бөлмеден:

– Дегенде Балқаднша, Балқаднша, Күйеуі сексен бесте, аха-хау, Шалқаднша-ау, – әлдекім ұрлығының үстінен түскендей өңі лап ете түскен ол, аңырып тұрып қалды. Өлгінде ғана өңіне жүгірген сүйкімді сезім толқындары ғайып болған. Не деп тұрмын мен деп бұрылып кеткен еді. Әлдекім дәл құлағының түбінен, «Дегенде Балымдай бар ма қатын. Өзгеге қимаймын ғой аха-хау, оның затын», – деп әндете сыбырлап тұрғандай болды. Таныс өлең. Абылғазының өлеңі. Өнашада құлағына сыбырлап талай айтқан. Жиналған жастардың алды тарай бастағанда Абылғазы мен Сейітбаттал кіріп келді. Екеуі де қызу.

– Құдай-ау, қайда құрып кеттің!

– Тсс... – деді Абылғазы әйеліне, – үйге барғанда да күн жетеді.

– Енді сонша құрып кеткенің не? – деп Тұрсынғұл ыңғайсызданып қалған. Бәрі дастарқан басына жиналып, тамаққа ыңғайлана бергенде Абылғазы тұрып сөз сөйледі.

– Ал, інім, Дүйсен, – деп еріндерін сәл қымқырып, ойланған пішінде рюмкаға аз-кем үңіле қарап тұрды да, – сапарың сәтті, оң болсын. Өмір дегеннің өзі сапар ғой. Оның ішінде азаматтық борыш... Міне, бүгін ауыл-аймақ болып оң сапар тілеп жатыр-

мыз. Жортқанда жолың болсын, бауырым. Соңсоң Дүйсенжан мен кешеуілдеп келдім. Жасыратыны жоқ, ылғи жас балалардың ортасында өңкиіп отырғаным ыңғайсыздау екен... Қонақтар тарап кеткен соң келді деме. Кешір.

– Ал, бәрің де алып қойыңдар, – деп сығымдай ұстаған стакандағыны көмейіне лақ еткізген ол, қолына домбыра алып, отырған жеріне қисая жатып, – сендер алаңдамай іше беріңдер, мен өлең айтамын.

– Өй, сен қоймайсың.

– Жо-жоқ, Тұрсынғұл, өзің шалыңның өнерін білмейді екенсің.

– Е, сен білесің бе? О, несі-ей. Ауыздарына тисе данышпан болып кетеді.

– Тыңдасаңшы. Бәкесі айтшы.

– Тұрсынғұл, тындашы, Тұрсынғұл, – жарыса сөйлеп кеткен екеуін Балайым әзер басты. Бұл уақытта Абылғазы «Түбінде Зайымкеснің-ау, бір келіншек», – деп домбыраның құлақ күйін келтіре алмай жатты. Мына дауысты естісе де естімейтін сияқты.

– Ал, айтсаңшы, не қасиеті бар?. Түк те жоқ.

– Балым-ау, мына қатынға бүйі тиген бе? Неге ойнақтап отыр? – Сейітбаттал соны айтты да алдындағы арақты комейіне қотара салды.

– Апа, мен балаларды шығарып салайын, – деді Дүйсен үстел басында отырған екі қыз бен ауданнан келген қонақ баланы ертіп, есікке беттесді.

– Көп кешікпе, – деді Бәкен.

– Тез келемін, тәте.

Олар шығып кеткен соң үзілген дауды Бәкен жалғады.

– Сонымен Әбекеңнің қандай қасиеті болды? – деп кірпігі айқасып бара жатқан Абылғазыға бір қарап қойып, – біз білмейтін аса бір құнды өнері болды ғой, шамасы.

– Балым-ау, өзің білесің ғой, дастарқан басына қызыққа жиналған соң ептеп әзіл-оспақ жарасады емес пе?

– Әрине, – деді Балайым. Сабырлы кара көздері Сейітбатталды барлай шолып.

– Бір ауыз әзіл айтайын деп едім, мына мықты аспанға шапшып, құлақ аспай тұр да.

– Білем, сенің не айтатыныңды. Біздің есерді өтірік мақтап есіртіп, мас қылу.

Бұлардың сөзін күле сөйлеп, әзілге жықпақ болған Бәкен:

– Тұрсын-ай, сонда да тыңдайықшы, қандай өнері бар екенін?

– Жоқ, Балым, енді болмайды. Ей, мақта, – деп Тұрсынгүлді шынтағынан түрткен Сейітбаттал – ең үлкен қасиеті осы, оятып ал енді, – деп қорылдай бастаған Абылғазыны көрсетті. Тұрсынгүл күйеуінің шынымен-ақ ұйықтап жатқанын көргенде өңі бозарып кеткендей болды. Іле орнынан жылдам көтерілген ол күйеуін жұлқылай бастады. Бірақ мастық жеңіп, мейлінше мол ұйқының құшағына қалтықсыз енген Абылғазы былқ-сылқ етіп, жансыз тұлыптай тірлік нышанын байқатпады.

– Қой, – деді орнынан тұрып бара жатып Сейітбаттал, – сен қатын байыңды бүгін көргенсің ғой деймін. Қай уақытта бұл осындай жерік ұйқысынан жылдам тұрып еді. Тоқсаның үйінде, Әудің үйінде тойған жерінде тырайып қалып еді ғой. Тартқылайсың келіп, ө дүниеге аттанып «мәңкүр – нүңкірге» есеп беріп жатқан адамды. Сейітбаттал Абылғазымен құрдас. Абылғазымен де, әйелімен де қатты ойнай беретін. Тіпті, кейде ойыны қайсы, шыны қайсы екені белгісіз еді. Содан болар, Тұрсынгүл оның сөзіне онша мән бермеген.

Терезеден қиғаштай түскен ай сәулесі үй ішін болымсыз бозаң нұрға бөлеген. Төр алдында жатқан Абылғазы мен Сейітбатталдың ірі тұлғалары ала көлеңкеде зорайып көрінеді. Көпке дейін ұйқысы келмей жатқан Мәтінің көзі ілініп кеткен екен, гүр-гүр еткен Абылғазының қорылынан оянып кетті. Сол-ақ екен, өңкиіп жатқан мезгілсіз қонақтардың біреуі қимылдап тұрып келе жатты. Артынша әлгі адам алақ-жұлақ етіп, бір басып, екі басып Бәкен тәтесі жатқан бөлменің есігіне жақындай берді. Демін ішіне тартып, дыбысын шығармаған Мәті аюша қорбандаған қара пәледен көзін алмады. Іле есік көзіне тұтқан перденің болымсыз сыбдыры мен арғы бөлмедегі еденнің сықырлағаны естілген. Бәкен тәтесі: «Қазір кет, ұятсыз, шық үйден, иттің баласы, кімді басынып жүрсің?!» – дейді, сөйтіп қуып шығады деп күткен Мәті. Бір ғажабы, оқиға бұл ойлағандай болмай, басқа бір арнаға түсіп, кіршіксіз бала жүрегін әлдекім кір қолымен аяусыз сығымдап жатқандай болды.

Ол одан арғысын естімеді. Тынысы тартылып, белгісіз тұңғыыққа батып бара жатқандай сезінген.

Таң атқан кез. Түндегі скеуі де зым-зия жоғалыпты. Балайым Сейтеннің шолақ тонын жамылып тысқа беттеген. Дәл осы кезде төргі бөлменің еденін ойып жіберердей дүңк-дүңк еткізіп жұлқына шыққан Дүйсен жеңгесінің алдына қарсы келіп тоқтады. Балайым да қайнысынын суық жүзінен қатты тіксінген. Өмірі алдына жан шықпаған ерке келіншек, тәкаппар әйел бұл жолы да сылаң қалпын бұзбай:

– Жайша ма, Дүйсеш?.. – дей бергені сол еді, жағына оңды-солды шарт-шұрт тиген алақаннан бір сәт есеңгіреп теңселіп кеткендей болды.

Бір ғажабы, Дүйсен бұдан әрі бір ауыз сөз айтпай, өз бөлмесіне еніп кеткен. Балайымға да сң ауыр тигені

қайнысының айғай-шусыз жасаған әрекеті, дәлізге шыққан соң қыстығып ұзақ жылады.

– Алла-ай, мұнша кем қылып, сорлы қылып неге жараттың? Көлдей көрік бергенше, бармақтай бақ берсең болмай ма, құдайым-ай... Осы уақытқа дейін ақ төсегіне қаншалық адал болғаным енді кім иланғандай?

Өзіңмен отасқалы сегіз жыл болыпты. Содан бері бір шикі шарана көрмедік. Бай сүйген әйелдің бала сүйеге де пейілі жоқ па? Алдын көрмеген дәрігер, бетін көрмеген бақсы қалды ма? Құдайым-ай?! – деп ол іштей қатты налыды.

Расында да, кейінгі жылдары Балайымның есі-дертін билеген өңінде көрмеген жас нәресте түсіне кіріп, тіпті кей түндері шырылдап жылаған сәби үнінен оянып, ұйқысы қашып ұзақ түндер ояу жататын. Бірде түн ортасында шырт ұйқыда жатқан Бәкен: «Алда, айнама-ай, тұншығып қалды-ау, қайтейін. Папасы-ау, сен де бір оянуды білмейсің», – деп төсектен ұшып тұрған ол, бөлменің ортасында серейіп тұрып қалған еді. Әйелінің дауысынан оянған Сейтенге бұл жай ештеңе күлкілі болып көрінгенімен, келе-келе есіне түссе, жүрегін ақырын шымшып өтетін ащы уайымға айналған-тын. Кей кезде Балайым оған еркелеп: – Сейтен, айтшы, әлі біздің басымыз жас, біздің баламыз болады ғой, иә? дейтіні бар.

– Әлбетте, – дейтін Сейтен көңілді дауыспен. Бірақ әйелінің көзіне тура қарамай қырындап кететін.

Онысы мөлдіреген тана көздерінің тым терсеңінде жатқан аналық аңсаудан туған, арпалысқан үміт отымен, мұңлы сағынышпен бетпе-бет келуден кашканы еді.

Сол бір кештен бері арада алты ай өтті. Жеңгесіне өкпелеп кеткен Дүйсеннен де хабар-ошар болмады. Ауруханадан шыққан Сейтен воснкоматқа бір-екі

мәрте барып келді. Сөйтіп, аға-жеңгесі әрі-сәрі болып жүргенде Дүйсеннен хат келді. Сондағы Балайымның қуанғаны-ай!

Қорқыныш пен қуаныш бірдей деген емес пе, хатты оқып отырып, Бәкен жылап та алған.

Дүйсен хатындағы ауыл-аймақты, ағасының денсаулығын, Мәтіні сұрай келіп: «Қадірлі Бәкен тәте, хат жазбай қойғанымды кешіріңдер. Жазған хаттарыңды түгел алдым, – дей келіп. – Бас аман болсын, басқасы түк те емес», – депті.

«Басқасы түк те емес» – осы сөзді қайта оқыған Балайымның көз алдына сол түні Абылғазының жел қакқан қара сұр өңі мен Дүйсеннің ашулы бейнесі қабаттасып келген. Дәл осы сәтте ол өзінен-өзі селк-сте түсіп, оң жақ бүйірін жайлап ұстай қойған.

– Мына тентек кайтеді-ей. Ағасының амандығын естіп қуанып жатыр-ау, ә?! – деді ол ақ жүзінде алаулаған қуаныш нұры ойнап.

1983 ж.



Екінші бөлім

ҚОСЫМШАЛАР
ОЙТӨЛҒАМДАР, ШІКІРЛЕР

ҚАЗАҚ ҰЛТЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІ

Баяғы кеңес заманында болса керек. Алматыдағы бір беделді мекемеде Қазақстан Орталық Комитетінің хатшысы бастаған үкімет адамдары қатысқан алқалы жиын – ғылыми конференция өтіп жатады. Маңызды жиынның мақсаты – қазақ тілінс арналып, оның бай тіл екенін зерделемек. Кіл мықтылар құрметті президиумға қаздай тізіліп, сыздап отырады. Сонымен беделді жиналыстың беташары айтылып, негізгі мәселе – қазақ тілі, оның керемет байлығы жөнінде баяндама жасау үшін белгілі ғалым мінбеге көтеріледі.

Әдеттегідей залда елдің зиялы қауымы, қарапайым еңбекшілер, мұғалім, дәрігер деген секілді көп жұрт көз тігіп отырады. Көптің арасында, бірінші қатарда қазақ жазушысы Ғабит Мүсірепов те болады. Алқалы жиынның аужайын тосқан Ғабен мінбеге шыққан мықтының сөзіне зейін қояды. Әні-міні дегенше, мінбеге көтерілген ғалым баяндамасының бісімілләсін екі ауыз қазақшамен қайырып: «Енді көпшілік түсінетін орыс тілінде сөйлеуге ұлықсат етіңіздер», – деп өзге тілде заулай жөнеліпті.

Мына «кереметке» шыдамаған Ғабен орнынан ыңғайсыздана қозғалып: «Сонда қалай, қазақ тілінің жағдайын орысша талдаймыз ба?» – дейді. Жүйткіп сөйлей жонелген баяндамашы тосыннан «саңқ» ете қалған сауалға маңдайын сокқандай іркіледі. Сөзін бөлген анау-мынау емес, Ғабит Мүсірепов екенін білгенде абдырап, құрметті президиум жаққа жалтақтап, солардан араша күткендей болса керек.

Бір мезет дүйім залды сілтідей тыныштық басады. Құрметті президиум жактан да баяндамашыға ара түсер ешкім байқалмаған соң әлгі кісі: «Кешіріңіз Ғабе, көпшілікке түсінетін тілде сөйлейік деген едік», – деп мәймөңкелеп алып, баяндамасын қайта жалғайды.

Әңгіме сонымен біткен сияқты еді, мәртебелі президиум да солай ойласа керек. Кенет Ғабең, Ғабит Мүсірпов орнынан ырғала түрселіп, өзінің сырбаз қалпында құрметті президиумның алдын кескестей өтіп, сыртқа шығып бара жатады. Жүрісі сол баяғыша әрі тәкаппар, әрі паң, қазақ тілін менсінбегендерді ол да көзге ілмейтін секілді, озбырлыққа өзінің ымырасыз қарсылығын көрсетіп залдан шығып жүре берген екен.

Жақында қаладағы алқалы жиынның бірінде қала көшесіндегі жарнамалардың қатесі туралы мәселе қаралды. Онысы дұрыс. Қуана қолдайсың. Бірақ отырысының күн тәртібін қазақша жазып беруді қаперлеріне ілмейтін мырзалардың қылығы жоғарыдағы жиналыстан айырмасы жоқ еді. Тек оны тастап шығып кетуге біздің шамамыз келмеді, біз Мүсірепов емеспіз ғой.

«Сөзі жоғалған елдің өзі де жоғалады» деген екен Ахмет Байтұрсынов. 70 жылдық солақай саясаттың салдарынан жоғалып кетуге шак қалған қасиетті қазақ тілі тәуелсіздік алған жылдар ішінде қайта жанданып, мемлекеттік мәртебе алып, мерейі арға түсті.

Тәуелсіздік алған жылдар ішінде туған тіліміздің ссіктегі басын төрге сүйреуге жанталаса жүргізілген жұмыс бір сәт те толастаған жоқ, алайда, тілге жасалған қиянаттың ауыр зардабы әлі де еңсерілмеуде.

Айтары жоқ. 90 жылдармен салыстырғанда тіліміздің тынысы ашылды. Ұлттық мектептер мен ұлттық балабақшалардың саны артты. Қазақ тілді

басылымдар да өсті. Соған қарамастан, әлі де болса тілдік ортаны қалыптастыра алмай келеміз. Әрине, қол жеткенге масаттануға болмайды. Егер қазақ тілді орта қалыптаспаса, мемлекеттік тілге деген сұраныс пен қажеттілік болмаса істеген істің бәрі зия.

Бүгінгі күні қоғамдық орындарда, жиналыстарда мемлекеттік тілде сөйлеуіміз қандай дәрежеде? Біз осы жөнінде ойланамыз ба? «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін» деген Елбасының қанатты сөзі әлі де болса көптеген шенді-шекпенділердің қаперіне кірмеуде.

Қазақстан дамыған елдердің қатарына қосылуды көздеген, экономикасы өрлеп озған, қалыптасқан мемлекет. Сонда қазақ елі дамыған елдердің қатарына қай тілмен барып қосылады? Сол қосқа қазақ тілі ілесе ала ма? Дәлірек айтқанда, ілестіруге құлқымыз бар ма?

Осындай сұрақтар бізді мазалайды. Себебі, ауыл арасында қазақша сөйлеуден қашқақтайтын билік басындағылар сыртқа шыққанда қай тілде сөйлейтіні белгілі. Тек қазақша емес.

Біз осы ұлт деген не, тіл деген не, бір-біріне қатысы қандай, соны екшеп көрейікші. Кешегі кеңес заманында бізге «тіл деген қатынас құралы» деп оқытты. Бұл қаншалықты дұрыс? Адам мен адам сөзбен де, ыммен де қатынасады. Тілді тек қатынас құралы деп түсінсек, онда біз тілдің рөлін, мағынасын, мәнін, салмағын түсінбеген болар едік. Қандай да бір ұлттың тілі сол ұлттың ажырамас ұлттық белгісі. Егер адам өз ұлтының тілін білмесе оның антропологиялық нышаны ештеңе білдірмейді.

Кез келген ұлттың тілі, діні, ділі, дәстүр-салты, әдет-ғұрпы, мәдениеті, өнері, тарихы, мінезі, тағы басқа құндылықтарының бәрі-бәрі ұлттың тілімен қалыптасады. Демек тілді қатынас құралы деп келте пайымдау теріске бастайтын қадам. Бұдан шығатын

көрінісін, ұлт деген сөз – ұлттың тілі деген ұғымды береді. Бұған біраулар дау айтуы да мүмкін. Бірақ бұл көнсең де, көнбесең де шындық. Қазақ ұлты деген – қазақ тілі деген сөз.

Демек адам қай тілде сөйлей білсе сол ұлттың немесе сол диаспораның өкілі. Әңгіме өзінің ана тілін білмей басқа тілге бауыр басқандар туралы болып отыр. Сондықтан мен отандастарыма ана тіліңді біл, ана тіліңде сөйле, ұлтыңнан ажырама дегім келеді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақтың болашағы – қазақ тілінде» деген болатын. Неге? Неге жер емес, неге мұнай, неге көмір емес. Не себепті «қазақтың болашағы – қазақ тілінде». Себебі сол, қазақ тілі қазақ ұлтының ұлттық болмысының алтын арқауы. Сол алтын арқау үзілсе қазақ ұлт болудан қалады деген сөз. Сондықтан да ХХІ ғасыр қазақ тілі үшін сындарлы ғасыр. Біздің ұлттық болмысымызды, ұлттық бет-бейнемізді сақтап қалуымыз, әуелі бәрімізге қатысты, қоғамға қатысты, билікке қатысты, сіз бен бізге қатысты. Бұл мәселе бәрімізден асқан жауапкершілікті, адамгершілікті, имандылықты қажет етеді. Сондықтан да туган тіліміздің намысын жыртуға, намыссыз ұрпағыңның рухын жануға шақырамын. Біз қазір отаншылдық пен патриоттық туралы көп айтамыз. Өзінің туган тілін білмей тұрып, осы елдің патриотымын деу бекершілік. Жаныңмен, тәніңмен, арыңмен қазақшыл, халықшыл бол, сонда ғана Отан – ананың перзентісің. Тағы да қайталайық, қазақ ұлты деген – қазақ тілі деген сөз, мұны қаперіңнен шығарма.

Айгүл КЕМЕЛБАЕВА,
жазушы, «Дарын» мемлекеттік жастар
сыйлығының лауреаты

ЖЫЛҚЫНЫҢ КИЕСІ
Жанболат Башардың «Қос боз аңызы»
атты әңгімесі туралы

Қазақ аттан түскелі қай заман. Заман жаңғырған сайын үдей түскен урбандалу үрдісі қазақты мүлдем қаражаяу қалдыруға бақұл. Қазақтың тақымынан жылқы жануар кеткелі ұлттық мінезі азып, жаман жағына өзгеріп, қитырқы, жемқорлыққа ойысып, ұсақталып барады. Айтулы ерлердің есімі жер жарған алтын заманы қайран жылқы жануарына тіке тәуелді болмағына енді еш күмән қалмағандай.

Бірақ қазақтың жылқының өрісіне бола жаралғандай сезілетін есілген ксн даласы барда жылқыны казак жоғалтпайды, жылқы атымен жоғалмайды, тек жарлы мен қала қазағының көзінен бұлбұл ұшып кеткені болмаса. Қазақтықты тудырған таңғажайып өмір салтын халқымыз этнографиялық өткен тарихы кейпінде қалдырмай, іс жүзінде қайнаған тіршілігінің тұтқасы қылып алса, онда жылқы жарықтық қайта түлейді!

Қаны, жаны қазақ жазушы скенін Жанболат Башар бір ғана әңгімесімен танытты!

«Бейқам тұрған екі ат селт ете түсіп, бір сәт ұйқыдан шошынғандай ұзын мойындарын бұра жалт-жалт қарасты. Өзіне тесіле қараған бейкүнә көздер құдды адамның жанарындай-а...».

Адам мен жылқы, жылқы мен мен адам бірін-бірі ешқашан жоғалтпауы тиіс. Жылқыны адамдай көруін автор бұл әңгіменің түп-төркіні мен болмысында жарқырата ашып бергенімен артық.

«Қос боз аңызы» – тілі көркем, шынайы, тамаша әңгіме. Көлемі шағын әңгімеге сыйғызып, автордың тұтас бір халықтың жанын, аласапыран сұм заман бейнесін, қазақ дәстүріндегі обал, кие деген халықтық ұлы ұғымды, қазақтық тектілікті шебер бергеніне риза боласың.

«Шәушік Ақтан байдың егіз құлынын көрді ғой. Кереге жал боз биснің екі жағынан таласа сміп жатқан меңсіз ақбоз құлындарға қатты қызыққаны бар.

Керемет-ай десейші, жылқы баласы егіз туады дегенді кім естіген? Кейін білді. Екі құлынның үйір басы бір, енелері басқа екен. Біреуінің енесі қолды болып, жетім құлынды мама биеге теліген».

Автор бұл деректі бергенде әуелі үлкен малдың егіз төлі болуы аса сирек екенін біліп айтады. Әрі қазақтың ұлттық дүниетанымында бұл жаман ырым. Сиыр екі бұзау туса, біреуін біреуге беріп құтылған немесе туа сала бауыздап жіберетін болған. Өйткені елге үлкен кесапат келе жатыр, егіз бұзау соның белгісі деп ұққан.

Ал мына әңгімеде қос боз әуелде енесі бөлек, бірі жетім құлындар екені шынайы суреттелінеді.

«Аңызға айналған екі боз соқа сүйреп жүр», – деп көз сұғын қадайды аларман. Ол «Қимылы, жүріс-тұрысы маңғаз, елдің айтысына қарағанда осы аудандағы ләшкендік милицияның орынбасары дейді. Болса болар, талтандауы келісіп тұр, – деп ойлады бұл».

Көргеннен көз ақы алды деген анық сөз қазақта бар. Қызыл көз болып шығады, бұл сұқтану, қызғаныш тудырған соң солай болмағанда қайтеді. Қос боздың

бірін-өкімет адамы болып есептелетін әлгі озбыр Мыңбай арнайы қалап келіп, қолқа салып тұр, мұнысы және ердің артық қасын сұрағаннан бестер болып шығады.

Мұнын түбі қос боз, асыл текті арғымақтардың ажалына бастайды.

Өңгіменің лейтмотиві осы – аспани сұлулық еркін жаралады, тектілікті бұғалықтау – оны өлтірумен тең. Құдай берген сұлулықтың күші жойқын, аяр көңіліне бір алаң кіріп, сол сұлулыққа өлердей сұқтанған адам түбі сол сұғанактығы әрі асыл тектіге қиянаты үшін сазайын қоса тартуға үкім етілмек.

Қос боздың қасына тірі тышқан жолай алмайды. Оларды колхозшы атанғанмен ер қазақтың нәсілі Шәушік темірқазыққа байланған Ақбозат пен Көкбозатты торуылдаған жеті қарақшы тәрізді ұзақ қарауылдайды. Бұл да қазақтың сүйегіне сіңген табиғи мінез.

«Сөйтіп аптаға жуық шілденің ыстығына шыжып, тұзақ аңдыды. Құдай сәтін салып бір күні үлкен боздың алдыңғы аяғы қыл шашадан тұзаққа іліксін. Ақбоз ат та адамның бұзақы ойын сезгендей, аспанға шапшып, атки жөнелген. Бірақ қыл шашаны қысқан қыл арқаннан енді құтылу жоқ еді. Сонда оның үрейлене шұркырап кісінегені, үрке қашып біраз жерге ұзап кеткен кіші боздың арқырап кісінеп қайта оралғаны, осы қазірге дейін көз алдынан кетпейді. Өмірі кісі қолы тимей тағы болып кеткен аттар сол жолы шаппай-желімей ақ көбік терге түскен еді».

Шәушік қос жылқыны зорға олжалайды. Бірақ сонысына ол талай өкінеді. Жанболат Башар жылқы баласын адамнан кем көрмей суреттейді. Үлкен боз бен кіші бозды жазушы ағайынды қос жігіттей көретіні ғажап. Жылқының қасиеті бұл реалды және символдық әңгімеде қазақтық болмыспен астасады.

Бір ауданның милициясы күшпен әкеткендей сезілген ақ боздың сыңары жетім қалып жаутандайды. Шәушіктен маза мен ұйқы қашты.

«Түн қобесі сөгіліп аспан төсіне бозамық нұр жүгірген. Байлаудағы боз шиыршық атып тұр. Жер тарпып Алайғыр сілеміне оскыра қарайды. Кенет, әлдеқайда тым алыстан, жылқынын кісінеген дауысы құлаққа талып үзіліп, талып үзіліп жетті».

Арқа төсін танытатын небір детальдар әңгімеде тұнып тұр. Табиғат, Арканың жер бедері, адамның жан дүниесі – бәрі табиғатпен астаса беріледі. Суреттеушілік жағы қамшы салдырмайды.

Шәушік образы терең бейнеленген. Ол айтулы ер. Қаны мен ділі қазақ. Тегі прототипі бар текті адам екені айқын.

«Аттың тамағынан, алқымынан сипай қасып тұрып, кекілінің түбіне тұмар байлады. Осындай үшкіл тұмар үлкен боздың да кекіліне байланды».

Екі жағы дарианын қалын шұбар,

Көкмойынға үкілеп тақтым тұмар.

Бір түстеніп аттанған ауылымның

Қыздары болушы еді маған құмар.

Иманжүсіп атына тұмар таққанын жырлайды. Тұмар тағу жылқы баласына сүйіспеншіліктің белгісі.

Мыңбай милиция – саяси қуғын-сүргін алдындағы өз бауырларын шімірікпей өлімге қиған безбүйрек есірік қазақтың типтік бейнесінен аумайды. Ол алаш арыстарын түрмеге айдатып, сол жерден атылып кетуіне түрткі болған надан күншілдердің бейнесі.

Ол қолға оңай түспейтінін біліп, бейіт маңында атып өлтіргені кіші ақ боз, қайран жануар адамнан аумайды, жылқы баласын НКВД жендеттері Мағжан мен Ілиясты атып өлтіргендей қылып, Мыңбай сұм қалпында дәл көздеп атып өлтірді.

Қос боз символдық бейне. Кіші боздың ажалын Жанболат Башар Ақан серінің Құлагерін жоқтағандай кылып суреттеуі қисынымен, көркемдік тұрғыдан өте нанымды шыққан.

«Үздік-создық кісінеген үлкен боздың ашы даусымен мұқым Қарашоқының құз жотасы, оның азудай ырсиған жақпар тастары жаңғырығып, қоса күніренгендей еді».

Светқали Нұржанов жылқыны Совет үкіметі қасақана құртқаны туралы поэма жазды.

Мағжан мен Ілияс Ақан серінің ұшқан құс жетпеген Құлагеріне соншалық жаны шырқырай елтіп, тегін құлап түспеген ғой. Қазақтыққа сүйіспеншілік меңдегендіктен алаштың қос ақыны Құлагер образына жаны елжірей ғашық болған.

Мен Ілиястың аңызға айналған «Құлагер» поэмасы туралы екі эссе жаздым. Ол шығармашылық туралы шығармашылық ретінде сәтімен көркем, пәлсапалық дүниелер болып шықты.

Өзі зорлын болады ығы да зор.

Бұл Абайдың бір жол өлені, мұнда жуандық пен озбырлық туралы айтылған. Бірақ оны басқа мағынада да қолдануға болар еді, классик акындардың творчествосын зерделеу қарабайырлық емес, көркемдік әлемін байытары айқын.

Жанболат Башардың ұлықсыған кейіпкерін боз жылқының киесі қара жылан кейпінде келіп, кіші бозды атып өлтіргенде шақпай кеткені оң болып шыққан. Ажал Мыңбай милицияға солай елес берді, әділ жаза ар-ұятын солай жыланша шақты.

Жылан оны шағып бірден өлтіргенде әңгіме оншалық әсерлі болмас та еді. Әңгіменің мистикалық элементі өте нанымды. Образдар шынайы.

Біздің көп журналистер прозаға оңмендей ұмтылғанда, көркем әдебиет тілін публицистиканың батпағына батырып жіберетіні бар. Әдеби соны тілді лайлау, жұпыны қылу, көркемдікті шұбарлау, прозаны құлазыту содан басталады.

Публицистика – мықты жанр, бірақ әдебиет пен оның шегі екі түрлі, өзара будандастыру, шатастырудың еш қажеті жоқ.

P.S. Әңгімеден таңғажайып шынайы эсер алдым, көзбен көргендей күй кештім.

Жылқы ұрлығы қазіргі қазақ тұрмысында бой бермей өршіп тұрғаны туралы осыдан бірнеше жыл бұрын «Қазақ әдебиеті» газетінде ерекше тебіреніс пен дерекке толы мәліметтермен жазылды. Авторы – Сарыарқа тосінде тұратын жазушы Өмір Кәріптегі. Қазіргі сыбайлас жемқорлық өршіп, тыя алмай отырған Қазақстан жағдайында қазаққа жылқы өсіру бір қияметке айналған әрі автор жылқыны үйірлеп ұрлайтын мықты топтар полицияны елең қылмайтынын, сатып алатынын жазған.

Ал Алтай жакта ұры топ қайран жылқы жануарын жабайы аң тәрізді шетінен атып алатынын ТВ хабарлап жатқанын естіп, ақырзаман шын тонгенін ұтамыз. Киені де, иені де керек қылатын сана қазақта қалмай бара жатқаны ма? Баяғы барымташы бабаларымыз дәл осындай сорақылыққа бармады, рас қой?!

Мұның түбі әсте қайыр емес. Бірақ оны ұғатын қазақы зердеміз батыстың мәдени экспансиясымен, тобырлық сананың меңдеуімен әбден ластанып бара жатыр. іштегі кірді қашырмай, қазақтығымызды қайта қалпына келтірмей, тұма бастаулардан қанып ішуге талпынбай, бұл кері кету қауіпті.

Бірақ көп асқанға бір тосқан болары айқын, жылқы

ұрлығы да, жылқыны етке тонналап өткізіп, беталбаты құртын, қор қылу да тыйылатын заман туады әлі. Заңды құрметтейтін, заң күшінде болатын елге түбі айналамыз. Үмітсіз шайтан.

Қазақ жылқыны сеңсең бөрік түркмендей ұлықтауы керек. Олар ақалтекесін соймайтын, соғымға қинамайтын көрінеді. Қазақ түркменнен тым құрыса осыны үйренуі керек сияктанады. Халықтығын жоғалтқысы келмесе жылқыны қынадай қырып, ұдайы рәсуа қылмай, көбінесе қымызын ішуі керек. Жылқыларды шамадан тыс құртын, ақшаға айналдыру жолында ашкөз дүниесіз озырлықтан зардап шегуі біздің елдік тағдырымызға тікесі бар екенін ұғу керек. Мүмкін, қазақ көк бөрімен, жылқымен, аққумен тотем екені өз алдына, кіндігі бір халық шығар.

1.03. – 4.06.2013.



Гүлмара ҚЫЗЫЛБАЕВА

ОҚЫРМАНЫН ОЙЛАНДЫРАТЫН ТУЫНДЫ
Жанболат Башардың «Пешене» атты
кітабы туралы

Мен Жанболат Башардың қалам тартуын қадағалап жүретін оқырманның бірімін. Бұрнағы шығармаларына да ауызша, жазбаша пікір білдірген кездерім болған. «Көкше көлдің самалы» деген туындысын талдағанда: ақын жылт еткен жақсылық көрсе де, көңілі құлазыған сәттерінде де, қысқасы, өзінің бүкіл жан құпиясын сырласы, мұңдасы өлеңге ғана жайып салады», – деппін.

Содан бері талай жылдар өтті. Қаншама құбыластардың, өзгерістердің куәсі болдық. Қаламгердің әңгіме жанрындағы туындыларын түрлі басылымдардан оқып та жүрмін. Өмір тәжірибесі молая түскен, көңіл көзі, көрсендігі жетілген, ойшылдың өлкесіне ойысқан. Мұны қалам қайраты дәлелдейді.

Міне, оқырман назарына ұсынған «Пешене» атты жинағына, әңгіме хикаяттар, эсселері енген. Әзіл-әжуа, сын-сықаққа орын берген шығарманы оқи отырып, оқырман түрлі сезімге бөленді.

Жадында ұзақ жылдар қалыптасқан жайлар, білгенін, көргенін жазу, ой елегінен өткізіп, көпшілікке ұсыну – өзі туған өлкенің төл перзентіне аманат емес пе? Жазушының жаңа туындысында да сан-салалы тұрмыстың әр қырын өмірдің тіршілік түйткілдерін кең қамтыған. Жазушы қиялын қозғаған

өзінің я өзгенің басынан откен хикаяттар, кітаптың беташары «Пешене» әңгімесін оқи отырып, сан қилы сапырылысқан оқиғалардың ортасында жүргендей боласың.

Шайпау әйел мен шалдуар ұлдың кесірінен сабырлы да саликалы әке – Спанның басынан кешкен ауыр да аянышты тағдыры, оның махаббат хикаялары ешкімді бейжай қалдыра алмайды. Бейбастак бала мен ақылы қысқа әйелдің мінездерінен қажыған Спан Бибінұрын есіне алады «...Неге ғана жазықсыз жабылған жалаға сенді. Қандай мөлдір іңкәр сезім еді. Енді сол бір нұрлы күндерден қалған елес қана!.. Ғашықтар өмірге келеді, кетеді. Олардың соңында аңырап аңыздар қалады. Себебі, пешенелегі жазу солай», деп тәмамдайды.

«Өмір иірімінде» суреткерлік қиял баурап әкетеді. Көптің көксейіндегі түйткілді ортаға тастайды.

«...Темірлан бала-шағама күнкоріс болсын деп, үлкен қалаға қатынайтын күрежолдың бойына асхана салды. Қоларбамен сабан тасыды, балшық айдады...»

Алла оңғарып бейнеті ақтала бастады. Адал еңбектің жаманы жоқ деген осы болады... Бірақ. Бірақ бәрі ойлағандай бола ма? Темірлан үшін ең азапты күн енді басталды. Бейтаныс адамдар күшпен, зорлықпен оның заңды күн көріп отырған жерін тартып алды. Зорлық. Темірлан іске жарайтын заттарын тиіп алып екі-үш жыл ермек қылған кәсіпкерлікті тастап, қаладағы үйіне қайтып кетті.

Мұндай оқиға, әрине, жаңалық емес, екі күннің бірінде көріп те естіп жүрген жағдай.

Көзіміз үйренгені сондай, тіпті көңіл де бөлмейміз. Ал жазушы ой тастайды. Өмірдегі әділетсіздік, тоғышарлықтың тереңіне бойлай білген. Өмірдің өзінен алынған жыр десе де болғандай.

Біз ел боламыз десек, ақиқатын айтуымыз керек, адам жанын тазарту арқылы өз ойын айта алатын ұрпақ тәрбиелсейміз. «Бұлақ басынан тұнады», «Кепиет» әңгімелерінде ашы шындықты айта отырып, көтерілген мәселеде ұлт тағдыры жатқанын меңзейді. «...Үкіметтегі үлкен қызметтен кетіп, кәсіптің тізгінін ұстағалы Мергенбайдың асығы алшысынан түсіп, алам дегенін алып, шалам дегенін шалып, өмірдің алааманына ат қосып келеді».

Көп асқанға бір тосқан деген. «...Теңіздің теріскейі мен түскейін жайладым. Енді жер жәннәті Жетісудың осы бір қасиетті жерін меншікке аламын. Бұл жердің кожасы жылан дегендерге, «Ол қожалық етпей-ақ, өзінің амандығын ойлап алсын», – деп кскірейді. Ақыры оның ажалы сол жыланнан болды. Мергенбайдың байлығы саусағы бірікпейтін қолға құйған су секілді. Өзі өлген күні ту-талапай болды. Себебі бәрі өзінікі емес. Біреуден алдап, біреуден кармап, біреуден зорлап алған. Маңдай тердің иісі жоқ. Көнбегенді көндіріп, сынбағанды сындырған Досан мен Оқан да өзгесінің көз жасын арқалап кете барды.

Иә, біреудің көз жасынан жиган дүние – не жылан, не шаян, не у. Біреуге опа бермеген дүние, сшкімге опа бермейді деген ойға жетелейді.

«Күтумен өткен ғұмыр» әңгімесін де тебіренбей оқу мүмкін емес. Сақып ана құдай қосқан қосағы Әділінің маңдайынан жазған хаттарын тұмардай кастерлеп, қырық жыл бойы түнде түсінен, күндіз есінен шығармай күтумен өмір кешті. Сарғая күткен Әділі аман-есен оралып, үйленген болып шықты. Осы сәттегі Сақып ананың мінезіндегі психологиялық өзгерістер тағдыр-талайы, мұң-мүддесі, жан сезімі шебер суреттелген. Қазақ әйелдерінің қажыр-қайратына қайран қаласың. Әділ ақсақал дүние

салғанда текті ананың тәрбиесін алған ұлы Есенәлі өзі арнайы барып, әкесін ақтық сапарға арулап шығарып салады.

Жалпы, осы жинақтағы аналар образы «Ақәже», «Өгей ұл» өте сәтті шыққан, өмірлері өнеге боларлықтай. Дейтұрғанмен, өз басым олардың қилы-қилы тағдырларын қинала оқыдым.

«Кек пен шер» хикаятынан бабаларымыз айтқандай, өмірдің шолақ екенін, адамның бұл дүниеге қонақ екенін ескерте отырып, «ей, адамдар, жауыздық жақсылыққа апармайды, ар-ождан, иман туралы ойла-ныңдар» деп тұрғандай. Демде оқылатын туындының бірі – «Сахара түні», жөні келгенде жолын тауып иіле білетін қазағымның мәрттігі-ай дегің келеді.

«Зауал» өмір бақи ұрлық, барымтамен күн кешкен Қожанның өзі ұсталып, үйін өрт шалады. Кісі ақысының киесі бар деген осы. «Апандағы айқас» әңгімесін де демінді ішіңе тартып окисын.

Дала бөрісі айлалы, қайсар да төзімді. Бірақ арлан қанша айлалы болса да, адам оның осал тұсын тауып, жыртқышпен ашық айқасқа шығады. Әрине, сыпыра баяндау оқырманның жанын жылыта алмайды. Құнды сөз құнарлы ойдан туады. Әңгімені оқи отырып қасқырды қасқырдай жігіт алатынына сенесін. Арпалыс кезіндегі кейіпкердің көңіл күйінің сырын ашатын табиғат суреттері қандай. «Осы жасына дейін алып күннің алқызыл сәулеге малынған осыншалық сұлу көркін көрген емес. Дала төсінен қоңыр лен келеді. Күн ару ұясына қонақтаған. Ол қасқырдың өлі денесіне жиіркене қарады. Осы бір қоңырқай шақта Сейітмұрат бүтін бір өмірді басынан өткергендей болды. Ал қоңыр адырдың батыс сілеміндегі сол алқапты жергілікті ел «Қандыауыз апан» атап кеткен екен.

Осы орайда тағы бір айтпағым, қайдан келесін, «Социализмнен» келемін, өзің қайда барасың «Ком-

мунизмге» бара жатырмын деп, «Октябрь», «Партсъезд» атауларымен тәрбиеленген біздерге ауыл төңірегіндегі тұнып тұрған – Сарыдөң, Аркарлы, Теректі, Найзатас, Баламерген, Кызылқайнар. Кенелі сияқты тарихи жер атаулары да жанына жайлау болып, жағымды әсер қалдырады.

Мырс еткізбей қоймайтын әзіл әңгімелерін («Қилыбайдың қылығы», «Қыдыңның қызықтары», «Өмірде не болмайды?») оқи отырып, оның сағым қуған сары даланың сырын білетін, аңыз-әңгімелерінен нәр алып, әзіл-қалжыңымен ержетіп тағылым алғанына тағы бір куә боласын.

«Бірлігі күшті ел озар», «Кісі есігінде сұлтан болғанша...», «Аталы сөз» – елдің ұйысуына ұйытқы болған зерделі әңгімелер. Егемен еліміз, түсінген жанға шексіз бақыт деп түйіндейді. Өлі риза болмай, тірі байымайды, бабалар рухын асқақтату – ұрпақ парызы. Ақиық ақын Шашубайдың тұлғасы рухани тұрғыдан қайта тірілуіне, өмірі, шығармашылығы туралы тың деректер тауып, халқымен қауыштырудағы жиған-тергені өз алдына үлкен әңгіме.

Оқырмандарын ойға бастап, санасына сәуле түсірерлік бұл туынды көптің көзайымына айналары сөзсіз.



МАЗМҰНЫ

I бөлім

Көз жасы.....	3
Өмірзая	29
Ақпан қария	39
Сұмырай.....	48
Кениет.....	59
Шөлмек сынған күн	66
Домбас	85
Түс.....	88
Жұртта қалған қазына.....	90
Қасиет	92
Қасқырлар	102
Әл Мұкри, алты қыз және Маша апай	136
Тас мүсін	156
Алмағайып	160
Балайым.....	165

II бөлім

Қосымшалар, мақалалар, ікірлер

Қазақ ұлты – қазақ тілі деген ұғым.....	177
А.КЕМЕЛБАЕВА. Жылқының киесі. Жанболат Башардың «Қос боз аңызы» атты әңгімесі туралы.....	181
Г. ҚЫЗЫЛБАЕВА. Оқырманын ойландыратын туынды.....	188

Жанболат Башар

КЕПИЕТ

Әңгімелер жинағы

Техникалық редакторы Ж.Бәделұлы

Беттеуші Г.Трусбаева

Дизайнер М.Токжұманов

Редактор Қ.Тәжікүл

Басуға 10.11.2014 ж. қол қойылды. Қағазы офсеттік.

Пішімі 70х90 $\frac{1}{16}$ Таралымы 500 дана.

Шартты баспа табағы 14.0. Тапсырыс №017.



Профи Медиа. Қазақстан Республикасы, 010000,
Астана қаласы, Ш.Айманов көшесі, 24-үй, 2-қабат.
Байланыс телефондары: 8(7172)57-30-78, факс: 20-54-04.
веб-сайт: www.profinmedia.kz



Жанболат БАШАР – жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

1949 жылы Ақтоғай ауданында туған. Белгілі қаламгер, қалалық «Балқаш өңірі» газетінің редакторы. Оның қаламынан: «Үкілі үміт» (1999 ж.), «Далам менің – киём менің» (2001 ж.), «Көкше көлдің самалы» (2004 ж.), «Самғау» (2006 ж.), «Үркер туғанда» (2009 ж.), «Шандоз» (2011 ж.) «Пешене» (2012 ж.) атты шығармалар жинағы жарық көрген.